Қазіргі уақытта С.Н. Смирнов және Т.Ю. Сидорина атап өткендей: «Мемлекет пен басқа да әлеуметтік салалар арасындағы ынтымақтастыққа қол жеткізудің негізі – ымыраласу болып табылады, яғни әлеуметтік келісімшартқа барлық қатысушылардың өздерінің негізгі бөлігіне, сонымен қатар қоғамдық игіліктерге ұтымды қол жеткізу үшін өз мүдделерін ұсыну қабілеті. Бұл ұғым экономикалық өсуді, барлық азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды, әлеуметтік әділеттілікті, әлеуметтік қатысуды, қолайлы моральдық атмосфераны, мәдени және рухани дамуды, демократиялық және гуманистік құндылықтарды қолдауды, құқықтар мен бостандықтарды дамытуды қамтиды. Мемлекет өзінің барлық билігін ұсынады, өйткені қоғам құру үшін саналы түрде жауапкершілікті өзіне алады және бұл жауапкершіліктің ауыртпалығын жұмыс берушілер мен қоғамдық ұйымдармен бөліскісі келеді [15, с. 115].

Мәселен, АҚШ-та қоғамдық ұйымдар консенсустық демократия жобасына біріктірілген. Оларды бизнес-құрылымдар мен үкіметтік ұйымдардан айырмашылығын атап көрсете отырып, пайдасыз (коммерциялық емес) ұйымдарға жатқызады. Пайда түсірмейтін ұйымдар «Үкімет пен азаматтар ара-

сында буфер ретінде әрекет етуге қатыса отырып, мемлекет саясатына әсер етуге, көпшілік алдындағы саясатты қалыптастыруға қатысады» [16, с. 11].

Аталған мемлекетте полицияға қоғамдық бақылау кең таралған. 1993 жылы Лос-Анджелес округінің шериф бөлімінің жанында тұрақты штатпен арнайы кеңес құрылды. А.Н. Пархоменконың айтуынша, бұл «Құрама Штатында бар полицияны қадағалау бағдарламаларының екі түрінің бірі-азаматтық қадағалаудың «аудиторлық үлгісінің» тууын атап өтті (басқа үлгі әдетте нақты шағымдармен айналысатын және толық емес жұмыспен қамту негізінде жұмыс істейтін азаматтардың ерікті комитетінің жұмысын болжайды). Арнайы кеңеске шериф департаментінің әртүрлі аспектідегі қызметіне мониторинг және аудит жүргізу үшін барлық өкілеттіктерге бөлінген сарапшылар тобы кіреді. Арнайы кеңес бірнеше ондаған жартыжылдық көпшілік баяндамаларды шығарды. Онда күш қолдану, департаментке қарсы талап қою, кадрлық мәселелер, аудандық бөлімшелерді басқару және басқа да көптеген мәселелер қарастырылатын полицияның есеп беруіне байланысты аса өзекті мәселелер қарастырылды [3, с. 622-625].

2016 жылдан бастап Қазақстанда қоғамдық кеңестер, соның ішінде ішкі істер министрлігі жанындағы кеңестер жұмыс істейді. Алайда, жұртшылық әлі де болса органның іс-әрекетіне ықпал етуге мүмкіндік алды деп айту ерте. Қазіргі уақытта билік пен жұртшылық арасындағы ынтымақтастықты орнатудың бастапқы кезеңі туралы ғана айтуға болады.

Мәселен, АҚШ-тағы полиция қызметін қоғамдық бақылаудың ерекшелігі – осындай қоғамдық кеңестердің өңірлік деңгейде әрекет етуі болып табылады. Қазақстан Республикасында керісінше, полиция қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі жабық тәртіптік комиссиялар аясында қаралады, бұл жұртшылықтың үміттеріне сәйкес келмейді. Бұл субординация аясында тек ведомстволық есептіліктің болуын куәландырады. Әрине, бірқатар себептер бойынша бұны АҚШ-пен ұқсату аса күрделі. Біріншіден, АҚШ полициясы орталықсыздандырылған және тікелей губернаторға немесе мэрге бағынады, ал екіншіден, бұл елде полицияға қатысты шағымдарды қарау бойынша арнайы уәкілетті азаматтық институттар жұмыс істейді. Алайда, осындай тәжірибенің белгілі бір аспектілерін біздің елде енгізу мүмкін деп ойлаймыз.

Полиция органы халықтың мұқтаждықтарына ден қоюға, жалпыға бірдей қол жетімді болуға және азаматтарға көмек көрсетуге қабілетті болуы тиіс. Әрекет ету қабілеті полициядан тек мемлекет пен үкіметке ғана емес, сонымен қатар халықтың қажеттілігіне жауап ретінде іс-қимыл жасауды талап етеді [17].

Мұндай жағдайда тәртіптік жауапкершілік мәселелерін жұртшылықтың қатысуымен қарау орынды деп санаймыз. Мысалы, осыған ұқсас тәртіптік комиссияның қарауына полицейлердің азаматтармен дөрекі сөйлесуі, дөрекі қарым-қатынас жасауы, азаматтардың өтініштері бойынша тиісті шаралар қолданбауы, күш қолдануы және тұрғындардың шағымдары негізінде осыған ұқсас басқа да мәселелер шығарылуы мүмкін. Мұндай жағдайда тәртіптік комиссияның құрамына полиция басшылығының өкілінен басқа адвокаттар алқасы, заңгерлер қауымдастығы және адам құқықтары жөніндегі бюро сияқты азаматтық қоғам институттарының өкілдері де кіре алады. Мұндай тәжірибе корпоративтік ынтымақтастық фактілерін болдырмауға, «соңғы, ақырғы» жазамен шектелмей, жанжалға қатысушылардың барлығын анықтауға мүмкіндік беретін еді.

Басқа мысал келтірейік. Қаланың ірі көше қиылыстарының бірінде жол жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде орталық көше жабылды. Бәлкім, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бағдаршам көше қиылысында сөндіріліп және қозғалыс тек үш бағытта жүзеге асырылған шығар. Мұндай жағдайда полиция реттеушілерінің жол қиылысында таңертеңнен кешке дейін жұмыс атқаруларына тура келеді. Бірақ, жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде полицейлер Елордадан қалаға жоғары лауазымды шенеуніктер келген кезде осы жол қиылысындағы қозғалысты реттеуге өз уақытының 15 пайызын жұмсады. Қалған уақытта қозғалысты ешкім бақылауға алмады, бұл жол апатының болуына ықпал етті. Сонымен қатар көліктегі полиция қызметкерлері жол қиылысынан 100-200 метр қашықтықта тұрып, әртүрлі жол-көлік оқиғаларын анықтады.

Осыған байланысты сұрақтар туындайды. Патрульдік полицияның бірінші кезектегі міндеті – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе азаматтарға қатысты жазалау қызметін жүзеге асыру болып табылады ма? Мұндай жағдайлар полиция имиджін арттыруға ықпал ете ме?

Полиция халықпен жұмыс істеудің сервистік үлгісіне көшкен жағдайда мұндай жағдайларды қолайсыз деп санаймыз. Өз кезегінде, жұртшылықтың полицияға ықпал етуі үшін нақты қозғағыш күші

болуы тиіс, ал жоғарыда айтылған жағдайлар тараптар арасында талқылануы тиіс. Тиісінше, халықтың полиция жұмысына қатысты шағымдары мен ұсыныстарын қараудың тиімді механизмі әзірленуі тиіс. Бұл механизм қоғамның тәртіптік комиссияға қатысуы арқылы іске асырылуы мүмкін.

Алайда барлық мәселелер жоғарыда көрсетілген комиссияның отырысына шығарылуы мүмкін емес (мысалы, қызметтік-әскери тәртіпті бұзу, құпиялылық режимін бұзу және т.б. мәселелер). Сондықтан қоғамдық, сонымен қатар ведомствоішілік комиссияның қарауына шығарылуы мүмкін мәселелердің тізбесін айқындау орынды (оларды қарау тәртібін заң жүзінде бекіту).

Аталған тәртіптік комиссиялар өз қызметін тек құқық қорғау ведомстволарының ішінде ғана емес, сонымен қатар экономикалық тергеу қызметі барысында да жүзеге асыра алады. Осыған ұқсас комиссияның қызметі басқа да мемлекеттік органдарда ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік сәулет бақылауы басқармасы жанындағы тәртіптік комиссияның құрамына дизайнерлер (әрлеушілер) одағы, сәулетшілер одағы және кәсіпкерлер қауымдастығы сияқты қоғамдық ұйымдардың төрағалары кіре алады. Мұндай комиссиялардың қызметі туралы ақпарат әрбір мемлекеттік органдарда ілінуі тиіс. Егер азаматтардың шағымдары негізінде комиссия отырысында шенеуніктің заңды өрескел бұзуы қаралатын болса, онда комиссия – прокуратураға, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне тиісті ұсыным жіберуі тиіс.

Жоғарыда ұсынылған қоғамдық бақылау механизмі белгілі бір аспектілерде қоғамдық кеңестердің жұмыс форматындағы өзгерістерді қарастыратынын айтып өткен жөн.

Қазіргі уақытта кеңес құрамын құру тәртібіне қатысты мәселелер туындап жатыр. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 02 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 9-бабының 1-бөлігіне сәйкес қоғамдық кеңестер – мемлекеттік органдардың өкілдері арасындағы жұмыс тобынан және конкурстық негізде-коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен, азаматтарынан құралады. Жұмыс топтарын республикалық деңгейде тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы, ал жергілікті деңгейде – жергілікті өкілді органның басшысы басқарады (Заңның 8-бабының 1-бөлігі) [18].

Яғни, мемлекеттік органның өзі «бақылаушыларды» таңдайды. Ал егер қоғамның өкілі жұмыс тобына ұсынылған мемлекеттік орган басшыларының сенімін тудырмаса, онда ол конкурстық іріктеуден өтпейді.

Осылайша, қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы аясында олардың азаматтық қоғамнан басым екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Демек, халықтың қажеттіліктеріне мемлекеттік орган емес, азаматтық қоғам институттары мемлекеттік органның қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс.

Қоғамдық өмір қатынастардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени сала сияқты кең спектрмен ұсынылған. Әр саланың әртүрлі бағыттарында көптеген проблемалық мәселелер туындайды (мысалы, әлеуметтік-экономикалық сала аясында – қаланы абаттандыру, жеке тұрғын үй массивтері, мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алу кезектілігі, жолдардың сапасы, табиғатты қорғау бағыты, азаматтардың жекелеген санаттарының әлеуметтік қорғалуы мәселелері және т. б.). Қоғамдық кеңес жұмысы аясында сараптамалық қорытындылар алу рәсімін жеңілдету, қоғамдық институт өкілдерінің мемлекеттік органдармен неғұрлым тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, қоғамдық өмірдің нақты саласындағы мәселелерді қараудың құзыреттілігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық кеңесті құрудың келесі тәртібін ұсынуға болады деп санаймыз (Заңның 9-бабының 1-бөлігі).

«Қоғамдық кеңестер қоғамдық ұйымдардың басқарма өкілдерінен, жетекшілерінен немесе кәсіптік, шығармашылық және салалық одақтардың төрағаларынан, сонымен қатар конкурстық негізде жұртшылық пен азаматтардың өзге де өкілдерінің жұмыс тобынан құралады».

Бұл әсіресе жергілікті қоғамдық кеңестер үшін аса өзекті болып табылады. Мұндай жағдайда олардың құрамына міндетті түрде заңгерлер қауымдастығы, сәулетшілер одағы, суретшілер одағы, энергетиктер одағы, адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюроның филиалы, экологиялық қауымдастық, мүгедектер қоғамы, денсаулық сақтау қызметкерлерінің одағы, кәсіпкерлердің Орталық Қазақстан қауымдастығы сияқты қоғамдық бірлестіктердің басшылары кіретін еді. Бұл ұйымдар әр қаланың азаматтық қоғамының негізгі институттарын ұсынады, сондықтан оларды қоғамдық кеңестің құрамына енгізу міндетті болып табылады. Осы ұйымдардың басшылары, әдетте, өз әріптестері мен пікірлестеріне сыйлы, жоғарыда көрсетілген ұйымдарда белгілі бір мерзімге өз қызметіне сайланған белгілі бір саланың, кәсіптің немесе қоғамдастықтың беделді

өкілдері болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің басшыларына қоғамдық кеңес аясында қоғамның мүдделерін білдіру үшін қосымша конкурстық іріктеуден өту орынды бола ма? Егер ұйым төрағасы лауазымды тұлға болып табылса, онда қоғамдық кеңестің құрамында осындай ұйым басқармасының өзге мүшесі ұсынылуы мүмкін. Мемлекеттік құрылым өкілдеріне қатысты қоғам өкілдерінің сандық арақатынасы-2/3 1/3.

Қоғамдық кеңесте жоғарыда аталған адамдар болуы және ұсынылмауы мүмкін, онда халық пен кең жұртшылық өкілдері осы кеңестің толықтығы, оның бүкіл қоғамның мүдделерін білдіру мүмкіндігі туралы мәселе туындайды. Қоғамдық кеңестің қалған мүшелері конкурстық негізде сайлануы мүмкін (ешқандай қоғамдық бірлестіктерді басқармайтын көрнекті қоғам, ғылыми және мәдени қайраткерлер).

Республикалық деңгейде, атап айтқанда ІІМ жанындағы қоғамдық кеңестің құрамына міндетті түрде адам құқықтары жөніндегі Қазақстандық бюроның, Қазақстан заңгерлер қауымдастығының, ПО ардагерлер кеңесінің және адвокаттар алқасының төрағалары немесе өкілдері, конкурстық негізде – жеке қоғам қайраткерлері кіре алады.

Біздің ойымызша, мұндай тәжірибе қоғамдық бақылауды толық көлемде жүзеге асыруға және транспарентті мемлекет туралы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың идеясы аясында мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың қызметін қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын азаматтық қоғам институттарының қатысу мәселелерін кезең-кезеңмен іске асыру Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың жаңа тұжырымдамасы аясында қарастыру мүмкін болар еді.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Смоленский М.Б. Теория государства и права. Учебн. Москва 2010 г. – 320 с.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70 000 слов/ Под ред. Н.Ю. Шведовой. – 21 – е изд., перераб. и доп. – М.: Рус. Яз., 1989. – 924 с.
3. Пархоменко А. Н. Общественный контроль в Соединенных Штатах Америки // Молодой ученый. – 2016. – №20. – С. 622-625. – URL <https://moluch.ru/archive/124/34196/> (дата обращения: 06.02.2019).
4. Марзак Г. А. Общественный контроль как форма взаимодействия гражданского общества и государства. // Известия МГТУ «МАМИ» № 1 (19), 2014, т. 5. С. 199.
5. Джиембаев Р.К. Теория государства и права: Учебное пособие. – Караганды: РИО «Болашақ-Баспа», 2012. – 303 с.
6. Кулапов В.Л., Малько А.В.. Теория государства и права. Учебн. Москва 2008. – 384 с.
7. Договорная теория происхождения государства. <http://scicenter.online/teoriya-gosudarstva-prava-scicenter/dogovornaya-teoriya-proishojdeniya.html>
8. Лушников А.М.. Теория государства и права. Элементарный курс. Москва 2009 г. – 272 с.
9. Беляев В.П. Общественный контроль в современной России // Конституционное и муниципальное право. 2006 № 6 с. 2. Стародубова О.Е. Общественный контроль: правовая поддержка // Журнал российского права. 2013. № 2
10. Соболева Ю.В. Общественный контроль в Российской Федерации: условия эффективности. // Вестник Саратовской государственной юридической академии № 4 (99). 2014.
11. Марзак Г. А. Общественный контроль как форма взаимодействия гражданского общества и государства. // Известия МГТУ «МАМИ» № 1 (19), 2014, т. 5.
12. Демократия. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
13. Афины при Перикле. <http://www.nado5.ru/e-book/afiny-pri-perikle>
14. Тимошинов В.И. Культурология: Казахстан-Евразия-Восток-Запад: Учебное пособие: составление, анализ – 400 с. Алматы: Нус, 2003. – 396 с.
15. Смирнов С.Н., Сидорина Т.Ю. Социальная политика: Учебное пособие. – М.: Издательский дом ГУ ВШЭ, 2004. – 432 с. – (Учебники Высшей школы экономики).
16. Неприбыльный сектор США : правовая основа, масштабы, конкурентноспособность, эффективность / авт.-сост. Стивен Р. Блок, В.Н. Якимец. – М.: Изд-во ЛКИ, 2008.
17. Общественные советы в Казахстане: основные тренды развития: Брошюра / Под ред. Шаукеновой З.К. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017
18. Закон Республики Казахстан № 383-V от 02.11.2015 г. «Об Общественных советах» с изм. и доп. по состоянию на 21.01.2019 г. <http://online.zakon.kz>

Елубаев А.Б.
ИМ М.Есболатов атындағы Алматы
академиясының 1 курс докторанты

АДАМНЫҢ АҒЗАЛАРЫ МЕН ТІНДЕРІН ЗАҢСЫЗ АЛУ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АУЫРЛАТАТЫН БӨЛІГІНДЕГІ ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Ұйымдасқан қылмыстылық – бұл өзіндік ерекшелікті құрылымы мен ішкі құрылысы бар күрделі көп деңгейлі әлеуметтік-криминологиялық құбылыс. Ол кеңінен тараған және қылмыстық табыстарды арттыру мен билік құрылымдарына ықпалын арттыру мақсатында, құқыққа қайшы қызметті атқаратын ұйымдасқан қылмыстық топтардың, қылмыстық ұйымдардың және қылмыстық қауымдастықтардың кеңінен бірігуінен құралады. Осы мақалада негүрлым қызығушылық ұйымдасқан қылмыстылықтың, адамның ағзасы мен тіндерін заңсыз ауыстырып алумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылық құрамдарымен байланысты қарастырылып кеткен. Аталған мақалада ұйымдасқан қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы қарастырылған.

Түйін сөздер: Қылмыстылық, себеп, тін, донор, реципиент, қылмыскер, қылмыстылық, жағдай.

Аннотация: Организованная преступность – это сложное многоуровневое социально-криминологическое явление, имеющее свою специфическую структуру и внутреннее строение. Её образуют широкая консолидация и сплочение организованных преступных групп, преступных организаций и преступных сообществ, обеспечивающих противоправную деятельность, с целью увеличения криминальных доходов и укрепления влияния на властные структуры. В этой статье наибольший интерес в этом вопросе представляет связь организованной преступности сотягающими частями состава уголовного правонарушения незаконной трансплантации органов и тканей человека. В данной статье анализирована криминологическая характеристика организованной преступности.

Ключевые слова: Преступность, причина, ткань, донор, реципиент, преступник, преступность, условие.

Abstract: Organized crime is a complex multi-level socio-criminological phenomenon with its own specific structure and internal structure. It is formed by the broad consolidation and consolidation of organized criminal groups, criminal organizations and criminal communities that provide illegal activities, with the aim of increasing criminal proceeds and strengthening the influence on power structures. In this article, the connection of organized crime with the aggravating parts of the criminal offense of illegal transplantation of human organs and tissues is of the greatest interest in this matter. This article analyzes the criminological characteristics of organized crime.

Key words: Crime, cause, tissue, donor, recipient, criminal, crime, condition.

Қандай да болмасын қылмыстың жауаптылығы туралы мәселелерді зерттеу тек қана оның қылмыстық құқықтық жағын ғана емес, сонымен бірге криминологиялық жағын зерттеуді талап етеді. Мұндай зерттеулердің түпкі мақсаты болып қандай да бір қылмыстың алдын алу, жолын кесу және ашуға байланысты бағытталған шаралардың тиімділігін көтеру болып саналады. Сондықтан, бұл шараларды зерттеу ең алдымен қылмыстың жағдайы мен динамикасын, оны жасаған субъектілердің жеке тұлғасын, оның жасалуына мүмкіндік туғызатын себептері мен жағдайларын және осы қылмыспен күрестің қортындыларын мұқият және жан-жақты түрде зерттеумен байланысты болуы қажет.

Қылмыстылық себебінің мәселесі – криминология ғылымында ең негізгі және ең күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Себептілік проблемасы өз алдына тек қана теориялық емес, тәжірибелік те болып саналады, өйткені қылмыстылық құбылысының себептерін, оған мүмкіндік туғызатын жағдайларды біліп алмай, қылмыстылықпен күресті ғылыми негізде, оның ішінде тек қана бір құқық қорғау органдарының жүйесімен және заңның күшімен ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекет қарамағындағы экономикалық, әлеуметтік және басқа да күштерді қозғалысқа келтіру арқылы жүргізу қажет [1, 71-75 б.].

Себептілік материяның жекелеген қалпының түрлері мен нысандары арасында оның қозғалысы мен жетілуінің генетикалық байланысында болады.

Сондықтан, криминология ғылымында «себептілікке – себеп, жағдай, зардап, себеп пен зардаптың арасындағы кері байланыс кіреді.» Осы тұрғыдан алғашқылардың бірі болып М.Д. Шаргородскийдің айтқан келесідей пікірі бар: «Қылмыстылықтың себептері онсыз пайда болмайтын барлық мән-жайлар бірдей рөл атқармайды. Олардың бірі тек қылмыстық ниетке шынайы мүмкіндік туғызса, ал басқалары

бұл мүмкіндікті шындыққа айналдырады. Сондықтан да, бірінші – жағдайды, екінші себепті қарастыру керек. Қылмыстылықтың себептері болып жалпы себеп ретіндегі – өз әрекеттерімен оның дамуына мүмкіндік беретін белсенді күштер табылады.» Нақты қылмыстылықтың себептілігі – бұл жалпы құбылыстың жекелеген варианты, қылмыстылықтың бүтінділігі [2, 103 б.]. Криминологияда жағдай деп осы құбылысты өздері туғыза алмайтын, бірақ себептілікке кеңістік пен уақыт аралығында және оларға әсер етуге мүмкіндік жасай отырып, олардың себебінің пайда болуының белгілі бір жетілу қажеттігін қамтамасыз ететін құбылыстар немесе мүдделердің жиынтығы түсініледі. Яғни, себеп салдар туғызады, ал жағдай себептің әрекет мүмкіншілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады [3, 62 б.].

Профессор В.А. Номаконовтың пікірінше, «қылмыстылықтың себебі қоғам өмірінің терең деңгейінде, сондықтан оны танып білу үшін тек криминологтармен ғана емес, сондай-ақ философтармен, саясаттанушылармен, әлеуметтанушылармен, экономистермен бірге зерттеу жүргізу керек. Сонымен бірге, ол еліміздегі, сондай-ақ оның аймақтарындағы қылмыстылық күрделі «көп деңгейлі» себепті кешендермен өндіріледі дейді. Оның пікірі бойынша, «қылмыстылықтың себепті кешені» дегеніміз – бұл өте терең және өткір деформациялардың кешені, олар қоғамдық өмір субъектілерінің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуына кедергі жасайды, азаматтардың бостандығын кемістеді, әлеуметтік әділетсіздікті және азаматтардың қоғамда билік етіп тұрған құнды нормативті жүйеден бөлініп теріс қарауын, олардың деморализациялануын тудырады [4, 27-32 б.].

Қылмыс әлеуметтік құбылыс бола тұра, өзінің негізінде белгілі әлеуметтік себептерге ие екендігі барлығымызға мәлім. Біздің қоғамымызда қылмыстылықтың жалпы себептері болып оның әлеуметтік себептердің жиынтығын криминология ғылымымен тану мойындалған.

Осыған байланысты, қылмыстылықтың жалпы себебі – ол нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қылмысты тудыратын қоғамдық құбылыстар. Мұндай құбылыстардың мәні адамзат қоғамының тарихи жетілудің әр бір сатысында саяси, әлеуметтік-экономикалық құрылыспен анықталады [5, 68-6 б.]. Сондықтан, «адамдардың теріс қоғамдық бағытының мазмұны әр түрлі, ал нақты субъектінің қылмыс жасауының себебі өзінің жеке ерекшеліктеріне ие» [6, 1 б.]. Ал, И.И. Карпец «Нақты қылмыстардың себебі жалпы себептердің әр алуан нысандарымен көрінеді, бірақ кейде осы шектен шығады», деп атап отыр [7, 89 б.].

Қылмыстылықтың себептерін барлық деңгейлерде талдауда объективтік және субъективтік сипаттарды есепке алуды болжайды, өйткені қылмыстылықтың себептері мен жағдайларының сипаты бойынша объективтік және субъективтік болып бөлінеді. Мұнда объективтік себептер – адамнан тыс себептер, ал субъективтік – нақты жеке тұлғаға қатысы бар немесе нақты мемлекеттік органдардың қызмет кемшіліктері. Осы пікірді негіздей отырып, профессор А.А. Герцензон себеп пен жағдайды екі топқа бөледі: сыртқы (объективтік) сипаттағы себеп пен жағдай; ішкі (субъективтік) сипаттағы себеп пен жағдай.

Сонымен А.А. Герцензонның пікірінше қылмыскердің жеке басы сол және басқа бағытта қалыптасқан, жетілген сыртқы жағдайлармен (тәрбие, тұрмыс, еңбек жағдайы және т.б.) және нақты қылмыс жасауға қалыптасқан сыртқы жағдайлармен сипатталады. Екіншісі, жеке тұлғаның жекелігін сыртқы жағдайлардың әсер етуімен, қалыптасуымен сипатталады.

Өйткені, криминологиялық сипаттағы қылмыстылықтың себептілігі және детерминациялаудағы басқа да байланыстары әлеуметтік ортаның және жеке тұлғаның өзара әрекеттестігі ретінде көрінеді. Қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары сипаты бойынша объективтік және субъективтік болып бөлінеді [8, 145 б.].

«Қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары әлеуметтік қарама – қайшылықтардың шиеленісулерінің, қылмыстылықтың статистикалық мәліметтеріне және криминогендік жағдайларға сүйене отырып өтпелі кезең және нарық қатынастарына көшу қиындықтарын, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық реформалардағы қателіктер мен олқылықтарды талдай отырып ашу керектігін» [9, 142 б.]. Әділ көрсетіп отыр. Өйткені, «Ғылыми ойдың өткені бізге әрқашан мүлдем басқа жаңа қырынан көрінеді,- деп жазды В.И. Вернадский. – Ғылымдағы әр бір жаңа буын бұл өткеннің жаңа қырларын ашып отырады.

Осыған байланысты профессор Е.І. Қайыржанов «Қылмыс сөзсіз бір факторлы құбылыс емес. Бұл жерде біз іс жүзінде нақты қоғамдық-экономикалық формация жағдайларымен анықталатын экономикалық, саяси, идеологиялық және психологиялық сипаттағы құбылыс кешендерінің өзара әсер етуін байқаймыз. Алайда, кез келген қылмыс себептерінің құрылымы белсенді актіден, теріс қоғамдық

көзқарастардың, әдеттің, дағдының нақты өмірлік жағдайымен және жеке тұлғаның қалыптасуына қолайсыз жағдайларымен жанасу немесе өзара әрекеттесуінен тұрады» дейді [5, 69 б].

Криминологтар қылмыстылық себептерін келесі түрлерге жіктейді:

1. қылмыстылық себептері түгелдей әлеуметтік құбылыс, онда оған деген жалпы әлеуметтік және басқа да заңдылықтардың ықпалы орын тепкен;
2. қылмыстылықтың жекелеген түрлерінің әсері болады;
3. нақты бір қылмыстың себептері нақты және шынайы орындалатын алдын алу шараларын анықтауға мүмкіндік береді;
4. қылмыс жасауға ықпал ететін жағдайлар. Олардың өзі қылмыс жасауға ниет туғызбайды, бірақ бұл жағдайларсыз қылмыстың жасалуы мүмкін емес.

Бірақтар зерттеушілердің пікірінше экономикалық қылмыстардың өсуі бірқатар себептермен байланысты: әкімшілік – бюрократиялық механизмнің құлдырауы, коррупцияның өсуі, екі жақты мораль, қылмыстық әрекеттерге жоғары билік өкілдерінің қатысуы, заңдылықтың екі жақты бұрмалануы, сонымен қатар заңның алдында қарапайым қызметкер азамат пен басқарушы лауазымды тұлғаның заң алдында нақты теңдігінің жоқтығы, мемлекеттік меншіктің сақталуы мен еңбек нәтижелеріне деген нақты қызығушылықтың жоқтығында.

Әдебиеттерде себеп пен жағдайдың келесідей топтамасы берілген:

1. әрекет ету механизмі бойынша;
2. қызмет деңгейі бойынша:
 - а) жалпы қылмыстардың себептері;
 - б) қылмыстардың жеке түрлерінің себептері;
 - в) нақты қылмыстардың себептері

Қылмыстардың себептері мен жағдайларын мазмұны бойынша да топтастыруға болады: әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, саяси, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-тәрбиелік, басқару-ұйымдастырушылық және т.с.с.

Қылмыстың себептері үш топқа бөлінеді:

1. жалпы әлеуметтік құбылыс ретіндегі қылмыстың себептері;
2. қылмыстың жеке түрлері мен топтарының себептері;
3. нақты қылмыстардың себептері.

Қорыта айтқанда, қылмыстылық – көп факторлы құбылыс.

Себептілік – қоғамдық ғылымдар, соның ішінде криминологияда маңызды да, қиын мәселелердің бірі болып есептеледі. Оны шешу үшін, осы мәселені зерттеп отырған ғалымдардың философиялық көзқарастарына байланысты болады. Бұл мәселе теория жүзінде ғана емес, тәжірибеде де қылмыстық құбылыстың себептерін, жағдайларын зерттеу үшін тек ғылыми, құқық қорғау органдарының жүйесі немесе заңдылық арқылы ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның экономикалық, әлеуметтік және нарықтық жағдайын қозғалысқа келтіру арқылы күрес жатады.

Материалистік ғылым қылмыстық себептіліктің себебін екі құбылыстың арасында объективті байланыстың болу салдарынан бір құбылыстың (себептің) белгілі бір жағдайда болып, келесі құбылыстың (нәтиженің) пайда болуына әсер етуі. Материалистік және идеалистік тұрғыдағы “себептіліктің” мағынасы әр түрлі. Қылмыстылық себептіліктің категориясын зерттегенде және нақты өмірде қолдану кезінде келесі жағдайларды ұмытпау керек. Оның түбірлі айырмашылығына келсек, материалистік тұрғыда себептіліктің негізі – табиғаттағы және қоғамдағы заңдылықтардың объективтілігі; идеалистік тұрғыдан – бұл қайнар көз адам санасында қайсыбір әйгілі априорлық шындықтарды білу мүмкіншілігіне тән қасиет.

Кейбір ғалымдардың пікірінше себепті байланысты шартты, субъективті деп есептейді. Криминологияда бұл көзқарасты ұсынған американ ғалымы Т. Селлиом болды. Оның пікірінше: “Ғылым себептілік концепциясынан әлде қайда бас тартқан және оны тек белгілі бір элементтерді немесе фактілердің функционалды қарым-қатынастарын анықтау үшін ғана қолданған”. Әрине, қоғамдағы болатын себептілік байланыстың болуы табиғатқа қарағанда қиын жұмыс екендігі туралы фактіні жоққа шығаруға болмайды.

Бірақ, криминологияның дамуы және оның ұсыныстарын тәжірибеге енгізу көрсеткендей қылмыстылық мәселесіндегі қылмыс себептері мен қылмыс жасау жағдайларының нақты зерттеу қажет екендігі туындады. Құқық қорғау органдарының тәжірибесіндегі қылмыстылықтың жағдайы мен себептерін анықтауды үйренсе, ғылым болса оларды әдістемелермен қаруландырады.

Себептілік – қоғамдық ғылымдар, соның ішінде криминологияда маңызды да, қиын мәселелердің бірі болып есептеледі. Құқық қорғау органдарына қылмыстылықтың себептері мен жағдайын анықтаумен қатар, олардың алдын – алу шараларын жүргізу (өз мүмкіндігі мен өкілеттілігі шегінде) заңды түрде бекітілді.

Криминология курсының авторларының жазуынша, себептілік – әр қилы, соның бір нысаны детерминация (“төмендеу”, “бүліну”), яғни әр түрлі процестер мен құбылыстардың бір-біріне заңды тәуелділігі болып табылады.

Себептілік категориясы кең мағынада қаралып, келесі ұғымдарды қарастырады: себеп, жағдай, нәтиже, себеп пен нәтиже арасындағы байланыс (жағдай мен себеп, жағдай мен нәтиже арасындағы байланыс), себеп пен нәтиже (жағдай) арасындағы кері байланыс.

Барлық мәселелерді жалпылай келе, құбылыстардың қарама – қатынасының нысаны ретінде қарастыруға болады. Криминология ғылымында қылмыс себебінің жіктелуі туралы сұрақ әлі талқылануда. Оның бірден-бір себебі, бұл құбылыстың күрделілігінде, яғни құбылыстың “ішкі” өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігінде, сонымен қатар “сыртқы” басқа да құбылыстармен байланыстылығы. Кей жағдайда, жалпы бұл әдіс құбылыстың заңдылығын және себептері байланыстары арқылы нақты қылмыстылықты көрсетпейді. Бұл мәселе және т.б. жоғарыда айтылған кейбір ғалымдардың қылмыс себептілігін зерттемеу салдарынан болады.

Нақты осындай мәселелерді ескере отырып, кеңес заңдылығы қылмыстық іс бойынша қылмыстың себептері мен жағдайлары туралы мәліметтердің қажет екендігін ұғынып, тәжірибеге қарапайым классификацияны ұсынды. Солардың бірі профессор Шаргородский М.Д пікірінше, қылмыс себебі деп – кең мағынада, оны қоршаған барлық жағдайлар және осы жағдайларсыз оның пайда болып, өмір сүруі мүмкін еместігінде. Бірақ, бұл жағдайлардың барлығы бірдей қызмет атқармайды. Сондықтан мұның біріншісін жағдай деп, екіншісін себеп деп қарастыру керек. Қылмыс себебі деп – жалпы себептілік және белсенді күштердің нәтижесінде оның өмір сүруіне түрткі болатын әрекет. Нақты қылмыстың себебі деп – сол белсенді күштердің әсерінен субъектілердің қызығушылығы және мақсаты ретінде жасалған әрекет жатады” [10, 30 б.].

Кеңес ғалымдарының кейбіреулері (А.А. Герцензон, А.С. Шляпочникова) қылмыстылық себебінің жіктелуін объективті және субъективті болып бөлінуін ұсынды. Ал кейбір ғалымдар жіктеу негізіне философиялық ұғым тұрғыдан барлық жағдайлардың бірігіп, жалпы себептілікке әкелетін және шамданған нәтиженің тууына және нақты жағдайдың нақты нәтижеге әкелуіне түрткі болады (Н.Ф. Кузнецова). Жіктеудің түрі философияда кең тарағанымен, ол өте абстрактілі болады.

Батыс ғалымдары қылмыс себептілігін қарастыру барысында қылмысты тудыратын құбылыс ретінде “факторлар теориясын” ойлап шығарды. Барлық факторлар есепке алына басталды. Өзінің қылмысқа әсер етуі бойынша еш маңыздылығы жоқ болып, факторлар санының көптігі зерттеуші ғалымдардың шатасуына әкелді. Отандық криминологтардың ішінде де жақтастар табылды. Олар қылмыстылықты тудыратын 200-240 факторларды анықтады. Бұл теорияның әртүрлігін айта келе, келесі мәселені ескеру керек, ол қылмысқа әсер ететін барлық жағдайларды белгілей келе, ең алғаш бірінші болып нені қарау керек; екінші қай мәселені зерттеу керек; қандай қылмыстарды барлық 240 фактордың болуы. Батыс криминологтары бұл теориядан бірден бас тарту кездейсоқ емес, әсіресе американдық криминолог Э. Сатерленд бұл теорияны “бағалылығы қиын салыстырылатын каталог” деп атады.

Отандық криминологтар қылмыстылықтың себептіліктерін келесідей жіктеуді ұсынды:

1. Қылмыстылық себептері жалпы әлеуметтік құбылыс. Онда оған әсер ететін барлық әлеуметтік және басқада заңдылықтардың бар болуы;
2. Жекелеген қылмыс түрлерінің себептілігі;
3. Нақты қылмыс түрлерінің себептілігі, яғни нақты осы қылмыстылықтың алдын-алу шараларын жүзеге асырылуы болатындығы;
4. Қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайлардың болуы және егер осы жағдайлар болмаса бұл қылмыстылықты жасауға болмайтын немесе жасау мүмкін еместігі пайда болушы еді. [11, 43 б.].

Бұл аталған жіктеу кең көлемде теориялық зеттеулер мен нақты қылмыстылықтың алдын-алу шараларын тәжірибеге енгізуге көп әсерін тигізеді.

Сонымен, қылмыстылықтың себептілігін жалпы теориялық мәселелері түрлі ой-пікірлердің сан-алуандығы тәжірибеге жақын да, қажетті болып табылады.

Ендігі кезекте, ұйымдасқан қылмыстылықтың салаларына көңіл аударайық. Қылмыстылықтың бір түрі ретінде бұл құбылыс біртұтас болғанымен, біздің әлеуметтік жағдайларымызға қатысты белгілі бір ерекшеліктерге ие, себебі ол екі: экономикалық (пайдакүнемдік – шаруашылық) және жалпы қылмыстық салаларға бөлінеді. Экономикалық және кәсіби қылмыстырдың бір-біріне жақындауына байланысты жоғарыдағы екі сала да бір – бірімен тығыз байланысты.

А.И. Долгованың ұйымдасқан қылмыстылықтың үш деңгейін анықтағандығын жоғарыда көрсеткен болатынбыз. Біріншісі, экономика саласында қылмыс жасайтын, алаяқтықпен, қорқытып алушылықпен, тонаумен, ұрлаумен, қарақшылықпен, айналысатын тұрақты ұйымдасқан топтар. Екінші деңгейде сол құрылымдар болып келеді, бірақ бұнда олар шаруашылық, әкімшілік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен коррупциялық байланысқа ие. Үшінші деңгейде топтар иерархиялық басқару жүйесі бар қылмыстық қауымдастыққа қосылады.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың нысаны ретінде, біздің пікірімізше, ұйымдасқан топ пен қылмыстық ұйымды, “заңдағы ұрылардың” кооперациясын тануға болады.

Л.И. Соколовский [12, 88-91 б.] және Н.Г. Угрехелидзе [13, 45-62 б.] деген ғалымдардың пікірінше, ұйымдасқан қылмыстылықты пирамидаға ұқсатуға болмайды. Мұндай құрылым, ұйымдасқан қылмыстылықтың нысаны – қылмыстық ұйымның құрылымына қатысты. Ал, ұйымдасқан қылмыстылықтың құрылымы деңгейлерден, салалардан, нысандардан тұрады.

Қылмыстық пайда, табыс алуының өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда, жалпы қылмыстық топтарда қолданылмайтын бірнеше әдіс – тәсілдер орын алады.

Жиі кездесетіні – мүлікті талан-таражға салу. Бұл мүлік жеке және мемлекеттік болуы мүмкін. Ұйымдасқан қылмыстық топтар осы қылмыспен шектеліп қоймайды. Олар, сонымен қатар, рэкёт, жезөкшелік, есірткі және т.б. салаларды қамтиды.

Экономикалық қылмыстық топтардың жалпы қылмыстық топтардан тағы бір айырмашылығы – біріншісінде, нақты ішкі “мәдениеттің” болмауы. Ол мәдениет, негізінен, жалпы қылмыстық топтарға тән.

Әрбір қылмыстық ортаның құрылуы, алдымен, топтың бірлігін сақтап тұратын арнайы нормалардың пайда болуымен сипатталады.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың дамуына, өршуіне септігін тигізетін жағдай, ол бизнес әлемінде кең өріс алған және жасырын сипатта болып келетін құбылыстардың болуы. Олар: салық төлеуден жалтару, кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік, тіпті араздық және т.б.

Ендігі кезекте біз ұйымдасқан қылмыстылықтың тенденцияларын қарастырайық. Ұйымдасқан қылмыстылыққа келесі тенденциялар тән: қылмыстық ұйымдардың унификациялануы; жалпы қылмыстылықпен экономикалық қылмыстылықтың бір – біріне сіңісуі; кішігірім топтардың қосылуы арқылы үлкен қылмыстық қауымдастықтардың пайда болуы; қоғамдық пікірге, игіліктерге қарсы шығу, әр түрлі құралдарды қолдану арқылы қылмыстық топ күшін көрсетуді қару-жарақтармен, жаңа техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі; ұйымдасқан қылмыстық топтардың халықаралық “әріптестерімен” байланыс орнатуы.

Қылмыстық қызметтің, қылмыстық нысанының өзгеріске ұшырауы ұйымдасқан қылмыстылықты “ақжағалы” қылмыстылықпен жақындастыруда.

Ұйымдасқан қылмыстылық табысының көп бөлігін әр түрлі заңды және заңсыз қызметтер арқылы табатыны бізге мәлім. Ұйымдасқан қылмыстық топтар қазір кең өріс алып келе жатқан ойын бизнесін монополизациялауда. Жезөкшелік болса толығымен ұйымдасқан қылмыстылықтың күзіретінде деуге болады. Қылмыстық топтардың ең маңызды қаржылық қайнар көздерінің бірі – есірткі бизнесі болып табылады.

Қазіргі уақытта заман талабына сай қылмыстық топтар заңды кәсіпкерлікті де өздерінің қол сұғу объектілеріне айналдыруда.

Жалпы, ұйымдасқан қылмыстылықтың даму тенденцияларын анықтау осы құбылыспен тиімді күресу үшін қажет екендігі айқын.

Ұйымдасқан қылмыстылық құбылысын зерттегенде туындайтын күрделі мәселе – осы құбылыстардың себептері болып табылады. Сондықтан, бұл сұрақты тереңірек қарастырайық.

Әрбір әлеуметтік топ тұлғанның дамуын “тездеткіші” ретінде танылады. Қылмыстық қоғам да тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Бірақ мұнда тұлға құқыққа қайшы, аморальді көзқараста дамиды. Сондықтан да, қоғамға қайшы топтардың қалыптасу себепін, қызметінің ерекшеліктерін зерттеу жалпы қылмыстылықпен күресу шараларын анықтауға септігін тигізеді.

70 жыл бойы тоталитарлық режимде өмір сүрген халық биліктен аластатылып, оның менталитеті өзгерді. Барлық билікті партия жүзеге асырғандықтан халық өз басына “жауапкершілік” алудан қалды. Өткен ғасырдың 80-90 жылдарына қарай халық, оны біреу билеп, біреуге бағынышты болғанды, біреу олардың қызметтерін бағыттап отырғандығын қалайды. Бұл фактор, әрине, ұйымдасқан қылмыстылық үшін лайықты болып танылды. Көптеген еріксіз тұлғалар нарықтық экономика жағдайында қиындықтарға икемделе алмай, өз орындарын қылмыстық топтардан тауып, қылмыстық жолға түседі.

Сонымен қатар, елімізде жүргізіліп жатқан қылмыстық жазаларды “ізгілендіру”, дәлірек айтсақ, қылмыстық топ ұйымдастырушыларына, мүшелеріне өлім жазасын бермеу де қылмыстылықпен күресуде кері әсерін тигізуде. Бұл жағдай азаматтардың өз өмірі, жақындарының өмірі мен денсаулығына төнуі мүмкін қауіптен қорқып, олардың қылмыстық іс жүргізу процесіне қатысу белсендігін азайтты.

Ұйымдасқан қылмыстылық бірнеше адамның қызметінен құралғандықтан, олардың әдептілік, психологиялық, биологиялық, демографиялық және өзге де ерекшеліктерін терең зерттемей ұйымдасқан қылмыстылықтың табиғатын және себептерін анықтау мүмкін емес. Мұнда қылмыстық топ мүшелерінің бір-бірімен, басқа қылмыстық топтармен, әлеуметтік-психологиялық, әдептілік байланыстарын зерттеудің маңызы өте зор. Бұл мәселелерді терең зерттеу толық қалыптасқан ұйымдасқан қылмыстық топтармен қатар, кішігірім құқық бұзушылықтар жасайтын қоғамға қайшы топтарға да қатысты болып келеді.

Өмір көрсеткендей, көптеген адамдар бірнеше ресми және ресми емес құрылымдарға кіруі мүмкін. Мысалы, олар әлеуметтік қолдау табатын заңды топтардың мүшесі бола алады. Міне, осындай топтардың мүшелерінің арасындағы ресми және ресми емес қарым-қатынастарды айыру қажет.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болуы себепін қарастырудан бұрын, жалпы, топтық қызмет студия себептерін айқындау керек.

Топтарға азаматтар бірнеше себептерге байланысты қосылады:

1. белгілі бір қызметті тек топпен ғана жүзеге асыру мүмкін болғанда;
2. егер де бір адам белгілі бір қызметті жүзеге асыру үшін арнайы білімдері мен икемділігі болмаса;
3. қызметті жүзеге асыру топтық құрылымды қажет етпегенімен, тұлғаралық қарым-қатынас қажеттілігі пайда болғанда.

Біздің еліміздегі ұйымдасқан қылмыстылық қарқынды қалыптасу кезеңінде саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-құқықтық жағдайлар басқа болды. Отандық мафияның ұйымдасқан қылмыскерлігі пайда болуының және қалыптасуының негізгі көлеңкелі экономиканың, бөлу қатынастарының, ебедейсіз “ешкімнің иелігінде емес” мемлекеттік меншіктің түбінде жатыр. Қайта құру және квазинарықтық реформалар кезеңінде жалпы қылмыскерлікті және нақты айтқанда, ұйымдасқан қылмыстылықты әлеуметтік-құқықтық бақылау толығымен құлдырауы орын алды.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес жүргізу үкіметтік органдардың ең маңызды міндеттерінің қатарына кіріп ғана қоймай, біраз уақыттан бері жалпы мемлекеттік мәселелердің бірі болды, оның тиімді шешілуі реформалардың тағдырына, қоғамның өнегелі саулығына, елдің өркениетті дамуына ықпалын тигізді. Оған қоса, ТМД елдеріндегі анағұрлым мықты қоғамға жат құрылымдардың қиыр шет елдеріндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен ықпалдасуы бұл мәселені тек мемлекетаралық ғана емес, халықаралық проблемаға айналдырылды.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігі үшін қауіптілігі биліктің ең жоғарғы деңгейлерінде мойындалған. Ұйымдасқан қылмыстылықтың өсуі біздің қоғамымыздағы ахуалды тұрақсыздандырады, оның экономикалық негіздерін бұзады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қоғамдастықтар әрекеттерінің белсенділігі жоғарлауына байланысты, құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін көтеру мәселелері мен келешегінің маңыздылығы өсуде.

Ұйымдасқан қылмыстылық көріністерімен күрес ұйымдастыру мәселелері елде ерекше маңызға ие болды. Ол түсінікті де, ұйымдасқан қылмыстылық сыбайлас жемқорлықпен байланысқандықтан, оның мемлекет үшін төндіріп отырған қауіп күнен күнге күрделенуде.

Сараптамалық бағалауларға жасалған талдау ұйымдасқан қылмыстылықтың дамуына мынандай сипаттамалар беруге мүмкіндік туғызды.

Ұйымдасқан қылмыстық құқықбұзушылық қоғамдық өмірдің әр саласындағы (экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани), жалпы қайшылықтардың салдары, біздің қоғамымыздың соңғы он

жылдықтарындағы қарама-қайшылықтарға жеткілікті дамуының нәтижесі, мәні бар – ұйымдасқан қылмысты жеңу – өте күрделі, ұзаққа созылатын, едәуір материалдық-құқықтық, интеллектуалдық, құқықтық, ақпараттық, кадрлық ресурстарды талап ететін процесс. Ұйымдасқан қылмыстылықтың себептері мен жайы – қоғамдық қатынастарға тән, өзіндік, қысқа мерзімде оқшаулап, алып тастайтын үстемелі құрылыс емес, бұл осы жүйенің өзінің белгілі аспектісі, немесе жанама, бірақ оның қызметінің жеткілікті түрдегі, тұрақты нәтижесі [14, 149 б.]

Тұжырымдай отырып, қазіргі кезде ұйымдасқан қылмыстылықтағы өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық саласындағы динамикалық даму үстіндегі күрделі процестердің әсерімен өтуде. Қорыта келе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 116-бабында көзделген «Адамның ағзалары мен тіндерін алуға мәжбүрлеу немесе заңсыз алу» қылмыстық құқықбұзушылық құрамының ауырлатын бөлігі ретінде, аталған құрамының екінші бөлігінің екінші тармағында топ болып және алдын ала сөз байласу арқылы топ болып жасалған әрекеттерді немесе осы құрамының аса ауырлататын бөлігі ретінде, үшінші бөлікті қылмыстық топпен жасалған әрекетті жатқызуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Вопросы борьбы с преступностью. – М., 1987г. – №42. – С. 71-75.
2. Государство и право. – М., – 2001. – №5 – С.103-111.
3. Криминология и профилактика преступлений. – М.,1989. –С.62-71.
4. Номаконов В.А. Особенности причинного комплекса преступности в современной России // Преступность: стратегия борьбы. – М.,1997. С.27-32.
5. Каиржанов Е.И. Криминология. – Алматы,1995г. – 168 с.
6. Казахстанская правда. – 2013 год 11 сентября.
7. Карпец И.И. О природе и причинах преступности в СССР. // Советское государство и право. – 1996г – №4. – С. 89-99.
8. Герцензон А.А. Вопросы методики изучения и предупреждения преступлений. – М.,1962. – 230 с.
9. Криминология. – М.,1994. – 346 с.
10. Вернадский В.И. Избранные труды по истории науки. – М.,1981. – 234 с.
11. Шаргородский М.Д. Преступность, ее причины и условия в социалистическом обществе. Преступность и ее предупреждение. – Л., 1966. – 304 с.
12. Соколовский Л.И. Вопросы уголовно – правовой борьбы со специальными рецидивом преступлений в сфере торговли и хозяйственной деятельности. – Рига, 1989 г. – 186 с.
13. Угрехалидзе Н.Г. Криминологическая характеристика соучастия преступлений. – Москва, 1975 г. – 136 с.
14. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлік – Алматы: Жеті Жарғы, 2015 ж. – 608 б.

Ернишев К.А.

қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы кафедрасының доценті, з.ғ.к.
заң факультеті
М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті
Тараз қ.
targu@mail.ru

Ахмет Ғ.Б.

азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
құқық және экономика факультеті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ.
ahmet_355_galum@mail.ru

Коньсбекова М.Р.

қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
құқық және экономика факультеті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ.
makpal_konysbekova@mail.ru

Баженова М.Д.

қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
құқық және экономика факультеті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ.
bazhenova.meruert@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТЫНЫҢ
ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ІСТІ ҚАЙТА БАСТАУ ПРОЦЕСІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Түйін. Бұл мақала қазіргі таңда қылмыстық іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты істі қайта бастау институтының мәселесіне арналған.

Кілт сөздер: айыптау, сотталушы, дәлелдемелер.

Резюме. Данная статья посвящена исследованию актуальных проблем особенностям возобновления уголовного дела по вновь открывшимся обстоятельствам.

Ключевые слова: обвинение, обвиняемый, evidence.

Summary. This article is devoted to the investigation of actual problems by the peculiarities of the resumption of the criminal case on newly discovered circumstances.

Keywords: indictmen, accused, evidence.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет орнату жолында мемлекетіміздің шенеуніктерінен, тәуелсіз сот жүйесін құруды алдына мақсат етіп қойды. КСРО дәуірінде, жергілікті партия басқармасы, судьялардың өз қызметін тәуелсіз атқаруына және олардың қызметін атқарудағы мерзіміне әсерін тигізе алғаны бізге мәлім болатын. Міне, енді – өз егемендігімізді алғаннан кейін ең алдымен Республикамыздың экономикасын көтеруді және демократия принциптеріне негізделген дамыған мемлекет орнатуды бірінші кезекке қойдық. Ол үшін ең алдымен сот билігін және құқық қорғау органын қайта реформалаудың қажеттігі туды.

Сол себепті, 1992 жылы «Сот-құқықтық реформаның Концепциясы» дер кезінде жасалып қолға алынды. Концепция сол жылы Жоғарғы Кеңестің талқылауына ұсынылды. 1993 жылы Республика Президентінің – «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру шаралары туралы» Жарлығы шығып құқықтық реформаның қажеттілігін нақтылай түсті. Президент Жарлығынан

кейін «Құқықтық реформаның мемлекеттік Бағдарламасы туды». Бағдарламаның негізгі бөлімінде мемлекеттік сот жүйесін қайта реформалау туралы мәселе айтылды.

Азаматтардың құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қорғауда сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билікпен терезесі тең болғандықтан соттардың тәуелсіздігін және олардың ықпалдарын күшейту реформаның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

«Жаңа сот жүйесін құру, – дейді Бойков А.Д. – бұл бұрынғы мемлекеттік мәжбүр ету механизмінен, жеке адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміне көшуі». Біз де бұл А.Д.Бойковтың айтқан пікіріне қосыламыз, өйткені, Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолында болғандықтан, әрбір адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін ең алдымен сотқа жүгінуі керек.

Сот-құқықтық реформаны үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең республиканың тәуелсіздік алуына байланысты. Бұл жылдары мемлекет билігін оның ішінде сот билігін партия және басқа да ұйымдардың ықпалынан шығаруға бағытталған құқықтық реформалардың тұжырымдамалары жасала бастады. 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-тарауында «сот» деген атауымен сот билігін Конституциялық сотқа, Жоғарғы Сотқа және Жоғарғы Төрелік Сотқа, сондай-ақ заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екені көрсетіліп, сот билігінің өзге мемлекеттік биліктердің қатарында екендігіне кепілдік берілді. Осы Конституция (1993) судьялардың сайлануы мерзімін он жылға дейін ұзартты.

Бұл кездері Жоғарғы сот және облыстық соттардың судьяларын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, ал аудандық (қалалық) соттардың судьяларын облыстық кеңестер сайлайтын.

Сот жүйесін реформалаудың екінші кезеңі 1994 жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1569 қаулысы шыққаннан кейін басталды деп айтуға болады.

Қаулыда Республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, олардың ұйымдық жағын нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасын жасады. Сондай-ақ, жалпы соттар мен Төрелік соттарға жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Республика Президенті Жоғарғы Сот Кеңесінің және біліктілік алқасының ұсынуымен судьялық қызметтің міндетін түпкілікті бекітуді талап етті. Соттардың қызметін жан-жақты қамтамасыз етудегі кадр, ішкі шаруашылық істерімен айналысудағы сот істерінен бөліп, аппарат басшылығына жүктеу көзделді. Сондай-ақ, сот әділдігін жүзеге асыруда және сот қаулыларын орындауда аппараттың ішкі ұйымдастыру жұмыстарына мейлінше көмек-жәрдем беру керектігі күшейтілсін делінді.

Аталған қаулыда судьялардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруды да маңызды мәселе ретінде қаралды. Мұның өзі судьяларды құрметтеудің мемлекеттік дәрежедегі озық үлгісі екенін танытады. Олардың құқықтарын мемлекеттік тұрғыдан қорғау, қолдаудың принципі мен үлгілерін мықты көрсетіп берді.

1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық дауыс берудің (референдум) нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл жаңа қабылданған Конституцияның 7-бөлімінде «Соттар және сот төрелігі» деген атпен, сот жүйесі «... Республиканың Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті соттары, Республиканың соттары болып табылады» (75-бап 3-бөлім) – деп көрсетілді.

Сонымен, сот-құқықтық реформасының екінші кезеңі сот жүйесін біріктіре отырып, бір жүйеге келтірілген соттар құрды. Яғни, төрелік соттарды жалпы соттарға қосып, облыстармен Алматы қаласында бірінші сатыдағы төрелік соттарын қалдырып, облыстық соттар мен Жоғарғы Сот құрамында шаруашылық істер жөніндегі сот алқасын ашты. Ал, Конституциялық сотты толығымен жойып, жаңадан Конституциялық Кеңес құрылды.

Жоғарғы сот республикадағы жалпы соттардың ең жоғарғы ұйымы болып табылатынын Қазақстан Республикасы Конституциясында атап көрсетілді. Оның құзыретіне ең жоғары лауазымды тұлғалардың қылмыстық істері жөніндегі сот істерін қарауды және сондай-ақ кассациялық инстанциясы мәселелерін жүзеге асырды [1].

1994 жылғы 12 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы негізінде еліміздегі құқық қорғау органдары мен сот құрылысы жөніндегі құқықтық реформалар негізінде 1995 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан

Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл Жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттік құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша ережесін жасап, бекітіп берді.

Осы Жарлық 1995 жылғы Конституцияда көзделген нормаларды, яғни, сот жүйесіне қатысты бөлігін жинақтап, салалық заңдармен заңдастырды. Жаңа Конституциямызда әр биліктің атқаратын қызметі тайға таңба басқандай анықталды. Соған байланысты құқық қорғау құрылымдары мен саласында едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізілу көзделген болатын [2].

Қарым-қатынастың тұлға дамуындағы маңыздылығы туралы отандық ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады. Белгілі профессор С.М. Жақыповтың бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет тұжырымдамасы тұлғалардың диалог түріндегі қарым-қатынасын сипаттаған [2]. Ал, С.Қ. Бердібаеваның творчествалық іс-әрекеттің этнопсихологиялық ерекшеліктері туралы зерттеуінде айтыс творчествалық процесс ретіндегі коммуникативті және интерактивті моделін жасады [3]. Н.Қ.Тоқсанбаева қарым-қатынастың бірлескені іс-әрекетті жүйелендіруші фактор ретіндегі тұжырымдамасын ұсынған [1].

Қазіргі жағдайда нарықтық қатынастың дамуы және бәсекелесуде дәстүрлі жоғары сатыдағы мамандықтарда да субъект-объекттік әрекеттесуде адами фактордың рөлі мен тұлғааралық субъект-

субъекттік кәсіби қарым-қатынасы күшейе бастады. Әсіресе соңғысының тиімділігі «коммуникативтік мамандық» деп аталатын мамандардың іс-әрекетінің нәтижесіне қатты әсерін тигізеді. Бәсекелесу жағдайында қызмет көрсететін әр түрлі ұйымдардың жұмысшылары, сонымен қатар, тұтынушылармен кәсіби қарым-қатынастың тиімді формаларын табудың күннен күнге сұранысы артып келеді. Ол дұрыс ақпарат алмасу процесі, кәсіби стресс, эмоцияны басқару, ұжымдағы психологиялық ахуал, мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен қарым-қатынас және т.б.

Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі туралы Н.Қ.Токсанбаева: «Қарым-қатынас, бұл белгілі-бір өзара қатынас қалыптастыру мақсатындағы мазмұны мен идеялармен, қызығулармен, көзқарастармен, көңіл-күйлермен және т.б. өзара әрекеттермен дамиды. Қарым-қатынасты зерттеуде мына нәрселерге сүйенеміз:

- біріншіден, қарым-қатынас іс-әрекеттің ерекше типі – коммуникациялық іс-әрекет;
- екіншіден, қарым-қатынас – кез-келген іс-әрекеттің іске асырылу шарты;

үшіншіден, қарым-қатынас – арнайы берілген іс-әрекеттің нәтижесі» -деп, қарым – қатынасты зерттеуде іс-әрекеттің маңыздылығына түсініктеме берген [1]. Осы түсініктемелерден адам өмірінде қарым-қатынастың қаншалықты мәнге ие екендігі көрінеді.

Бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру мәселесін нақтылауда ойлау мен қарым-қатынас процесі байланыста жүреді. Осы байланыс туралы С.М.Жақыповтың пікірінше тұлғалардың бір-бірімен қарым-қатынас процесі барысында жинақталған білімдерінің бірлескен іс-әрекетке қатысатын адамдардың білімдерімен алмасуы, олардың жалпы мақсатқа бағытталған қарым-қатынас процесін құрайды. Бірлескен-диалогты танымдық іс-әрекетті қалыптастыру субъектілердің өзара әрекеті (бірлескен әрекет) т.б. және қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады [2].

Ал, Т.П.Абакирова қарым-қатынас – бұл адамның коммуникативті ұйымдастырушылық іс-әрекетіне психикалық дайындығы туралы тұжырымдаған [3]. Ол адамның қарым-қатынас барысында қалыптасатын тұлғалық қасиеттеріне ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық факторлардың негізгі кезеңдеріне тоқталды. Сонымен қатар, адамдардың қарым-қатынас процесіндегі танымдық белсенділігін дұрыс ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекет арқылы дамыту тиімділігін көрсетті.

Олай болса, адамның қарым-қатынасы оның мінез-құлық ерекшеліктеріне, мәдениетіне, ұлттық салт-дәстүрлеріне, қарым-қатынас стильдеріне байланысты. Қазіргі таңда қарым-қатынастың күрделі шеберлігін және адамның толеранттылығын талап ететін ерекше білім беруді қажеттілігі бар тұлғалар. Ол – инклюзивті орта субъектілері.

Инклюзивті білім беру жүйесінде педагогтардың толеранттылық қабілеттерінің болуы маңызды. Өйткені ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың оқу үдерісін ұйымдастыру мен олардың мүмкіндіктеріне жауап қайтару педагогтардың шыдамдылығын, төзімділігін талап етеді.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту – 2011-2020 жылдардағы ҚР Мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағытының бірі. Сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. Барлық білім беру мекемелерінде инклюзивті орта құру (ресурстық орталықтар, сыныптар, арнайы кабинеттер т.б.) қажеттілігі айқындалды. Осы инклюзивті ортаны ұйымдастыратын және жағымды ахуалды қалыптастыратын маман иесі – педагог. Өйткені, инклюзивті ортада педагогтың қандай тұлғалық және кәсіби сапаларды меңгергені, қарым-қатынас техникалары мен ережелерді білетіні маңызды. Ол, болашақ маман ретінде ең алдымен кәсіби білімді, креативті және оның коммуникативті толерантты болуы қажет. Инклюзивті ортада ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, мигранттар мен қандастарымыздың балалары, аз ұлттардың балалары, қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады.

Толеранттылық заманауи адамның басты құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Себебі, адам кез келген тұлғааралық қарым-қатынасқа дайын болуы қажет.

Жалпы «толеранттылық» термині әлеуметтік психологияда жиі қолданылады. Ол ең алдымен қандай да бір айырмашылықтарға – этностық, ұлттық, діни, нәсілдік және тағы басқаларға шыдамдылық ретінде түсіндіріледі. Толеранттылық мәселесі сол сияқты тұлғааралық қарым-қатынастың процессуалды аспектісі. Тұлғааралық қарым-қатынаста толеранттылық, бір жағынан іс-әрекет саласы «адам-адам» шеңберіндегі өзара-әрекеттестік болып табылатын тұлғаның кәсібилігі және оның тұлға ретінде қалыптасуының бөлінбейтін сипаты (көрсеткіші) ретінде, ал екінші жағынан, тұлғалық қасиеттерді жүйе құраушы қызметін атқаратын, бірлескен іс-әрекетті құрастырушы бейне

(идеалды үлгі) ретінде түсіндіріледі [4]. Осыдан толеранттылық феноменін инклюзивті ортада қарым-қатынасқа түсуші тұлғалардың өзіндік дамуына негіз болатын ішкі танымдық көріністерінің бірі. Бұл, тұлғалық потенциалдың қызметі ретінде адамның ішкі шиеленісті жағдайының – сыйластық, қабылдау, ашықтық, көңіл бөлу, шыдамдық, төзімділік негізінде жағымсыз реакция тудыратын адаммен диалогқа түсу барысында жағымды жауап қайтаруы және оны қабылдап, түсінуге дайындық болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесінде, әсіресе, әлеуметтік педагогтардың кәсіби даярлығын қалыптастыруда олардың толеранттылық бағыттылығы туралы М.З.Сейдина мен Г.Ж.Менлибекованың зерттеулерінде нақты сипатталған [5]. Болашақ мамандардың кәсіби даярлығында олардың толеранттылық бағыттылығын дамыту әдіснамалық (зерттеу пәнін қалыптастыру), ұйымдастырушылық (зерттеушілердің өзара қатынасы мен коммуникациялық баяналыс құру) және ақпараттық (қолданбалы зерттеулер тасымалын қамтамасыз ету) мәселелерді шешуге негізделген пәнаралық байланыс арқылы қарастырылады.

Бүгінгі таңда болашақ педагогтарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани-адамгершілік қасиеттері мен мәдениеттілігін, ойлауын, іскерлігін, төзімділігін, сонымен қатар, кәсіби біліктілігін арттыру өркениетті қоғамның міндеті болып табылады. Болашақ педагогтарды тілдік қарым-қатынасқа дайындаудағы тапсырмалар төрт топқа бөлінді: ұйымдастыру, қолдау, ықпал білдіру және бақылау. Бұл қарым-қатынаста тілдік икемділікті толығымен қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдер мен тәжірибелік тапсырмалардың маңызы тиімді нәтиже береді. Оның мақсаты болашақ педагогтарды өз мамандығының кәсіби қарым-қатынас мазмұнын игеруге және кәсіби дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға, жалпы алғанда дұрыс қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Ол үдеріс қарым-қатынас тілін меңгеру, сөздік қарым-қатынасқа (диалогты, монологты) машықтау арқылы кәсіби қызығушылыққа бейімдеу түрінде болады.

Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан тұлғааралық қарым-қатынас процесінде ұлттық ерекшеліктер мен ұлтаралық қатынастарды да ескеріп отыру маңызды. Л.К.Көмекбаеваның пікірінше, тіл – этникалық бірдейліктің этнодифференциалданған белгілерінің ішіндегі маңызды фактордың бірі [6]. Бұл ұлтаралық қарым-қатынаста вербалды және вербалды емес қарым-қатынас түрлері туралы түсінік беріледі.

Қарым-қатынас туралы С.А.Елеусізова оны орнатудың екі бөлшектен тұратынын ажыратып көрсеткен. Оның бірі – адамның ішкі дүниесінің қатысты қасиеттері ойлауы мен саналы әрекеті болса, келесі бөлшегі адамның жүріс-тұрысы мен өзгелермен тілдесіп бірлесіп әрекет істейтін қатынас сипатын білдіреді [7]. Сондықтан, қарым-қатынасты автор шығармашылық үдеріс деп тұжырымдап, қарым-қатынасқа түсу, тұлғааралық байланыс жасау, өзгелермен тіл табысу – әрбір адамның өмір тәжірибесіне, кәсібилігіне, дүниетанымына, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асып отыратын өмір сүруге, тіршілік жасауға мұқтажды деген сипаттама берілді.

Н.Қ. Тоқсанбаева қарым – қатынасқа не нәрсе ықпал етеді және не нәрсе бөгет жасайтындығы жайлы былай деген: «Адамдар арасындағы түсініспеушіліктің себептері әр түрлі болуы мүмкін: саяси, діни көзқарастар, дүниетаным, психологиялық ерекшеліктер, ең негізгі себеп – сұхбаттасушыны тыңдай білу. Егер адам өзге адамды зер салып тыңдаса, ол адам тәрбиелі, сөйлеушінің мәселесін түсініп, оған өз ойларын дұрыс жеткізуге көмектеседі деген сөз» [8].

Байланыс стилінде біз осы қарым-қатынасқа түсуші субъектілерінің өзара әрекеттесуінің әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын көреміз. Бірлескен іс-әрекет – адамдардың өзара іс-қимылын, ынтымақтастық нысанын, мінез-құлық ерекшеліктерін, танымдық қызығушылығын сипаттайды. Бұл екі жақты субъектілердің бірқатар жеке атрибуттарының коммуникативтік ерекшеліктерін анықтауды талап етеді. Олар:

- коммуникативті құзыреттілігінің ерекшеліктері;
- өзара қарым-қатынасынан туындаған мінез-құлық ерекшеліктері;
- шығармашылық потенциалы, индивидуалдылығы;
- ұжымдық қатынас мен топтағы дара ерекшелігі.

Қарым-қатынас стилі оның әлеуметтік және рухани-адамгершілік жағынан байытылған сатысына жатады. Тұлға өзінің танымдық іс-әрекеті және басқа үйренушілердің іс-әрекетіндегі кедергілерінің негізінде қарым-қатынас қиындықтары да пайда болады. Ол болашақ педагогтардың жаңа ортаға келген кезеңінде көрініс береді. Бұл оның кәсіби іс-әрекетке бейімделуі мен жаңа ортада әлеуметтенуі. Қарым-қатынас арқылы болашақ педагогтардың кәсібилігін дамыту барысындағы қиындықтар оның

меңгеретін пәннің мазмұны, өзінің ұғынатын іс-әрекетінің негізі болып табылатын білімдерге ие болу деңгейі және оның сипатынан да туындауы мүмкін, сондай-ақ кәсіби іскерлік, кәсіби құзырлылықтан да, тұлғалардың жағымды әсер ету тәсілдері және құралдарынан да туындауы мүмкін. Осыдан олардың педагогикалық іс-әрекетте, инклюзивті ортадағы қарым-қатынас қиындықтарының негізгі бағыттары бірлескен іс-әрекет барысының дамуы, мазмұны және формалары пайда болады. Мұнда кәсіби дамыту мен кәсіби тұлғалық қасиеттерді қалыптасыру іс-әрекетінің субъекті ретіндегі жеке даралық ерекшеліктерінің қарым-қатынас процесімен байланыстылығы туралы айтылады.

Дуэйн Шульц және Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы» оқулығында былай деген: «Өз әлеуетін толық ашу – психологиялық саулықтың ең жоғары деңгейі» [9]. Олай болса, кез келген кәсіби іс-әрекетте адам өзінің тұлғалық әлеуетін толық ашылғанын және оны пайдаланғаны қажет. Өйткені еңбек іс-әрекетінде кәсіби стресске әкелуінің бірден бір себебі адам өзін толық тарата алмауы.

Қорыта келе, адамдармен жұмыс жүргізетін болашақ педагог мамандар қарым-қатынас ережелері мен техникаларын, конфликтінің алдын алу, болдырмау және шешу заңдылықтарын толық меңгерулері тиіс. Әсіресе инклюзивті ортада кәсіби тұлғалық қабілеттердің маңызды көрінісі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Токсанбаева Н.Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі. // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2005. – 345-347 б.
2. Джакупов С.М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. -117 с.
3. Абакирова Т.П. Социально-психологические факторы формирования коммуникативных свойств личности: дис. на. канд. психол. наук.: 19.00.01. – Новосибирск, 2000. -173 с. 48.
4. Кожухурь Г.С. Проблема толерантности в межличностном общении // Вопросы психологии. – 2006.- №2.-С.3-11.
5. Сейдина М.З., Менлибекова Г.Ж. Толерантная направленность профессиональной подготовки социальных педагогов // Қазақстанның ғылымы мен өмірі // Астана, 2018. №3/1 (59).
6. Көмекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: психол.ғ. канд.дис.: 19.00.01. – Алматы, 2002-125 б.
7. Елеусізова С.А. Қарым-қатынас психологиясы – Алматы: Рауан, 1986 – 64 б.
8. Токсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынастағы таным үрдісінің ерекшеліктері. Самопознание (теория, практика, поиск новых парадигм) // Сборник материалов международной научно-практической конференции «самопознание» – программа гармоничного развития человека» (Алматы, 21-22 октября 2003 года). – Алматы: РУОЦ «Бөбек», 2003. – 216 с.
9. Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018, 448 б.
10. Тұрдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы: Эверо, 2013.

Уайсова Г.И.

профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Uaisova54@mail.ru

Сәдуақас Г.Т.

ассоциативті профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы, gulbanu_sadvakasova@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МАМАНДАРЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЯРЛАУ

Түйін. Мақалада болашақ бастауыш білім беру мамандарын қоғам талабына сай кәсіби дайындау мәселесі қарастырылған. Болашақ бастауыш сынып мамандарына оқушылардың сөйлеу дағдылары мен зерттеу әрекетін қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары көрсетілген. Сонымен қатар оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына және олардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған жұмыстардың маңыздылығына тоқталған.

Резюме. В статье рассматривается профессиональная подготовка будущих специалистов начального образования в соответствии требованиями общества. Мы в своей работе показываем будущим специалистам начальной школы формы организации разных видов работ направленных на формирование исследовательской деятельности и разговорных навыков учеников. А также говорится о важности работ направленных на развитие ученика как личности и присвоения у них общечеловеческих ценностей.

Summary. In article vocational training of future experts of primary education in compliance is considered by requirements of society. We in the work show to future specialists of elementary school of a form of the organization of different types of the works directed to formation of research activity and colloquial skills of pupils. And also to be told about importance of the works aimed at the development of the pupil as persons and assignments at them universal values.

Болашақ бастауыш білім беру мамандарын кәсіби қызметке дайындау – бүгінгі таңдағы маңызды проблемалардың бірі. Оның себебі заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі дамудың кезекті кезеңін бастан өткеріп жатыр. Соған байланысты жоғары оқу орындарының алдында кезек күттірмейтін мәселе түр: ол – студенттерді, яғни болашақ мұғалімдерді жаңартылған білім мазмұнына өтуге байланысты туындаған жаңа жағдайда жұмыс жасауға дайындау. Мұның өзі өз кезегінде жоғары оқу орнындағы білім алушыларды даярлау сапасын арттыруды және оларды жаңа мазмұнда жұмыс жасауға даярлауды талап етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін әдістемелік даярлау әдістемелік пәндерді оқыту барысында жүзеге асырылады. Сол себепті осы әдістемелік пәндер курсы оқыту барысында студенттерді әдістемелік біліммен қаруландырып, бастауыш сыныпта жүргізілетін пәндерді оқытуға кәсіби дайындау мәселелері қарастырылады. Осыған байланысты жаңартылған оқу бағдарламасымен жұмыс жасайтын болашақ бастауыш мамандарын оқыту үдерісін қандай түрғыда және қандай бағытта дайындаған дұрыс деген сауал туындайтыны сөзсіз.

Бастауыш сыныпта оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің басты бағыты – тіл арқылы оқушының ақыл-ой қабілеті мен тілдік эстетикалық талғамының дамуына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, коммуникативтік дағдыларының жетілуіне және шыңдалуына іргетас қалай отырып, өздігінен білім алуына мүдделілік туғызу [1]. Демек, болашақ мамандар тілді қарым-қатынас құралы ретінде, яғни коммуникативтік түрғыда оқытудың мәнін ұғынулары керек. Мұндағы коммуникативтік дегеніміз – қатысымдық деген сөз.

Коммуникация термині араласу, ойлармен, идеялармен, деректермен бөлісу деген мағынаны береді. Коммуникативтік-танымдық қызмет тілдің көмегімен жүзеге асырылады, еңбек ету мен танымдық үдеріс барысында адамдар арасында болатын қатынастардың ерекше түрі. Қатысымдық түрғыда оқыту мәселесімен шетелдік ғалымдар Е.И.Пассов, Г.А.Китайгородская, Б.Л.Скалкин, В.С.Коростылев, Н.И.Гришина, Л.М.Войтюк, М.Берман, А.В.Бухбиндер, А.Н.Леонтьев тағы басқалар айналысты.

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыда оқыту мәселесі біздің елімізде де арнайы зерттеле бастады. Бұл ретте, ең алдымен, белгілі ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның еңбегін атаған жөн. Ол қатысымдық әдісті алғаш рет ғылыми түрде негіздеп берді. Әдістемеші ғалым оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттерінің сөйлеу және ойлау механизмдеріне байланысты аспектілерінің әдістемелік жүйесін қалады.

Қазіргі таңда бағдарламаға енгізіліп, іс жүзіне асырылып жатқан қазақ тілі (2-4 сыныптар) оқу бағдарламасында жоғарыда көрсетілген сөйлеу әрекетінің төрт түрін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) қалыптастыруға басымдылық берілген. Бұл ретте бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту үдерісінде балалардың коммуникативтік, танымдық және басқа да белсенділіктерін арттыру жолдарын басты назарда ұстау өте маңызды. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мамандарын жоғарыда айтылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға қажетті білім, білікпен қаруландыруға тиіспіз. Бұл ретте ең алдымен, болашақ мамандарға тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуді жүзеге асыру жолдарын игерту керек. Бұл үшін, ең алдымен, студенттерге сөйлеу әрекетінің түрлері (оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым) жайында толық түсінік берілуі керек. Оқылым – тілдік қатынаста іске асатын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Оқылым – мәтіндегі белгілі бір ойды түсініп, қабылдап алуға бағытталған қатысымдық-танымдық әрекет. Оқылымның тілдік қатынастағы атқаратын рөлі туралы шетел, орыс әдіскерлері көптеген еңбектер арнады. И.М.Берман, З.И.Клычникова, И.М.Шварц, Т.Г.Егоров оқылымның психологиялық жағын зерттеп, оқылымға психологиялық тұрғыдан анықтама берсе, С.К.Фоломкина, А.А.Леоньев, С.Ф.Шатилов, И.Л.Бим, Т.С.Серова, Е.И.Пассов т.б. сияқты әдіскерлер оқылымның тілдік қатынаста алатын рөлін зерттейді.

Тілші-әдіскер ғалым Ф.Ш.Оразбаева оған мынадай анықтама береді: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу».

«Оқылым дегеніміз – параққа түскен қатысымдық тұлғалардың мағынасы мен мазмұнын ой мен сана арқылы қабылдай отырып, мәтіннен нақты ақпаратты табу, түсіну, оны қабылдау және дауыстап не іштей оқу арқылы тілдік қатынасты іс жүзіне асыру» – дейді [2].

Оқылым әрекетіне тән белгілер мынадай:

1. Оқылым тілдік қатынасқа түсу қасиетіне қарай жазылыммен тығыз байланысып, екеуі де қаріпке басылған мәтіндердің көмегі арқылы жүзеге асады.

2. Жеткізілетін ақпаратты қабылдау және оны түсінумен байланысты болғандықтан, оқылым сөйлесім әрекетінің рецептивтік түріне жатады [2].

Оқылым екі түрде: іштей оқу және дауыстап оқу арқылы жүзеге асады.

Оқылым сөйлесім әрекетінің түрі ретінде өзіне тән сұраныспен, мақсатпен, шартпен, нәтижемен ерекшеленеді. Оқылым сұранысы – қаріпке басылған сөздердің көмегі арқылы іске асатын қарым-қатынас, мақсаты – оқырманның өзін қызықтырып отырған сұрақтар төңірегінде ақпарат алуы. Оқылым әрекетінің шартына тілдің графикалық жүйесін меңгерту және ақпараттарды алудың әртүрлі тәсілдері жатады. Оқылым нәтижесі – оқырманның әртүрлі дәрежеде толықтай, тереңдей, үстірт оқуындағы өзіне қажет ақпаратты түсініп іске асыруы, өмірде қажетке жаратуы.

Тілдік қатынастағы хабардың пайда болуы, хабардың сыртқа шығуы, жеткізілуі, қабылдануы, хабардың жауабы оқылым арқылы іске асады. Осыған байланысты оқылым мәтіннен баяншы арқылы жеткізілетін хабарды қабылдауда тілдік қатынаста төмендегідей қызметтер атқарады:

- қатысымдық қызмет;
- әлеуметтік қызмет;
- ақпараттық қызмет;
- байланыстырушылық қызмет;
- танымдық қызмет;
- экспрессивтік қызмет.

Әдістемеші ғалым Ф.Оразбаева тіл үйренуге байланысты жиі қолданылып жүрген мынадай оқылым түрлерін көрсетеді: танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым.

Танымдық оқылым дегеніміз – оқушы кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет, журнал тағы басқа материалдарды оқып-түсінуі.

Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалды, не мәтінді басынан аяғына дейін толық үсініп оқу керек.

Ізденімдік оқылым – берілген материалдың ішінен автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу.

Көрсетімдік оқылым – берілген материалды оқып шыққаннан кейін, оның не туралы екенін қысқаша айтып беру, оның тақырыбын айқындау, ең басты мәнін, негізгі идеясын ашу [2,56-57].

Осы аталған оқу түрлері қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасында көрініс тапқан десек болады. Оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын айту, оған ат қою, мәтіннен белгілі бір сұрақтар бойынша тиісті жерлерді тауып оқу, мәтіндегі негізді ойды анықтау, дереккөздерден тауып оқу деген тәрізді оқу дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар дәлел болады.

Жазылым – тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет [2,59].

Жазу арқылы адам айтайын деген ойын қағаз бетіне түсіріп, екінші бір адамға жеткізеді. Демек, жазылым дегеніміз – белгілі бір ойды қағаз бетіне түсіру деген сөз. Дәлірек айтқанда, ойды жазбаша түрде жеткізу.

Бастауыш сынып оқушыларының жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін хат, құттықтау күнделік, хабарлама, әңгіме, мақала, эссе жазу және басқа жазбаша жұмыс түрлері жүргізіледі.

Бастауыш сыныпта оқушыларды жазуға, каллиграфиялық талапқа сай жазуға үйретумен қатар оларды сауатты жазуға және ойды дұрыс жеткізуге жаттықтыру керек. Осыған орай болашақ мамандарға бастауыш сынып оқушыларының жазылым дағдылары үш бағытта жүргізілетінін ұғындырып, соның әдіс-тәсілдерін меңгертуіміз қажет.

1. Оқушыларды жазуға үйрету, яғни жазу дағдысын қалыптастыру.

Жазу дағдысын қалыптастыруға қатысты дағдылар:

– әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;

– жеке сөздерді, шағын сөйлемдерді каллиграфиялық талапқа сай жазу.

Жазуға үйрету бастауыш сыныпта бірнеше кезеңмен өткізіледі. 1-сыныптың бірінші жарты жылдығында екі түрлі даярлық жаттығулары жүргізіледі.

1. Штрихтарды қосу арқылы сурет салу. Штрихтарды өзара қосып сурет салу, оны бояу оқушыларды жазуға даярлайды. Кіші әріптерге қарағанда бас әріптердің конфигурациясы әлдеқайда күрделі. Оларды жазып үйрену оқушыларға айтарлық дәрежеде қиындықтар туғызады. Сондықтан мұғалім бас әріптерді жазуға арналған түрлі жаттығуларды көптеп жүргізуге баса көңіл аудару керек.

2. Әріп элементтерін жазу. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың аса күрделі ұзақ қол қимылдарын жасауын керек етеді. Сондықтан аталған кездегі негізгі міндеттің бірі – саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ол үшін мынадай арнайы жаттығулар жүргізудің маңызы бар.

Бірінші жаттығу. «Бір – екі» деп санай отырып, саусақтарды стол үстінде шынтаққа қарай қозғалтатын қимылдар жасату (4 – 5 рет).

Екінші жаттығу. Оң қол саусақтарын жұму және ашу. Санау түрі: «бір» – жұму, «екі» – ашу (4 – 5 рет).

Үшінші жаттығу. Екі қолды алға қарай созып, екі қолдағы саусақтарды жұму және ашу. Санау түрі: «бір» – жұму, «екі» – ашу (5 – 6 рет) [3].

Оқушылардың жазу дағдыларын қалыптастыру мынадай әдістер арқылы іске асады: 1) Генетикалық әдіс. Бұл әдіспен жазуға үйрету жеңілден ауырға деген принципке негізделеді. Сондықтан әріп элементтері, әріптер алфавит тәртібімен жаздырылмайды, жеңілінен бастап жаздыруға үйретіледі.

2) Дайын үлгі бойынша жаздырып үйрету әдісі. Бұл әдіс бойынша әріптер, сөздер, қарындашпен жазылады я пунктирмен көрсетіледі де, оқушылар қаламмен үстінен бастыра жазады.

3) Тор сызық бойынша жаздырып үйрету. Дәптердегі тор сызық әріп элементтерінің шамасы, әріптердің формасы қандай екенін байқауға үлкен жеңілдік келтіреді, оқушыларды көзбен шамалауға қалыптандырады.

4) Такт бойынша жаздыру. Бұл әдіс бойынша оқушылар мұғалімнің нұсқауымен бір уақыт ішінде тегіс жазып үлгереді. Мұғалім бір-екі деп дауыстап тұрады, оқушылар соған қатар ілесіп жазып отырады. Бұл әдіс оқушыларды бір шама шапшаңдықпен жазуға қалыптандырады, кейін жаттай жазу жұмысы кезінде көп жеңілдік келтіреді [4]. Ғали Бегалмев көрсеткен бұл әдіс-тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдысын қалыптастыруда үлкен рөл атқарып келеді.

2. Жазу сауаттылығын қалыптастыру.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

– орфографиялық қатесіз жазу;

– пунктуацияны дұрыс қолдану;

– абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Сауатты жазуын қалыптастыруға бағытталған жаттығуларға жатқа жазу, көркем жазу, тілдік материалды меңгертуге бағытталған жаттығулар, оқушы шығармашылығын дамытуға негізделген жаттығулар, әр түрлі диктант жұмыстары, ойын жаттығуларын жатқызуға болады. Бұл топтағы жаттығулар оқушылардың фонетика, лексика, грамматикадан алған білімін бекітіп, жазылым дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Мысалы:

1-жаттығу. Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жаз.

ә) Еңбек етсең

б) Күтім қандай болса, ...

в) Тазалық-

г) Не ексең ,

2-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерден антонимдерді тауып, олармен жаңа сөйлем жаз.

1. Жақсының өзі кіші, ойы биік.

2. Жақсы ата жаман балаға қырық жыл азық.

3. Жақсы дос ашып айтар, жаман дос шашып айтар

3. Ойды жазбаша дұрыс жеткізуге жаттықтыру.

Ойды жеткізе білуге қатысты дағдылар:

– сөздерді дұрыс тандай білу;

– грамматиканы дұрыс қолдану;

– сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;

– ойды стильдік жағынан дұрыс жеткізе білу;

– мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу.

Аталған дағдыларды игерту үшін мәтін құрап жазу, жоспар құру, тірек сөздер мен жоспар бойынша мәтін құрау, эссе жазу т.б. жұмыстар орындалады. Мәселен, мынадай тапсырмалар орындалуға болады:

1. Мұғалім, мектеп, оқу, талап, кітап тірек сөздерін пайдаланып, «Мектепте» тақырыбына мәтін құрап жаз.

2. Тірек сөздердің көмегімен «Ісмер» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Тақырып: Ісмер.

Тірек сөздер: түскііз, бөлме қабырғасын сәндеу, ұлттық жиһаз, ісмер, түсті жіп, кестелеу, ұсақ моншақтар, өрнек, сән беру.

3. Өзің жақсы көретін жыл мезгілін мына сөздер арқылы сипаттап жазып бер.

Үлгі: қоңыр күз, суық жел, қарлы жел, түнерген аспан, күн қысқа

4. Жоспар бойынша әңгіме құрап жаз.

Жоспар:

1. Әншімен кездесу

2. Әншінің әңгімесі және әні

3. Әннің оқушыға әсері

5. «Жақсының сөзі өлмейді» мақалының қандай мағына білдіретіні жайлы эссе жаз.

Мұндай жаттығулар оқушылардың өз ойларын жазбаша сауатты жеткізуіне мүмкіндік жасайды.

Болашақ бастауыш сынып мамандары игеруі тиіс келесі мәселе – олар оқушылардың зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру жолдарын үйренулері тиіс. Өйткені зерттеу – танымдық әрекеттің белсенді формасы ретінде жаңа білімді өндіру тәсілі. Леонтьев А.В. зерттеушілік іс-әрекетке мынадай анықтама береді: «Зерттеушілік іс-әрекет – алдын-ала шешімі белгісіз және ғылым саласындағы зерттеулерге тән мәселені қою, тақырыпты теориялық зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау, практикада жүзеге асыру, өз бетінше ақпарат жинау, оны талдау және қорытынды шығару сияқты негізгі кезеңдерден тұруды болжайтын оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік міндетті шешумен байланысты іс-әрекеті» [5, 9]. Демек, зерттеушілік іс-әрекет – оқушының шығармашылық қабілетін жүзеге асыру құралы. Осыған орай, болашақ мамандар оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, оларды танымдық үдерістегі дайын мағлұматты қанағат етпейтін шығармашыл тұлғаға айналдыруды мақсат етуі керек. Сонда ғана оқушылар зерттеушілік іс-әрекеттері негізінде жаңа білімді сыни тұрғыдан

қабылдауға, шығармашылықпен жұмыс істеп, сол жұмыстан өзіндік қорытындысын шығара білуге үйренеді. Сол себепті студенттерге оқушыларды зерттеушілік әрекетке баулу жолдарын таныстырып, сол бағыттағы тапсырма үлгілерін жасату дұрыс. Мәселен, «Зат есімнің септелуі» тақырыбын өткен кезде оқушыларға қандай зерттеушілік бағыттағы тапсырма беруге болады? Мынадай үлгідегі тапсырманы алайық.

* Әр тілде неше септік бар (қазақ, орыс, ағылшын т.б.)? Септік жалғаулары қандай қызмет атқарады? сұрақтарының жауабын дереккөздерден іздеп тап. Бұл тапсырма оқушылардың ізденісін қажет ететіні сөзсіз. Немесе, «Жеті қазына», «Сандар сыры» тақырыбында ғылыми жоба дайында деген тапсырма ұсынуға болады.

Үшіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына және олардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруды игеруге міндетті. Олай дейтініміз, қазіргі білім беру жүйесіндегі басты талаптың бірі оқушының тұлға ретінде дамуына мүмкіндік жасау, сол үшін тұлғаға бағдарланған оқытуды жүзеге асыру болып отыр.

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды», – дейді ұлы Абай. Демек, білу үшін шын «мейірлену», оны меңгеруге шынайы ниетпен ұмтылу керек.

Сол себепті болашақ мамандар білімді өздіктерінен саналы түрде игеріп, мектеп тәжірибесінде бүгінгі күн талабына сай жүзеге асыру жолдарын осы кезден бастап үйренгендері жөн.

Қорыта айтқанда, болашақ бастауыш сынып мамандары оқыту үдерісінде оқушылардың тұлғалық, танымдық, коммуникативтік білім, білік, дағдыларын қалыптастыру жолдарын меңгеріп шығулары тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі оқу бағдарламасы. Астана, 2016.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2000.
3. Әуелбаев Ш. Бастауыш класс оқушыларының каллиграфиясын жетілдіру// «Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы» атты кітапта. -Алматы, 1987.
4. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері. –Алматы, 1950.
5. Леонтьев А.Н. Учебно-исследовательская деятельность школьника как модель педагогической технологии // Народное образование. 1999. № 10.



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE



Джанабергенова Ж.К.

Магистрант

ҚазМемҚызПУ

Алматы

КИНО АУДАРМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақала кино аударманың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Кинодискурсының ұғым-категориялары сараланды, кинодискурс аудармасының негізгі белгілер мен морфосинтаксистік және лексикалық сипаттары айқындалды. Кино мәтінінің стильдік ерекшеліктері сараланып, жанрлық топтары қарастырылды.

Тірек сөздер: кино, кино аудармасы, кино мәтіні, кинодискурсы, кинодиалог, лингвомәдениет.

Резюме. Статья посвящена проблеме перевода кинодискурса в современном языкознании. Дается обзор работ лингвистов и представителей смежных научных отраслей, рассматриваются перспективы дальнейшего изучения кинодискурса.

Ключевые слова: кинематография, кинематография, кинотекст, кинематография, кинематография, языковая культура.

Summary. The article is devoted to the problem of studying film discourse in modern linguistics. A review of the work of linguists and representatives of related scientific fields is given, and prospects for further study of film discourse are considered.

Keywords: cinematography, cinematography, cinema text, cinematography, cinematography, linguistic culture.

Кино жанрының зерттелуі лингвистика және әдебиеттану салаларынан анық байқалады. Кинодағы лексика-грамматикалық, стилистикалық, коммуникативтік бөлшектер осы екі саланың құзыретіне жатады. М.М. Бахтин жанрды екі түрге бөледі: «біріншілік (қарапайым)» – «күнделікті ауызекі сөйлеу барысындағы сөйлесім» және «екіншілік (күрделі)» – «біріншілік жанрдың пайда болатын күрделі үрдіс» (мысалы, роман, драма) [1, 252]. Бұдан шығатын қорытынды қарапайым жанрдан диалог дискурсы, күрделі жанрдан кинодискурсы пайда болады. Кинодискурс тілі және ондағы баяндау, сипаттау, мазмұндау тұрақты морфосинтакстік және лексикалық мінездемелерге ие.

Кинодискурстағы кино тілі лингвистикалық зерттеулерден өтіп, жанрлық топтарға жіктеледі. Алайда, жеке және универсалды мінездемелер бойынша кино тілін терең зерттеу үшін үлкен тәжірибеден өту керек. Кинодискурста үш түрлі белгі тән: индекстер, маңдайшалар, символдар (жалпы белгілер). Кинодискурстағы негізгі белгілерге – қосалқы жарықтар, актерлік шеберлік, бейнелік декорациялар жатады. Сонымен кинодискурстың үш жанрын зерттеушілер былайша ажыратады: көркем(қойылымдық) киномәтін – түрлі әрлегіш суреттемелер арқылы беріліп, – көркем әдебиет стилінде жазылатын киномәтін; деректі (тарихи-деректі) – ғылыми деректерді пайдалана отырып, ғылыми стильде жазылатын киномәтін (ғылыми және публицистикалық кинодискурс); анимациялы (мультипликациялы) – иконикалық суреттемелер арқылы әрленіп, кітаби – стильде жазылатын киномәтіндер.

Қазіргі кездегі кинода қойылымдық дискурс эстетикалық жүйелермен қатар, күнделікті қоғам өмірінен алынып жасалып, шынайы шығармашылық образдарға ие болып отыр. Бұл сияқты жағдай тек кино саласына ғана емес, сонымен бірге БАҚ-қа да тән. Киномәтінді құрастыруда режиссер, сценарист және композитор үнемі бірлікте жүреді, лингвистикалық зерттеулер тұрғысынан кинодискурста шығармашылық және ұйымдастырушылық ұжыммен қатар маңызды тұлға режиссер болып есептеледі. Жұмыстың ұжымдық сипаты рөлдерді дифференциалды сомдағанда көрінсе керек. Рөлді сомдаудағы автордың тұлғасы жанрдағы ең маңызды құбылыс. Сондықтан, кинодискурсты альтернативті (авторлық, тәуелсіз) және коммерциялық (жанрлық) бағыттармен ажыратады. Альтернативті кинодискурста бір адам режиссер, сценарист, продюсерлік сияқты жұмыстарды атқара береді, кейде мұндай жұмыстар бірнеше адамды құрайды. Өзінің төл киносын жарыққа шығарушылар ешкімге тәуелді болмай, жеке стильге ие болады. Артхауста «кино адамының индивидуалды стилі – оның өз мақсаттарын айқын бейнелеп береді» деп М.М. Бахтиннің сөздерімен айтуға болады [1, 254]. Авторлық кинофильмдер кинокөрсетілім фестиваліне жолдама алады және шектеулі көрерменге жол тартып, киносыншылардың назарына ілігеді. Жанрлық кинодискурстың түсінігіндегі коммерциялық

жолмен танымалдылыққа қол жеткізген кинематограф аудиторияның қызықтыруға тиісті. Индивидуалды стиль жеке мақсаттың айқындалуына әсер етіп, баяндаудың эпифеномені болады». Көрерменнің формалды параметрі ретінде оның жасы қаралады.

Кинодискурстың реципиенті және оның авторы үнемі тығыз байланыста бола отырып, актын уақыт пен кеңістікке байланысын қарайды. Киноның заманауи сатысындағы формалды байланыс деп кинорецензияны, форумдағы талқылаулар мен бейнебаяндардың түсірілуін, түрлі тақырыптық шоулар мен киім мен аксессуарларын жарнамалаудағы кинокартиналарды айтады. Когнитивті сатыда белсенді әрі жауапты түсінік ретінде көрерменнің кей жағдаяттарға көзқарасы білдіріледі. Сонымен, кинодискурс саласындағы әр тұлғаның таным-түсінігі бойынша кинофильм жай ғана түсіріліп қойылмайды, сонымен қатар кинофильм – аудиовизуалды шығарма, кинофильмде диалогтық кинодискурс қатар жүреді. Лингвистикалық көзқарастар бойынша кинодискурсты шығармашылық немесе деректі, стиліне байланысты публицистикалық немесе ғылыми деп ажыратады. Жанрлық ерекшеліктеріне қарай (мысалы, жастар комедиясы, авторлық кинофильмдер) кейбір жанрлар лексика-грамматикалық субстанцияға сәйкес өзгереді делінген. Көркем шығармашылық дискурс өз кезегінде деректі, театралды дискурстармен қатар, драмадағы, көркем әдебиеттегі және ауызекі сөйлеу дискурстармен жымдасады.

Лингвистердің пікірінше, киномәтін – ауызша (лингвистикалық) және бейвербалды (иконикалық немесе индексалды) белгілердің көмегімен ұжымдасқан толықтай байланысқан, біртұтас және аяқталған мәтін. Ол кинематографиялық кодта тіркелген және көрерменнің аудиовизуалды қабылдауына сәйкес құрылады. Ал, кинодиалог семиотикалық таңбалар бойынша да, вербалды компоненттердің көмегі арқылы да, сонымен қатар аудиовизуалды мағынасының біртұтастығының қамтамасыз етілуі нәтижесінде пайда болады. Осы екі жиі қолданылатын ұғымдарды салыстыру арқылы кино жұмысының түрлі анықтамалары, мақсат-міндеттері айқындалады. Бұл ұғымдар құрылымдық вербалды және бейвербалды компоненттер фильмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір вербалды немесе бейвербалды компоненттің жалпы міндеті – авторлық идеяларға тәуелді болатынын білдіреді. Бұл ұғымдар кино тілін тек зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар жұмыс істеу ерекшеліктері (белгілер және оларды ұйымдастыру) арқылы тәжірибе жинауға, лексика-грамматикалық, стилистикалық және лингвомәдени аспектілерді пайдалану арқылы сөз мағынасының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді [2, 98]


М.М. Бахтиннің көзқарасына сәйкес, қандай да бір шығарманың оқиғасын, кейіпкердің бастан кешкен жай-күйін көрермендер де солай сезініп қарайтын болса, ол кино саласындағы үлкен шығармашылық жетістік болып табылады екен. Сонымен қатар, көрерменнің рухани байлығы сондай белсенділіктің әсерінен де дами алатынына көз жеткізеді [1, 76]. Яғни, киноның әсеріне байланысты кинодағы кейіпкерлермен көрермендер сырлас болып, үлгі аларлықтай іс-қимылдарын өз бойына дарытады. Сол кейіпкердің жағымды әсерін көрермен өзіне алуға тырысады. Диалогтық кинодискурстың модусы жөнінде зерттеушілер «Кинодағы сөйлеу тілі оймен жазылмайды, сол себепті ауызша мәтін деген болмайды. Кинодағы сөйлеу ерекше формаға ие болады». Кино тілі тек вербалды компоненттер көмегімен емес, сонымен қатар бейнелік және әуенді бөлшектердің әсерімен де жазылады. Осындай құрылымдар арқылы толыққанды сценарий жазылады. Киносценарий проза жанрындағы романдар мен повестер секілді «толық, аяқталған шығарма» емес, кинодағы сценарийге түсірілім барысында көптеген жазбалар жазылып, дамытылады [3, 9].

Қазіргі кездегі кино саласындағы тұлғалардың тәжірибесі актерлардың актерлік шеберлігі арқылы өлшенеді, ал киномәтінді тіл біліміндегі стилистика-синтакстік, лексикалық ерекшеліктер арқылы айқындауға болады. Кинодағы сөйлеу мазмұны эстетикалық интерпретациялы құрылымдардың құзыреттілігіне жатады. Кино саласындағы мәтін ұғымының қызметі ерекше. Кино аудармасында мәтін мен бейне бірдей ауқымда ақпарат жеткізеді, бұл қатарларды біріктіру үшін сценарий жасалады. Бұл кинодиалогты бейнеқатардан бөлек аударуға болмайтындығын дәлелдейді. Субтитрлік және дубляждік эквивалентті аударма категориясы дәстүрлі көріністі бұзады. Дегенмен, В.Е. Горшкова дәлме-дәл байқағанындай, «Глобализациялық оқырман белгілі бір мәреде көрермендерге орын береді. Біздің ғасыр – визуалды көрініс ғасыры, коммуникативті қарым-қатынас сөздік көмегімен ғана емес, сондай-ақ ым-ишара, дауыс екіпінінің көмегімен де жүзеге асырылады» [4, 113].

Мәтін ұғымын лингвистер көп жағдайда коммуникативтік акт аясында, яғни сөйлеуге («речь») тән элемент ретінде де қарастырады. Ауызекі шығармашылық («речетворчество») – тоқтаусыз, үздіксіз қозғалыстағы және құбылып отыратын құбылыс. Оның бір ғана сәттік «тұрақты» қалпын қағазға не магнитофон таспасына түсіріп алуға болады. Бұл үзік те, әрине, мәтін деп танылады. Жалпы

тіл білімінде мәтін лингвистикасы жан-жақты зерттеліп келеді. Соның нәтижесінде мәтін мен дискурс ұғымдарының ара-жігі ажыратылып, функционалдық қызметі сараланған. Мәтін және дискурс ұғымдарының кино аудармаларындағы қызметі қандай деген мәселеге назар аударуды жөн көріп отырмыз. Лингвистикада мәтіннің статикалық күйінен динамикалық күйіне ауысуы дискурс ретінде танылып жүр.

Негізінде, киномәтіні сценарий ретінде көркем әдебиет пен телеэкран ерекшелігіне бейімделіп жазылса, тәржімаланарда алдымен қағазға түсіріліп барып аударылады (бұл ізбе-із аудармадағы жедел жазып аудару әрекетімен, қасиетімен тең емес, мүлдем екі басқа дүние). Аударылған мәтін осы әрекеттерден кейін барып қайта синхрондалады. Яғни синхрондалу тек ресми жиындарға ғана емес, әртүрлі жанрада түсірілетін фильм аудармаларына да тән. Бірақ бірдей іс-әрекет пен бірдей сапада емес. Себебі 1) синхрондалушы мәтін тек ресми ғана емес, көркем әдеби мәтін де бола алады; 2) осыған орай ілеспе (синхронды) аудармадағы бірден аударма жасау талабы фильмдерді синхрондауда қойылмайды; 3) киноаудармашыда көркем мәтінді қайта редакциялау мүмкіндігі бар. Синхрондау ұғымы тек ауызшадағы ілеспе аударманы ғана қамтымай, сонымен бірге киноаудармаларын да өз қарамағына алады. Яғни синхрондалу түрлеріне қарай көркем аудармашы өзіне тиісті міндеттерге қоса туынды мәтінді фильм кейіпкерлерінің түпнұсқалық ауызша сөйлеу ерекшеліктерінің артикуляциясына лайықтап үйлестіру мәселесін де ескеріп отырады. Ш. Нурмышева киноаударманың түрлерін былайша жүктеп көрсетеді [5, 27]:



Кинодискурстың мәтіндік түрі де тақырыбына қарай әдеби тілдің функционалдық стильдік жүйелері секілді публицистикалық фильмдер стилі, ғылыми фильмдер стилі, деректі фильмдер стилі, көркем фильмдер стилі тәрізді бірнеше түрге бөлінеді. Ғалым А.Е. Кибриктің: “ақпараттың берілу арнасы мен жанры да дискурс түрін нақтырақ анықтауға мүмкіншілік жасайды” деген пікіріне сүйене отырып [6, 39 б.], көркем шығарманың экран ерекшелігіне бейімделген түрін көркем фильм дискурсы деп атауды ұйғардық. Яғни көркем фильм дискурсы – кейіпкер сөзінен басқаның түгелімен экстралингвистикаға (музыка, табиғи шу, көріністер, кейіпкердің бейвербалды әрекеттері, кинессика, паралингвистика) көшіруі. Көркем фильмдегі сөйлеу дискурсы жағдаятқа байланысты пайда болатын ым-ишара, интонация т.б. қимыл-әрекеттермен қоса жүретіндіктен, оның лексикалық, грамматикалық құрылымы жазба көркем әдебиет мәтіннен өзгеше болады.

Зерттеуші К. Садирова: “Дискурс... келесі бір сөйлеу актісінде басқаша сипатта жандану (қолдану) қабілетіне ие, сол сәттің өзінде оның бойында бастапқы пайда болған коммуникативтік жағдай ұшқындары сақталады...”, – деп көрсетеді [7, 9 б.].

Тілшілердің пікірінше, «дискурс – қолданыстағы тілдесім. Бұл прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б. экстралингвистикалық факторлармен бірге, оқиғалар аспектісінде алынып, осы факторлармен байланыстырылатын мәтін; әлеуметтік мақсатқа бағытталған, әрекет, жұмсалым, қолданыс ретінде қарастырылтын тілдесім. Киномәтініне қарағанда кино дискурсының қолданыстық аясы кең. Кино мәтіні ішінде коммуникация элементтерімен бірге оның мәнін ашуға арналған белгілер бар. Ал кино дискурсында хабар алмасу, қосымша ақпарат жеткізу қатар жүреді.

Мәселен киномәтінде автор мәтінді қалың көпшілікке арнап, соларға бағыттайды, бірақ өзі тікелей қарым-қатынасқа түспейді. Алкинодискурстың бүгінгі ұғымы мәдени-әлеуметтік, тарихи факторлардың бірге қарастырылуымен ұштастырылады. Қазіргі уақытта дискурстың қолданыстық ерекшелігіне байланысты зерттеушілер ғылыми, мемуарлық, феминистік, саяси, әлеуметтік, идеологиялық, діни, кәсіби (медицинаға, педагогикаға, т.б.) дискурстар деп бірнеше түрге бөліп қарастырып келеді. Яғни дискурс әлеуметтік және мәдени институттар қалыптастыратын, ағымдық сөйлеу ретінде зерттелуде. Ал кино саласындағы дискурс кенже қалуда. Зерттеушілердің пікірінше, дискурстың негізгі белгілерінің бірі – «процессуалдығы» немесе үдерістілігі екен. Дискурсты «құрамында мәтіннен басқа оны түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлары бар күрделі коммуникативтік құбылыс» ретінде қарастыру керек деген көзқарас бар. Бізге дейінгі зерттеулерде дискурс үш деңгейлі құрылымға жатқызылады: 1) суперқұрылым; 2) байланыс құрылымы; 3) синтаксистік құрылым [6, 58]. Бұл еңбектерде мәтін сөз актісінің жазудағы көрінісі, ал дискурс қолданыстағы мәтін деп ұғынылады. А.Әділова дискурс пен мәтіннің мынадай ортақ белгілері мен айырмашылықтарын келтіреді: 1. Дискурс автор интенциясына, стиль ерекшеліктеріне байланысты сұрыпталып, іріктеліп алынатын тілдік құралдардың жиынтығы; 2. Дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды қамтиды, ол сөйлеу үдерісі; 3. Дискурс нақтылы уақытпен ажырамас бірлікте, ал мәтін тек мәдени кеңістікте өмір сүреді, яғни ол уақытқа тәуелді емес, кез келген кезеңде екінші бір дискурста өзектенуі мүмкін; 4. дискурсты қайта туындатуға болмайды, ал көркем мәтін қайта туындатуға қабілетті және бейім; 5. Дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән тудырушы көпқырлы, көпқабатты құрылым [7, 49].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бахтин М. М. Проблема речевых жанров // Бахтин М.М. Эстетика словесного С. 250-296.-Лотман Ю. М. Семиотика кино и проблемы киноэстетики. – Таллинн: Александра, 63с.-Сафронов А. А. Смыслообразование в драматургическом тексте и его вторичных 142 с.-Горшкова, В.Е. Перевод в кино Текст. / В.Е. Горшкова. Иркутск: МИГЛУ, 2006. – 278 с.
2. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты 2010.
3. Кибрик Е.А. Лингвистические предпосылки моделирования языковой действительности в интеллектуальных системах. – М.: Наука, 1987. –33 с.
4. Садирова Қ.К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. –Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АқМУ РБО, 2008. – 428 б.

哈萨克斯坦阿勒法拉比国立民族大学教授 卡兹别克·古丽米拉
姜雯

哈萨克斯坦阿勒法拉比国立民族大学硕士研究生二年级

文学翻译是各国和各大陆的连接的因素

文学翻译是一种艺术创造力，其中原作的功能类似于生活现实对原始创造力的作用。根据他的世界观，译者在形式和内容的统一中反映了他所选作品的艺术现实。小说的翻译无疑是最困难的翻译类型，需要翻译人员提供特殊的创意数据，并为研究者理论家提出了复杂的问题。

文学翻译有助于加强国家间的文化联系，丰富文献资料，促进民族文学语言的发展。让我们回顾一下歌德的话：“无论翻译工作的缺点是什么，翻译工作一直是并且仍然是将宇宙联系在一起的最重要和最有价值的事迹之一。”“翻译”，尤其是艺术的翻译，是一个多方面和复杂的现象，无论是被看的语言空间如何，或是特定人群的民族和文化特征如何，在这种情况下，哈萨克语都具备。

将俄罗斯经典大师的作品转化为外国文学的一部分是不可或缺的先决条件（除了翻译本身的高艺术价值）这种作品对于接受文学的社会道德和审美意义出现了吸引力。

冲击着小型俄罗斯经典的基础，在许多情况下都有着教育的理念和教育目标。

因此，哈萨克民族伟大启蒙者Ыбырай Алтынсарин是从俄罗斯到哈萨克斯坦的第一批译者之一。阿拜·古纳巴尔瓦创造对哈萨克文学非常重要伟大的文学遗产。他的翻译永远带着普希金与哈萨克人的诗歌。从普希金的小说《叶夫根尼·奥涅金》中，阿拜翻译了几个段落：“塔蒂亚娜的信”，“奥涅金的答案”的两个版本，“奥涅金的话语”，“伦斯基的话语”。

在二十世纪的初，萨乌丹马赫穆特，木哈灭占，撒比特，司班吉牙勒和其他人积极参与翻译。文学翻译在1917年伟大的十月社会主义革命后迅速发展。幸亏文学翻译，开展了世界各国文学的长期互动。

现代翻译有严格的要求。没有之前的言论自由。评论家和挑剔的读者会注意到任何错误的扭曲内涵。现代翻译需要很高的艺术水平。这种实践丰富了理论，期望从理论上有科学依据，有意义的方法和解决实际问题的例子。在翻译方面积累了丰富的实践经验，提出了各种解决方法。

首先，翻译应该向读者清楚，并产生与读者相同的情感和感受。

列夫写的“翻译”，“不能等于原作，但必须等于它对读者的影响。”

对于翻译的实践，必须用另一种语言来表达原文的思想，这将使其在原文中表达所具有的所有丰富性，清晰性和有效性传达给读者。

著名作家，翻译学者别里格勒在他的文章中写到了传播原始民族原创性的问题：“翻译应该如何听起来像是本土的，血源的，亲密的，也就是说，作为本土文学的现象，或者作为外来的东西，具有不同颜色的异国情调，气味那是奇特的，不寻常的？与长胡子争执。有权威的观点支持一种或另一种趋势，用俄语阅读哈萨克作家的作品，我需要听到哈萨克语的表达方式……”。主要问题可以说文学翻译的主要目标始终是充分的，表达了原作的思想和艺术价值，其风格首先，这个问题在许多理论家的作品，现代现实翻译方法的支持者中得到了特别的关注。这些问题专门用于作家的哈萨克语翻译工作。让我们转向涅齐格涅夫院士最近出版的专著- 艺术形象在历史方面的作用。该书解决了“艺术家”与“艺术感知者”之间创造性关系的问题。“在历史过程中艺术形象最”简单“和自然的功能，”涅齐格涅夫院士写道，“是读者对它的看法。并且进一步说：“只有当人们阅读器的记忆被读取，重新阅读或重新创建时，工作才会出现并起作用。作家和读者是不可分割的概念：一个已经相互撕裂的概念，每一个都失去了它的本质。涅齐根娜谈到作家和读者之间的关系，一个不理解或不接受原作的艺术形象的坏读者，无论是无知，对其感知毫无准备，还是对概念的自信替代。

在不同的语言和文化环境中，艺术形象会发生什么？原作者与翻译读者之间的关系是什么？原则上，它们与单语作家和读者之间是一样的，只有一个附带条件：这种关系变成间接的，间接的。连接被破坏，更确切地说，连接被修改；一种新的，复杂的交流方式诞生了：原作者是翻译的译者。在这种沟通中，译者的社会地位是什么？译者“注意到”作者，在一定程度上履行了他的职责；记住这一点，它必须与他在各级充分性上所翻译的作者相对应，当然，除非他不能这样做的客观情况。译者是作者与外国语言之间的中介，与作者有关。但他本人，首先是一个读者，一个外语文本的第一个和特殊的读者，他是一个外国读者，并具有他的一般文化和语言博学。他指导原文的理解和重新表达，是他自己的民族文化的儿子，因此，一个人认为世界与原作的作者有点不同其次，译者不仅是读者，而且是批评家和文学批评家，这种本质使他在评价和理解外语文本，世界观，使其更接

近原作者的世界观和视野方面给予了极大的帮助。最后，翻译是外语作家的“共同作者”，具有所有可能和自然的保留，但仍然是“共同作者”因为它使工作在不同的语言和社会文化环境中焕发新生。此外，作为读者的翻译“阅读”与阅读所有其他读者之间的区别在于他阅读的重点，首先是对原始文本链接的理解。翻译读者也很特别，因为他不会停留在阅读阶段，而是寻求进一步的重新思考原创。最近，出现了一个有趣且令人鼓舞的趋势：年轻科学家正在转向哈萨克文学的遗传资源，这些资料构成了其史诗般的经典基础。

这是一种独特的现象 – *жырау*，标志着一定的历史时代。不仅对于俄罗斯人，而且对于哈萨克语的读者来说，许多混淆和误解都与创造性工作有关；年轻译者的目的是深刻理解作为一种现象并以螺旋形式翻译的作品，深入研究材料：理解，拒绝模式和传统，以及通过深度理解翻译。这一趋势的学者和翻译者最近补充了完全流利的俄语和文学知识，其遗传语言为哈萨克语，其中哈萨克人的心态，国家特征在脑中理解，从而更好地理解和重新表达原文。

今天，人们对翻译的兴趣不仅在新的力量下变得更加尖锐，而且人们也越来越清楚地认识到需要科学地系统化和总结这一领域积累的丰富实践经验的结果，以及过去和现代作家和科学家的批判性思想。翻译研究的因素是对当前趋势的理论认识，翻译方法是近期科学著作中出现了研究原始形象和风格转换现象。

因此，应该指出：

1. 每个国家的翻译历史是特定科学成熟的结果，证明它既有科学理论又有广泛的实践。
2. 在过去的几十年里，翻译和翻译科学实践中取得了重大成功。已经形成了足够丰富的研究基础理论，并积累了多年的翻译经验。
3. 应该指出的是，在我们国家的翻译和批评翻译史上仍然存在很多空白。在单独的文章和专著中，没有关于哈萨克斯坦翻译历史的完整科学描述。许多理论著作只是一篇评论。
4. 翻译研究是翻译史的重要组成部分，对于国家文学和语言的发展具有重要意义。
5. 翻译在一个国家文化发展中的重要作用是众所周知的。哈萨克斯坦的科学家，作家，评论家的翻译实践表达了对文学翻译的浓厚兴趣。文学翻译在文化的发展过程中也会促进全民族和睦。

参考文献：

1. 达拉然拉夫书中的《关于翻译和翻译》，《词汇和风格问题翻译》。A., 2000。s.32-49
2. 齐俄勒嘎斯基 《东方的俄罗斯文学》翻译理论与实践。1987年，莫斯科
3. 萨嘎得郭瓦 《基本翻译》。阿拉木图，1996年

Қазыбек Г.Қ.

профессор

Казахского национального университета имени аль-Фараби

Цзян Вэнь

магистрантка 2 курса

Казахского национального университета имени аль-Фараби

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПЕРЕВОД – ФАКТОР СБЛИЖЕНИЯ СТРАН И КОНТИНЕНТОВ

***Түйін.** Аудармашы барлық тілдік және әлеуметтік-мәдени ортада жаңа өмірге қол жеткізгендіктен, шет тіліндегі жазушының барлық ықтимал және табиғи резервтері бар «бірлескен авторы», алайда «бірлескен автор» болып табылады.*

***Резюме.** переводчик – «соавтор» иноязычного писателя со всеми возможными и естественными оговорками, но все-таки «соавтор», ибо дает произведению новую жизнь в иной языковой и общественно-культурной среде.*

***Summary.** The translator – "co-author" is an inexperienced writer with all possibilities and naturalist consensus, but all-in-one, "co-author," a new type of life in the common language and the cultural life.*

Художественный перевод, есть вид художественного творчества, где оригинал выполняет функцию, аналогичную той, которую выполняет для оригинального творчества живая действительность. Соответственно своему мировоззрению переводчик отражает художественную действительность избранного им произведения в единстве формы и содержания. Перевод художественной литературы является, несомненно, самым сложным видом перевода, который требует от переводчика особых творческих данных, а перед исследователями-теоретиками ставит сложные проблемы.

Художественный перевод служащий укреплению культурных связей между народами, обогащающий принимающие литературы и содействующий развитию национальных литературных языков. Вспомним слова Гете: «Что бы ни говорили о недостатках переводческой работы, труд переводчика был и остается одним из важнейших и достойнейших дел, связующих воедино вселенную».

Алтыншысы: діни нанымдардан келген, кейбір сөз тіркестердің ұғымдары діни әрекеттерінен келеді. Мысалы: «五体投地/бас ұрып, аяғына жығылу» буддизмнің ең құрметті сәлем беру тәсілі болып табылады, біреуге дән риза болуын тәмсілдеп тұр.

Ал қытай тіліндегі төрт иероглифтік құрылымның өзіндік ерекшеліктері де бар.

1. Құрылымның тұрақтылығы. Төрт иероглифті тұрақты сөзтіркесі қысқа сөз тіркесі болғандықтан, оның құрылымының тұрақтылығы сөз құрамдастары мен құрылымдық қатынастар арасындағы тұрақты қарым-қатынаспен ерекшеленеді, яғни оларды құрайтын бөліктерді бөлуге немесе басқа сөздермен ауыстыруға болмайды. Ол екі жағынан көрінеді: Біріншіден, қытай тілінің төрт иероглифті тұрақты сөз тіркесі кеңінен таралған процесте қысқаша және тұрақты формалды құрылымды қалыптастырды, тіпті синонимдер немесе мағыналас сөздермен де ауыстыруға болмайды. Екіншіден, құрылымдық компоненттер арасындағы қарым-қатынасты немесе сөз тәртібін ерікті түрде өзгерте алмайсыз. Олардың ішкі құрылымы әртүрлі қатынастардан тұрады, өйткені бұл құрылымдағы сөз тіркестері біртіндеп ұзақ мерзімді пайдалануда қалыптасқан.

2. Семантиканың тұтастығы. Тұрақты сөз тіркестерінің мәні тұтас. Оның мағынасы құрамдас элементтерінің мағынасын қарапайым қосу емес, тұтастай төрт иероглиф нақты бір мағынаны береді. Екінші жағынан, егер сіз әр иероглифті бөліп қарап, мағынасын біліп тұрсаңызда, бірақ жалпы сөз тіркесінің мағынасын түсіну қиын және толықтай мағыналарын түсіну үшін олардың шығу көзімен байланыстыра қараған жөн.

3. Ұзақ уақыт қолданудан болған әдеттілігі. Сөз тіркестері адамдардың тұрмысын да кең таралған, кең қоғамдық негіз бар. Олардың кейбіреулері шығу тегі ғана бар болып қоймай, сондай-ақ ұзақ тарихы бар және мыңдаған жылдар бойы қолданып келінеді.

4. Ұлттық сипаты бар. Төрт иероглифтік тұрақты сөз тіркестері ұлттың немесе мәдениеттің сипаттамаларын неғұрлым нақты көрсете алатын айнаға ұқсайды.

5. Ырғақтықерекшелігі бар. Қытай тіліндегі бұл құрылымда сөз тіркестерінің басым бөлігі төрт буыннан тұрады, олар негізінен төрт сипатқа ие, бұл қытай елінің дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты, қытай философиясындағы «对称美/Симметрия әсемділігі» идеологиясының айқын көрінісі, яғни өзіндік интонация, ырғақтық әуенге, әуезділікке ие.

1956 жылдан бері ғалымдар қытай тіліне тоқтаусыз өзгерістерді енгізуде, қытай тілінің жазылу процесі өте күрделі, есте сақтауға ыңғайсыздықты әкелгені үшін иероглифтерді оңайландыру жұмысын жүргізген, көптеген күрделі иероглифтерді алып тастаған, бірақ төрт иероглифтік құрылымы негізінен бүкілдей сақталып қалды, қытай мәдениетінде сөздердің астарлы мағынасы өте көп әрі үлкен мәнге ие. Жоғарыда айтылғандай төрт иероглифтік құрылымы қытай әдебиетінде алатын орны өзгеше. Бұл құрылым тек қытай тіліне тән құбылыс, басқа тілден мұндай ерекшелікті байқамайсыз, негізінде, басқа тілдегі сөйлемді қытай тілінің төрт иероглифтік құрылымы мен трансформациялауға болады, бірақ керісінше бұл құрылымды басқа тілдерге аударғанда тек жай сөзбен немесе мағынасын беретін идиомалармен аударуға ғана болады, оның пішінін сақтап қалу мүмкін емес. «Оларды аударғанда мазмұнын дәл жеткізіп, ұлттық бояуын дәл бейнелеп, стилистикалық түрленуіне ерекше көңіл бөлу керек.» [4, 182]

Осы төрт иероглифтік құрылымын Абайдың қара сөздерінде де жиі кездестіреміз. Ендеше төменде түпнұсқадағы сөз тіркестерінің аудармадағы төрт иероглифтік құрылыммен аударылған мысалдарға қарайық:

Түпнұсқа	Қабай аудармасы	Су Жоушион, Әкбар Мәжит аудармасы
сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды,	哈萨克人一代代传下来的根深蒂固的愚昧状态，早使他们失去了做人应有的品德。他们惯于吹嘘、起哄、嬉皮笑脸、拨弄是非。他们从来没有想过，世界上有比他们这些更有趣味的东西。即使想过，也不愿意跟别人学。	那种与生俱来，根深蒂固，因袭至今的愚昧，早已使他们不成体统。除了他们那点喜欢眉飞色舞，飞长流短，飞扬跋扈，自吹自擂的习性，便不知道世上还有比这更为有趣的事，即使他们想起也不会投入。
Жолма-жолкері аудармасы	Қазақтардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, тамырына біткен надандығы, Олардың адамғатан мөралын жоғалты. Олар мақтануға, шу көтеруге, қылжақтауға, өсек өрбітіп көндіккен. Олар дүниеде бұлардан әлдеқайда қызықты нәрселер бар деп ойлаған емес. Ойласада, басқалардан үйренгісі келмейді.	Ондай тумыстан бар, тамырына біткен, осы уақытқа дейін жалғасқан надандық оларды қисынсыз қылып жіберді. Жайнақ қағып, өсек тасып, әспенсіп, өзін-өз мақтаған әдеттерінен басқа дүниеде көптеген қызықтардың бар екенін білмейді. Естеріне түсседі, оған кіріспейді.

Бұл Абайдың қырық бірінші қара сөзінен алынған сөйлемдер, көріп отырғандай көбінше тіркестер қытай тілінде төрт иероглифтік құрылымы бойынша аударылған, Екі аудармашы «сүйегіне

жеткен» деген тіркесті бірдей «根深蒂固/тамырына біткен»[5, 1052] деп аударған, «根蒂/тамыр», «深/терең», «固/берік» деген мағынада, бұл тіркес түпнұсқа сөзінің мағынасын дұрыс беріп тұрғаны айқын, осы тіркес шығу төркініне келсек, ол 老子(Лау Зи)ның «道德经/Дау Ды Жйң» атты шығармасының елу тоғызыншы бөлімінің «有国之母，可以长久，是谓深根固柢，长生久视之道» деген сөзінен келген, сондықтан сөздің шығу жолы қытай тарихи классикалық әдеби шығармаларынан шыққан болып саналады және кейіннен қазіргі заман қытай тіліне сай сәл өзгертулер енгізілген, дәл осы тіркес секілді, басқаларының да өзіндік шығу төркіндері бар. Ал түпнұсқада «ананың сүтіменен біткен» деген тіркесі Су Жоушион, Әкбар Мәжит аудармасында «与生俱来/тумыстан бар» деп берілген, біздің ойымызша бұлай аударған түпнұсқа авторының ойын дұрыс бере алған деп есептейміз, өйткені қытай оқырмандары үшін «与生俱来/тумыстан бар» сөзінің мағынасы түпнұсқа сөзінің мағынасымен бірдей бейне береді, бірақ Қабай аудармасында бұл сөз тіркесі мүлдем аударылмай кеткен екен.

Тағы бір айтпасқа болмайтын жәйт, дәл осы сөйлемде біз бір қателікті байқаймыз, түпнұсқада «пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма» деген тіркесті Қабай «拨弄是非/өсек өрбітіп» деп тәржімалаған, ал Су Жоушион, Әкбар Мәжит «飞长流短/өсек тасып» [6] деп берген, екі аударманың мағынасы бір бірімен ұйқас, яғни мағыналық жақтан ешқандай ағаттық байқамаймыз, бұл жердегі қателік аударманың баламалығында емес, қайта Су Жоушион, Әкбар Мәжит аударған «飞长流短/өсек тасып» деген тіркесінде, қытай тілінде «飞长流短» деген төрт иероглифті тұрақты сөз тіркесі жоқ, оның дұрыс нұсқасы «飞流短长»немесе «蜚短流长» болып саналады, шығу төркіні Пу Сун Лиңның (蒲松龄) «Ляужай ертегілері» (聊斋志异) атты ертегілер жинағынан шыққан, аудармашылардың бұл жерде неліктен мұндай қателік жібергені түсініксіз, мүмкін аудару барысында шатасып кеткен болуы керек, бірақ қалай болмасын мұндай қателіктер аударманың сапасына залал жеткізуі айқын.

Абайдың басқада қара сөздерінде осындай төрт иероглифтік тұрақты сөз тіркестері көп кезігеді, бырақ екі аударманы салыстырып қарасак, Су Жоушион, Әкбар Мәжит аудармасында төрт иероглифтік құрылым Қабай аудармасына қарағанда әлде қайда жиі қолданылған. Мысалы:

	Түпнұсқа	Қабай аудармасы	Су Жоушион, Әкбар Мәжит аудармасы
1	Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе	饥饿和贫困，亲朋之间的争吵都会导致盗窃、勒索、敲诈、搞阴谋等等，从而引起各种祸患。	饥饿与贫穷往往导致亲人和，邪恶滋生，盗贼蜂起；人们相互恃强凌弱，敲诈勒索，无恶不作。
2	Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен	蠢人的所作所为，总是不得其所，往往对一些没有根据，没有价值的事发生兴趣，盲目的追求。无端地荒废人生最宝贵、最有价值的时间，到末了，懊悔已无济于事。	庸人往往漫无目的，庸庸碌碌，碌碌无为，虚度光阴，虚度年华，虽终日后悔不迭，但也于事无补。
3	Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.	这些情绪的表现也有四点：①敷衍了事、无动于衷；②无止境地嬉戏和玩笑；③无端的忧愁和疑虑；④不正当的嗜好。	烦扰思绪有如：无所事事，萎靡不振；贪图安逸，追求享乐；陷于苦闷，不能自拔；偏生嗜好，玩物丧志。

Жоғарыда көрсетілінгендей сөйлемдер Су Жоушион, Әкбар Мәжит аудармасында төрт иероглифтік құрылымымен берілген тұрақты сөз тіркесі өте көп, «Эквиваленттіліктің қуатты бірліктерін жасау үшін екі тілді фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық деңгейде салыстыру.»[7, 9] осы тәсілде аудару бір жағынан аудармашының қабілетін көрсеткеннен басқа қытай тіліне тән образдылықты көрсетіп, бейне қытай тілінде жазылған шығармадай оқырмандарға

еш өгейлік танытпайды, керісінше таныстық, етенелік тудырады, сонымен қатар шығарманың қытай тіліндегі эстетикалық құнының жоғарлауына үлкен көмегін тигізеді.

Қорытынды

«Абай Құнанбаевтың «қара сөздері» ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы.» [8]. Бұл шығарманың көркемдік деңгей жоғары екендігіне күмәніміз жоқ, бір жақсы шығарма халықтың рухани мұрасын байыта түсетіндігін бәріміз білеміз, ал Абайдың «қара сөздері» үздік шығарма болғандықтан, оның құндылығы аса зор, ол тек қазақ халқына ғана тән рухани азық болып қана қоймай, тағы бүкіл адамзатқа тән рухани мұра. Сондықтан, «қара сөздердің» қытай тіліне аударылу маңызы бар, оны жоғары сапада аударып, қытай оқырмандарына түпнұсқаның деңгейіндей сезілетін аударма жасап шығу қытай тілі аудармашыларының міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы және практикасы: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 272 бет.
2. У Жин Фың. Қатай-Қазақ идиомаларына саластырмалы зерттеу. «Тіл және аударма» баспасы. 2013 武金峰汉哈成语对比研究语言与翻译杂志社 2013.
3. Жоу Жіфу. Өлеңнамаға түсініктем. «Жоңхуа шу жюй» баспасы Шаңхай周振甫诗经译注(修订本) 出版社: 中华书局上海 2010.
4. Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы және практикасы: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 272 бет.
5. Әбікенұлы Н. Қазақша-Қытайшы сөздік: 70000 сөз. – Үрімжі, 2010.
6. Ссылка: <http://xh.5156edu.com/html4/4764.html>
7. Мұсалы Л. Ж. Аударма практикасы: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016 – 94 б.
8. Ссылка: http://kk.wikipedia.org/wiki/Абайдың_қара_сөздері

Orazkhanova A.

Master student

Philology and World Languages Faculty

Al-Farabi Kazakh National University

orazkhanova_arai@mail.ru

Mussaly L.Zh.

candidate of philological sciences, associate professor of

Al-Farabi Kazakh National University

TRANSLATION METHODS OF ETHNOCULTURAL VOCABULARY IN THE EPIC POETRY «THE PATH OF ABAY» BY MUKHTAR AUEZOV IN RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары қарастырылады. Автор өзінің романында салт-сананы, ұлттық дәстүрді, қазақ ұлтының психологиясын шебер көрсетеді, сонымен қатар түпнұсқаның ұлттық ерекшеліктерін аударудағы басты мәселелерді зерттеуге түрткі болады.

Тірек сөздер: этномәдени лексика, аударма, аудармашы, транслитерация, аналог, калька.

Аннотация. В данной статье рассматривается роман эпопея Мухтара Ауэзова «Путь Абая» в переводе на русский и английский языки. В своем романе автор описывает национальные обычаи, традиции, психологию казахского народа, способствует исследованию важной проблемы передачи национальной специфики подлинника.

Ключевые слова: этнокультурная лексика, перевод, переводчик, транслитерация, аналог, калька.

Summary. The article speaks about an epic poetry «The path of Abay» by Mukhtar Auevov translated into Russian and English languages. In this novel, the author skillfully portrays national customs, traditions and psychology of the Kazakh people, promotes the study of the important problems of the transmission of national specifics of the original text.

Keywords: ethnocultural lexis, translation, translator, transliteration, analogue, calque.

Among the many challenges that examines modern linguistics, it occupies an important place to study linguistic aspects of cross-language speech activity, which is called "translation" and "translation studies".

Translations have played an important role in the formation and development of many national languages and literatures. Often, translational works preceded the emergence of original ones, they developed new linguistic and literary forms, and brought up wide circles of readers. Languages and literature of Western European countries owe much to translations from classical languages. Translations occupied a significant place in ancient Russian literature, played an important role in the formation of Armenian, Georgian, and many other literatures with a long history. The contribution of translators to the culture of the Arab East, India, China, and other Asian countries is less studied, but no less significant.

Full literary translation – its a recreation works again, under another language culture, preserving the original ethnocultural lexis of the country, but making them understandable to the representative of another nation, respecting the pace and rhythm of the work, without adding unnecessary embellishments of his own. The vocabulary of the epic novel is associated with the images of the nomadic life of the Kazakh people. The semi-patriarchal nomadic way of life is a measured life that repeats its circle: annual migrations, endless quarrels between clans – a life in which the monotony of everyday life is occasionally interrupted by vivid folk festivals about ancient traditions and rituals – commemorations, weddings, etc. This is a way of life of the people who spent their lives in the saddle, wandering through the vast expanses of the Kazakh steppes. Denoting specific objects and concepts inherent in the Kazakh people, these ethnocultural words embody national specificity.

M. Auevov is known as one of the founders of the modern Kazakh literary language. "M. Auevov ... spoke his native language brilliantly ..." [2; 52]. And in his works the writer widely and skillfully used the wealth of oral folk art. The Kazakh language, which for centuries absorbed the spiritual mood, the specifics of life and life of the inhabitants of the steppe, their history, enriched by the genius of the writer, widely and diversely reproduced in rich colors and with great force the national character and the fate of the people. In his work, M. Auevov valued the authenticity of images and realities, tried to present the subjects surrounding the Kazakhs of the last century in diverse and terminological terms, many passages from the novel testify to this.

Consequently, the translators of the novel “The Path of Abay” by M. Auezov used several methods of translation in transmitting ethnocultural vocabulary: a) transliteration and transcription; b) descriptive translation method; c) calque; d) analogue;

Transcription (transmission at the level of phonemes) and **transliteration** (transmission at the level of graphemes) were used in the transmission of proper names, geographical names, as well as in the transmission of household ethnocultural lexis. Translators use these techniques as a convenient way to name, emphasize and present a reality specific to the life of a given people. In the Russian and English versions of the original, the following translation transcriptions and transliterations were encountered:

Original	Russian	English
Мырза	Мирза	Mirsa
Ақын	Акын	Akyn
Бәйбіше	Байбише	Baibishe
Имам	Имам	Imam
Шолпы	Шолпы	Sholpy
Қалым	Калым	Kalym
Атқамінер	Аткаминер	Atkaminer
Ақсақал	Аксакал	Aksakal
Ауыл	Аул	Aul
Жігіт	Жигит	Djiguit
Сара апа	Сара апа	Sary apa

Let's consider on a concrete examples how these methods of transmitting realias were used by translators.

Original	Russian	English
«Өміржасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылгасын, қарағым», – деп үлкен бәйбіше шашуын шашты [Ауезов 1961: 1].	– «Да будет жизнь твоя долголетней! Пусть сбудут- ся все твои мечты, свет мой!» – ска- зала старшая байбише и броси- ла шашу [Ауезов 2007: 2].	– I wish you longevity! May all your dreams come true!» – said the Elder baibishe and threw the shashoo [Auezov 1975: 3].

The example shows that when transferring the realia " бәйбіше " translators used transliteration and presented in the footnote to explain the meaning of the realia – «бәйбіше – первая жена» – «baibishe – the first wife».

Often there are cases of translation of the realities of the novel, when translators used a combination of two techniques – transcription (or transliteration) and descriptive translation – giving the latter in a footnote or in a comment.

Original	Russian	English
– Осыдан он жыл бұрын Алишынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға кит деп Алишынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты – <u>тай</u> <u>тұяқ</u> , мына бесік жамбыдан кіші еді [Ауезов 1961: 1]	– Десять лет назад, когда Кунанбай приезжал сватать Дильду для Абая, он получил в подарок от родных невесты тяжелый «тай-тұяк». Привезен- ный Улжан бесик-жамба превосхо- дил его величиной – Кунанбай о даривал свата более ценным подарком [Ауезов 2007: 2].	– Ten years before, when Kunanbai had come to obtain the promise of Dilda's hand, the bride's parents had presented him with a heavy tai-tuyak. And now, Ulzhan had brought nothing less than a besik-zhamba of even more astounding proportions [Auezov 1975: 3].

- *Тай-тұяқ* – копыто жеребенка – название слитка серебра, определяющее его величину;
- *Tai-tuyak (foal's hoof)* – silver ingot of specified size;
- *Бесік-жамба* – слиток-колыбель; *besik-zhamba* – cradle – ingot.

This example shows how it is expedient to use combinations of two techniques translators – transcription (or transliteration) giving the latter a footnote or comment. Translators resort to transcription and transliteration techniques as a way to name and emphasize a reality specific to the life of a given people, conveying its national peculiarity and a peculiar flavor. Reception of transliteration is the most productive in the translation of this novel.

Descriptive translation method. Application of this translation method is characterized verbosity with deviations from the original context. In some cases, it can achieve greater precision in the transmission of national ethnocultural words than translation by transliteration and analog. In the English text of the novel by M. Auezov, mainly translated the ethnocultural words related to national dishes. For example: *қазы* – *казы* – *horse meat (колбаса из конского мяса)*; *бауырсақ* – *баурсаки* – *fried dough balls (жареные кусочки теста)*. This method explains the incomprehensible word to a foreign language reader, explaining the words extensively.

Original	Russian	English
«Тыстағы ойын: ат шабыс, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – барысы да күні болды» [Ауезов1961:1]	«Игры и состязания-скачки, борьба, козлодранье, верховая борьба, жигитовка – следовали друг за другом [Ауезов2007:2].	«Then followed the games: races, wrestling, a game in which the riders struggled to capture the carcass of a goat, combaton, horseback and horsemanship contests» [Auezov1975:3].

Such a description is better than the lexically short but incomprehensible translation. The lexical element does not reveal the full meaning of the word. Therefore, the translation is given in a footnote («козлодранье – конное состязание: скачки, в погоне за перехватываемой всадниками тушей козла»).

Calque – conveying the realias or ethnocultural lexis of a foreign language (FL) by replacing the constituents (morphemes or words) their direct lexical correspondences in the target language (TL). It can be seen from the following example:

Original	Russian	English
– «Кел», – деп шақырып ап, – пісмiлдә, – деп, өзі аттандырды [Ауезов 1961: 1].	«Пройди сюда», – подозвала она его сына. – «Писмильда», – сказала она, и с этим благословением сама посадила его на коня [Ауезов 2007: 2].	«Come to me», she called her son. «Bless you», she said and helped him into the saddle [Auezov 1975: 3]

In transferring «пісмiлдә» into Russian language was used the transliteration method, but with an explanation of the significance of the realia. «писмильда» a distorted «бисмиля» literally: «во имя бога» – «напутственное благословение». Into English it was translated “Bless you” and without providing the necessary explanatory comment.

Original	Russian	English
Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзінде, пәруәрдігер, – деп, Байтас бабын таба алмай басын шайқады. Жұмабай әбден болмаған соң: –Қап, мынаның баласы!... «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау! [Ауезов 1961: 1].	–И как это мальчуган не боится? О господи, да есть ли у него рассудок?... Жумабаю, который тоже не сумел справиться с мальчиком, оставалось только поддержать своего приятеля: –Весь в отца! «Я – сын матерого волка», – вот что говорит он своими выходками. [Ауезов 2007: 2].	“Why isn’t he afraid? Hasn’t he any sense?” Baitas shook his head reprovingly. “The spit and image of his father! A true son of the old wolf, that’s clear! [Auezov 1975: 3]

Here we can distinguish another example of calque translation:- «*Мен бөрінің бөлтірігімін*»; -! «*Я – сын матерого волка*»; *A true son of the old wolf, that's clear!*». Method of translation phraseological calque – a word-by-word translation of a phraseological unit

In cases when calque or literal translation leads to literalism, which distorts the meaning of Kazakh ethnocultural lexis, translators use the method of descriptive translation. In view of this, in the English version the national coloring of realia has been lost. It follows that calque, as well as transcription, and transliteration, does not always reveal the meaning of realia to the reader who is not familiar with the FI. This method is applicable only in cases where it is important to preserve the national color of reality.

Analogue. Under the translation of national ethnocultural lexicons with the help of analogue, i.e. related words, often synonymous with or explanatory phrases, similar in their characteristics, quality, etc. This method of translation is characterized as an approximate translation.

The translators of the novel into Russian and into English have widely used this method of translation. For example, with the help of the analogue, many words related to the nomadic life of the people are translated.

Original	Russian	English
Жайлау	Летнее пастбище	Summer pasture
Көктеу	Весенне пастбище	Spring pasture
Қыстау	Зимнее урочище	Winter pasture
Күзеу	Осеннее пастбище	Autumn pasture

If we consider the semantics of the analogue in the language of translation, then we can see that there are no complete matches of all the signs in their meanings, only the features that are reflected in the transmission of the national specificity of the original coincide.

The translator of the novel “The Path of Abai” into Russian was in a more favorable position than the translator of the same novel into English, as there are many words of the Turkic descent in Russian: «*архар, базар, зяур, кизяки, карагач*» which could be used as analogs for translating Kazakh realias. In this way, the use of Turkism has translated many realities denoting items of national clothing: *тымақ, бөрік – малахай, беишет – беишет, шапан – чапан, сәлде-чалма*. These Turkic borrowings secured in the Russian language as a sustainable use and familiar to the Russian reader. The translator of the novel into English, was not able to use Turkism, he transliterated these lexical units and transmitted them with English analogues: *тымақ – hat, шапан – clock*.

The main difficulty of transferring the ethnocultural words into a foreign language while translating process, this is to convey its national and historical colour. During the translating process translator does not have the right to distort ethnocultural words which represent the specifics of the national way of life, the unique life of the Kazakh people, the characteristics of the national psychology and speech inherent, otherwise the realias will lose their original meaning and bright colours of value.

Translators of foreign language in this case Kazakh, should be treated with high responsibility, since they carry out ethnocultural and ethno-communicative functions in the language of translation, and contribute to the transfer of figurative thinking and attitude of the Kazakh people. Therefore, there is a need to study the cultural heritage of the Kazakh people as translators, since they have a mission to familiarize the people of other countries with the treasures of Kazakh culture.

REFERENCES:

1. Auezov M. Way of Abai. I, II. – Almaty: Kazakh. euphoria Literary. Literature Publishing House, 1961. – 3 – 132 p.
2. Auezov M. The way of Abai. The novel epopee: In 2 chapters. – Almaty: Writer, 2007. – 506 p.
3. Auezov M. Abai. – Moscow: Progress Publishers, 1975. – 499 p.
4. Komissarov V.N. Theory of translation. M.: 1990. – 253 p.
5. Auezov M. is a classic Soviet literature. – Alma-Ata: Nauka, 1980. – p. 23-52
6. Auezov M. Way of Abai. Book 2. – Almaty: Writer, 1989.

Рыскельдина А.А.

п.ғ.к., шетел филологиясы кафедрасының доценті
Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
anar-ryskeldina@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АМЕРИКА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Түйін. Мақала қазіргі заманғы лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі – гендерлік мәселеге арналған. Атап айтқанда, мақалада адам өміріндегі жеке және әлеуметтік мәселе байланысының қабысуын көрсетеді. Автор әлемнің түрлі бөліктерінде тұрған әйелдердің бейнелерімен таныстырады. Олардың сипаттау және іс-әрекеттері арқылы әлеуметтік-тарихи құрылым, таптық сана- сезім және уақыт рухы анықталады. Романдардағы оқиғалар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы оқиғаларды сипаттайды. Сол кезеңнің жазушылары жеке отбасылық бақытты әлеуметтік іс-әрекеттермен үйлестіруге ұмтылған әйелдердің бейнелерін мұқият жеткізеді.

Кілт сөздер: әйел, ұлттық сана-сезім, теңдік, бостандық, әлеуметтік өмір, жан ұя өмірі.

Резюме. Статья посвящена одной из актуальных проблем современной лингвистики – гендерной проблеме. В частности, в работе раскрывается проблема сочетания личного и социального в жизни человека. Автор сравнивает изображения женщин, живущих в разных уголках мира. Через их описания и действия раскрывается социально-историческая структура, классовое сознание и дух времени. События в романах описаны в конце XIX и начале XX в. Писатели того периода прекрасно передают образы женщин, стремящихся совместить личное семейное счастье с общественной деятельностью.

Ключевые слова: женщина, национальное сознание, равенство, свобода, социальная жизнь, семейная жизнь.

Summary. The article is devoted to one of the urgent problems of modern linguistics – the gender problem. In particular, the work reveals the problem of the combination of personal and social in human life. The author compares the images of women living in different parts of the world. Through their description and actions, the socio-historical structure, class consciousness and the spirit of the time are revealed. Events in the novels are described in the late XIX and early XX centuries. The writers of that period finely convey the images of women seeking to combine personal family happiness with social activities.

Key words: woman, national consciousness, equality, freedom, social life, family life.

Қазіргі жаһандану кезеңінде «бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербететін» әйелдердің қоғамда алатын орны ерекше. Әйел – ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке-ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші, араздықты бітістіруші. Бүгінгі таңда әйелдер ер адамдармен бірге тізе қосып, елімізді көркейту мақсатында ерен еңбек етуде. Алайда бұндай теңдік әркезде

болмағаны белгілі. Дамуда әлдеқайда алдыңғы қатарда тұрған елдерде бұл көрініс өзінше орын тапқан. Қазақ әйелдері мен шетел әйелдерінің теңдік үшін күрес жолындағы ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы көркем шығармаларда кеңінен жазылған. Ғасырлар бойы әйел тақырыбы, әйел мәселесі көлеңкеде қалып келді. Ер мен әйелдің теңдігі жарасқан жаһандану заманында әйел тақырыбы өзекті мәселеге айналуда.

Әр заманда, әр халықта өмірдің айрықша құбылысы сияқты жарқ ете түскен дарынды, жарқын тұлғалар болғаны белгілі. Қазақ халқы әдебиетінде ерекше орын алған қайталанбас әйел тұлғасы – Ғабит Мүсірепов романының бас кейіпкері Ұлпан болса, америка әдебиетінің жарқ еткен жұлдызы Теодор Драйзердің Эрнитасы болмақ.

Қазақ ұлттық әдебиетінің алтын қорының төрінен өзіндік орын алған сүбелі шығармалар қатарына классик жазушы, көркем сөздің майталманы Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпаны» – бүкіл аналардың жиынтық бейнесі тәріздес қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, оқшау тұрған әдеби тұлға. Романда қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалыңмал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы, ел арасындағы жер дауы, жесір дауы кең көлемде сөз болады. Ұлпан – аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлі қоғам қайраткері. Көркіне мінезі сай биязы да инабатты, сұлу да сымбатты. Ұлпан сөзге шешен, ақылды да, батыл қыз болып өседі. Ұлпанның мінезі де ашық жарқын, ақ көңіл. Әрі өз ой-пікірін ашық, нақты жеткізеді. Ұлпан – кең пейілді, адамгершілігі мол Сибан елінің кедей-кепшігіне қол ұшын берген әйел. Романдағы Ұлпан – негізінен реалистік тұлға. Оның бүкіл бойынан сол дәуірдегі қазақ әйелінің ең жарқын, ең асыл қасиеттерін көруге болады.

Теодор Драйзердің Совет Одағына сапары нәтижесінде 1929 жылы «Эрнита» әңгімесі дүниеге келді. Бұл әңгімеде америка әдебиетінде алғаш рет әйел коммунист бейнесі көрсетіледі. Эрнита бейнесінің прототипы сол жылдары КСРО-да еңбек етіп, жазушының сапарында жанынан табылған Рут Эпперсон Кеннел болып табылады [1, 10].

Ұлпан мен Эрнитаның өмір сүрген уақытын, қоғамдық статустарын, тәлім-тәрбие, менталитет, таңдауларын, өмірге деген көзқарастарын салыстыратын болсақ, ұқсастықтан көрі жер мен көктей айырмашылықтарды байқауға болады. Оған себеп нәзік жанды екі әйел затының үш қайнаса, сорпасы қосылмайтын дүниенің екі шетінде өмір сүруі.

«Ұлпан» романындағы іс-әрекеттер XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы оқиғалар тізбегі бойынша өрбиді. Феодалдық ортаның әйел қауымына құрып қойған тозағынан біржола босап кетуді ойламаған ол өзіне бұйырылған ырзық көлемінде еркін, өз ықтиярымен тіршілік құруды қалайды. Оның айттырған күйеуі Түлен саудагердің таз баласы Мырзаштан құтылуға қойған талабы да осының бір көрінісі. Мырзаштан құтылады және одан өз күші емес, Есенеі сияқты күштінің қолы күтқарады. Есенеі–қалың Керей-Уақтың билігін қолына мықтап ұстаған аузы дуалы би, атақты бай. Ол Шыңғыспен партиялық сайлауда таласса, тең түсетін өткір сөзді, алып денелі, кара нар іспеттес қайраткер. Жасында жауынгер, найзагер батыр да болған. Тағдыр құрығы ұзын. Бірақ мұның артында Есенеінің өз құрығы дайын тұрғанын Ұлпанның аңғарған да түрі бар. Есенеіден құтылар күш жоғын Ұлпан біледі. Сондықтан да Есенеінің сөз салғанын естігенде, оның ойына келгені: «Есенеінің құрығы мойныма түсе қалса, оны алып кететін күш біздің аз ғана ауыл кірме Күрлеуіте жоқ. Құдай салды – біз көндік. Тек Түрікпен Мүсірепке қайтарған жауабында: Бірақ ағанның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз», – дегенді қоса айтып шарасыз көндіртеді [2, 65]. Мұнысы: Есенеімен сөзді басынан ашып алу, үлкен ордаға тоқал емес, бәйбіше болып кіру болатын. Ұлпан өзінен қырық жас үлкен Есенеімен тағдырын қосқанда не бары он жеті-он сегіздерде еді. Соған қарамастан тағдырдың құрығынан құтыла алмайтынын біліп, басына салғанын сабырмен қабылдап, аса даналықпен, ақылмен жеңе білді.

Эрнита өзін жалғыз сезінді, айналасынан арқа сүйейтін, жүрегінен орын табатын жанды көрмеді. Өтпелі-кетпелі кездесулер болмаса, шынайы сезімді басынан кешпеді. Уақыт өте Темпл қалашығына Берклидегі унитариян оқу орнынан жас шіркеу қызметкері Леонард келеді. Леонард Эрнитаға бір көргеннен ғашық болады. «Сол кезде ол маған тым романтикалық тұлға болып көрінді. Себебі мен білген жандардан әлдеқайда биік тұратын» деді Эрнита [4,258]. Әйел адаммен жақындастыққа түсуді күнә санайтын шіркеу қызметкері некесін құпия күйде шешеді.

Эрнитаның анасы оның бойынан ерекше іс тындырғысы келетін арманның барын байқайды. Эрнита да шыншыл, батыл, шынайы қыз болып өседі. Осы арада екі ел тәрбиесінің, менталитетінің айырмашылығын байқауға болады. Ұлпан еркін өссе де, Эрнита секілді қалаған адамына тұрмысқа шыға алмады. Онда таңдау еркі болмады, тағдырдың салғанына көнуге мәжбүр болды.

Есенеі өмір бойы жинаған абырой-атағын, есенеілігін оп-оңай Ұлпанға бере салды. «Қырық жыл болса қайтейін? Қырыққа келгенде біздің елдің Есенеі сен болып қаларсың. Оған дейін сен менің Есенеім бола тұр... Мен саған сұлу деп, жас деп қызықтым ба, болмаса Есенеінің орнына Есенеі болатын адам деп қызықтым ба, оны өзім де біле бермеймін. Әйтеуір, осы күннен бастап менің Есенеім сенсің!» – дейді Ұлпанға [2, 71]. Ұлпан Есенеінің жары атанып, Есенеінің жеріне табан тірегенде бірінші болып көзге түскені – кара елдің жұпыны тірлігі.

«– Есенеі-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіңе ұят қой! – деді.

– Осы қырық үй малшы-жалшылардың қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойныңда кете беріпті... обал ғой, – деді.

– Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы. Екеуімізге екі айғырдың үйірлі жылқысын қалдырсаң болды. Менің ендігі байлығым жалғыз сен! Асырарсың бірдеңе қылып...» [2, 127]. Ұлпанның ендігі мақсаты қалың елді қарық қылу, Есенеінің жылдар бойы халқы алдында жиналған нан қарызын, ар қарызын қайтарып беру, елінің жағдайын жақсарту болды. Айналасы он-он бес жылда Ұлпан дүйім елді билейтін ақылды ана болады. Ол алдымен әлеуметтік теңсіздікке қарсы. Ұлпан даму дәрежесі артта қалған жұпыны елге қанатымен су сепкен қарлығаштай әрекет қылды. Заман лебі елді жаңартуға соғып тұрғанын түсініп, Ұлпан Есенеінің бес мың жылқысының жартысын қол астындағы елге бөліп береді. Есенеінің малы екі есе азайды, оның есесіне ел Сибанның малы он есе көбейді. Ел аздап егін салады, шөп шабады. Монша, қыстық үй сияқты сол кездегі кедей тірлік, надандықтан езілген елге жақсылық нышандарын алып келді. Ұлпан өзін Есенеіден жоғары

қоймайды, артық сезінбейді, байлықты малданып, айналасына ызғарын шашып, бекер өктемдік қылмайды. Өйткені оның бойында «қырық есекке жүк болатын» сайқалдық, күншілдік, ардан безу жоқ. Жеті жылдан бері малымен болып кеткен адамның әділ би деген атағы көмескі тарта бастап еді. Ұлпанның атағымен бірге қайта көтерілді. Ұлпан ақылымен, парасаттылығымен жасаған игі істері тек Сибан еліне ғана емес, Сібір генерал-губернаторына да таныла бастайды. Ұлпан Есенеі өлімінен кейін де елінің қамын қамдаумен болды. Ол күллі Сибанды Есенеінің қазаны мен қолына қарап телміріп отырудан біржола құтқарды. Қашаннан Есенеінің болып келген кең жерді әр ауылға бөліп берді. Мұнысы жалғыз бұл ел емес, жалпы Сібір казактары үшін жаңа бір үлгі еді [3, 13]. Ұлпанның Есенеіден кейінгі көңілі өзінен туған жалғыз қызы – Бижікен – Бибіжіхан. Бижікенді Ұлпан Торсан деген пысық жігітке үйлендіріп, қолына күшік күйеу етіп енгізіп алады. Бірақ ол Есенеіден қалған мал-мүлікті пайдаланып, ағайын-туғандарымен араздасып, Ұлпанды «отырса – опақ, тұрса – сопақ» етеді.

Драйзер «Эрнита» атты әңгімесінде өмірден жеңілмеген, қиыншылықтарға қарамастан өмірде жеңіске жеткен жағымды коммунист әйел бейнесін көрсетеді. Оның бейнесі жазушы үшін ерекше. Осы ерекшелікті ол әңгіменің басында ақ көрсетеді. «Мен Эрнитаны, оның адалдығын, шындыққа, махабатқа ынтызар, оның батыл және ашық көзқарасын білемін» деп бастайды әңгімесін автор. Эрнитаның жазушының «Әйелдер галереясындағы» басқа әйелдерден айырмашылығы ол қоғамда болып жатқан әділетсіздікке қарсы күрес, адамзатты капиталистік құлдықтан босату сияқты жоғарғы идеалдармен өмір сүруі. Осы идеалдар оның мақсаты мен әрекеттерін, мінезін анықтайды. Америкаға бірінші келген ата-бабаларының батыл, еркін, табанды мінездерін өз бойына мұра етіп қалған Эрнита бірінші дүниежүзілік соғысқа қарсы шығады. Ол бұл соғыстың тек материалдық пайда үшін екеніне терең сенімді. «Россияда коммунизмнің пайда болуы жаңа қоғамдық құрылыстың орнауына және өзгеріске әкеледі және ол құрылыс дүниежүзілік жұмысшылар мен қаналғандардың ұйымы болмақ, ол қоғам әділеттілігі соғысты айыптап тоқтатуға тырысады, окоптағы миллиондаған азап шеккендердің орнына неге арамза ел басқарушылардың өздерін жібермеске, өздері өлсін» дейді ол. «Indeed, long before Communism flashed into being in Russia, I felt there should be some change somewhere – a new social order in which war would be obviated by social justice- some world union of the workers or the oppressed. Or should not the suffering millions just quit and drive the wretched, strutting, little ‘leaders’ of the world into the trenches and let them do the dying?» [4,209].

Ұлы Октябрь социалистік революция Эрнитаға буржуазиялық қоғамның қарама қайшылықтарынан шығуға, өз еліндегі ақиқатты түсінуге көмектесті. Орыс революциясы –«Дүнені сілкіндірген 10 күн» басталды және бұл жағдайдан Эрнита барлық сұрағына жауап тапқандай болып, түн артынан күн көргендей күй кешеді. Ленин жеңісі, Маркс теориясы, Ресей Кеңестігі азаттық алаңы, социализм сенімнің жаңа үлгісі болып көрінді оған. Оның ендігі бетбұрысы Мәскеу, Ленин және оның алып ісі болды. «By that time , though, the Russian Revolution-Ten Days that Shook the World- and to Ernita , this seemed a heaven-sent solution of all her social desires» [4,211] .

Әңгімеде Эрнитаның семьялық өмірі туралы көп айтылады. Бірінші орында қоғамдық қақтығыс. Леонардқа тұрмысқа шығарда Эрнита көзқарастарының айырмашылығына мән бермей, тек сезім үйлестігіне көңіл бөлді. Дүниежүзілік соғыстың қыза түскен шағында ерлі-зайыптылардың соғысқа деген көзқарасында да қарама-қайшылықтар, келіспеушіліктер пайда болды. Осы тұста Эрнита Леонардтың ой тереңдігіне және рухани байлығына күмәнмен қарай бастайды. Кейіннен осы айырмашылықтар олардың бір бірінен алшақтауына әкелді. Мінездерінің өзгешелігі алғашқы күннен бастап көріне бастады. Эрнитаға ең басты мәселе қоғам жағдайы болса, ал Леонардқа жеке отбасылық өмір бірінші орында тұрды. Эрнитаға күйеуге шығу, бала тәрбиелеу сияқты отбасы мәселесі соңғы орында. Алғашқыда бала сүюді қаламады. Ана болуға түбегейлі қарсы болса да денсаулығына байланысты болғандықтан бір баланы дүниеге әкелді. Леонард Эрнитаға деген махабаты үшін коммунизмге деген көзқарасын өзгертті. Араға уақыт сала Ленин Америка инженерлерінен көмек сұрап қана қоймай, Сібірдің Кузбасс қаласында көмір өндіру және металлургиялық өнеркәсіпті құру үшін бір топ мамандардың келуін сұрады. Бұл сапарға Эрнита мен Леонард та аттанады. Орыс тілінен хабары жоқ, оған қоса еңбектері үшін жалақы алмайтындарын білген олар алған беттерінен қайтқан жоқ. Баласы әжесінің қолында қалады. Ресейге арман қуып келген Эрнитаның көрмегені қалмады. Антисанитария, сапасыз ас, жәндіктер, тұрғындардың қырғи қабақтары– осының бәріне қарамастан, адамзат үшін қызмет етем деген арманын орындай бастады. Драйзер әңгімесінде Кеңес елі туралы ащы шындықты баяндайды. Америкадан келген мамандар Петроградта еденде жатты, жегендері аз ғана

мөлшерде берілген қара нан мен шұжық болды. Олар жатқан суық мейманханада не су, не жарық, не матрац болмады. Суықтан Эрнита ауырса да ол үлкен іспен айналысатыны үшін өзін бақытты сезінді. Оған суық та, мардымсыз тамақ та, жыртылып шүберекке айналған киімі ешбір әсер етпеді, оған бәрібір болды, оны тек идеалдары ғана жылытты. Кеңес халқына тән ұжымдық және қоғамдық мүддеге қызмет ету Эрнитаның бойынан табылды. Ол жан тәнімен В.И.Лениннің идеясына шын беріліп қызмет етті. Осы сапар күйеуі екеуінің қарым-қатынасына оң жағынан әсер етеді деп ойлаған Эрнитаның ойы жүзеге аспады. Ол жас инженер жігітке ғашық болады. Басында бұл сезімді мойындағысы келмеді, бірақ жүрекке әмірі жүрмеді. Сібірдегі өмірді қиынсынған Леонард Америкаға анасы мен ұлына қайтып оралады. Леонард қап-қап хаттар жазып, Эрнитаның қайтып оралуын сұрайды. Эрнита бас тартады. Леонардтың Ресейге келесі сапарында Эрнита оған деген бар ойын, сезімін жайып салады. Осы жағдайдан соң Леонард жанына жақын басқа қызбен бас қосады. Эрнита еліне оралып, ұлын сағынса да тек анда-санда көріседі. Леонард қанішерлердің кесірінен бір қолынан мүгедек болып қалғанда Эрнита одан көмегін аямады. Драйзер әңгіме соңын Эрнитаның оған айтқан сөздерімен аяқтайды. Эрнита: «Жас кезімде коммунизм адамның жаратылысын өзгерте алатын, оны қайырымды, басқа адамдарға деген бауырластық сезімдерді дамытып әлдеқайда жақсы етеді деп ойлайтын едім. Бірақ қазір солай екеніне сенімді емеспін. Бәрібір коммунистік ілім әлдеқайда жетілген қоғамдық құрылыстың құрылуына әкелуі мүмкін және осы мақсат үшін әрқашанда жұмыс істеуге дайынмын» дейді. «In my youth I had imagined that Communism could and would change the very nature of man- make him better, kinder, a real brother to his fellows. Now I am not sure that Communism can do that. But at any rate it can improve the social organization of man some and for that I am still willing to work» [4,225]

Эрнита әйелге еркіндік сыйлайтын коммунизмге сенімі берік болса да, бұл жолда да қателіктер болуы мүмкін екенін, кейбір бастамалар уақыт өте келе өзгеріске ұшырайтынын енді жақсы түсінді. Өзіне, өз ісіне деген сенімі күмән туғызады бастады. Әйел заты еркін болу керек дегенді ұстанғанымен, енді Эрнита өзін сүйіп, сыйлай алатын азаматқа мұқтаж болды. Адам өмірі қауіп-қатерге, өзгеріске, әсемдік пен алдаушылыққа толы екенін, өмірдің адамға үміт отын сыйлай алатынын, тура жолдан тайдыра алатынын да түсінді. Қалай болғанда да, басқа түскен ең қиын сәттерді де жеңіп шығуға болады деп қорытты [5, 11].

Осы арада Ұлпан мен Эрнитаның ыстығы мен шыжығы мол тағдыр жолының күрбелең жолдарын көруге болады. Өмір бірде оларға күлімсірей қарады, бірде аямай ашуын шашты. Бірақ өмір атты күресте екеуі екі түрлі қыр көрсетті, өмірдің сынағына өздерінше төзе білді, жауап берді. Ұлпанның да, Эрнитаның да алдарына қойған мақсаттары болды. Ұлпанның мақсаты – елінің қамы, Есенеидің көңілі болды. Ұлпан теңдікті қалады, әйел еркіндігін ойлады. «Жесір қалған әйел кімге тиемін десе де, өз еркінде болсын. Жесір әйел ерінен қалған мал-мүліктің үштен екісіне өзі ие, үштен бірі ерінің ағайын-туғандарына берілсін» – деген ұсыныстарын қабылдатқызды [1, 213]. Эрнитаның мақсаты – еркіндік жолында адамзатқа қызмет ету болды. Оның аңсағаны да теңдік, әйел еркіндігі. Аңсағаны бір болған Ұлпан мен Эрнита мақсатқа жету жолында екі түрлі қыр көрсетті. Ұлпан өмірінде кездескен әр қиындыққа сабырмен қарай білді. Есенеиде сүйіп қосылмағанымен, ерін сыйлай білді, еліне сыйлы еткізе алды. Қара басының қамын емес, қара халықтың жағдайын жасаумен болды. Он сегіздерде Есенеиде жар атанып, білдей бір елдің анасына айналды. Тоғыз жыл төсек тартқан Есенеиден бас тартпады, күтті, аялады. Еріне де, еліне де адалдығын сақтады. Эрнита қалағанына қосылды. Бірақ бұл шынайы махаббат болып шықпады. Ерін сүймеді, сыйлай да алмады. Оған себеп Леонардтың әлсіздігі болуы да мүмкін. Эрнитаның Ұлпаннан басты айырмашылығы – бала сүюді қаламағандығы. Ұлпан балаға зар болды, Құдай оған Бижікенді сыйлады. Өмір оны да көп көрді ме, жалғыз қызынан да айырды. Баласынан айырылған Ұлпан өмірдің мәнін жоғалтты. Күйеу баласынан көрген қорлығы тағдырдан таяқ жеген Ұлпанның түбіне жетті.

Эрнита баланы арман жолында кедергі болады деп ойлады. Алайда арман қуамын деп, өмірдің басты сыйынан бас тартты. Аналық сезімнен көрі мақсаты басым түсті. Жарына шынайы ынтызарлық сезіммен қарай алмаған Эрнита Ресей жерінде алғаш рет махаббат сезімін басынан кешеді. Сезіміне ерік береді, жары бола тұра өзгенің құшағынан жылулық тапты. Қазақ менталитеті үшін бұл кереғар әрекет еді. Алайда Эрнитаның өмір жолында басқа жағдайлар орын алып жатты. Бұл жерде моральдық принцип пен әйел затының әлсіздігі, не болмаса жүрек қалауының тартысы болды. Өз әрекетінің адамгершілікке жатпайтынын білсе де, Эрнита сезім толқынына жол берді, жүрек қалауын таңдады. Десе де, Леонардқа жақсылық тіледі. Бір қолынан мүгедек болып қалғанда үйіне паналатты, көмегін көрсетті. Бірақ өмір жолында Леонардқа адал жар, қолдаушысы бола алмады.

Ұлпан мен Эрнитаның мақсаты бір болғанымен, олардың туып-өскен жері, айналасы, менталитеті өзгеше болды. Содан болар екеуі өмірдің сынақтарына әр түрлі көзқараспен қарады, өздігінше күресті, қателесті, тағдырдың тәлкегінен таяқ жеді, дамыды, өсті, мақсаттарына адал болды. Мақсаттарына жетсе де, бақытқа бөленген жоқ. Мұраттарына жету үшін тым ауыр баға төледі. Ұлпан ел анасына айналды, тарихта атын алтын әріптермен жазып қалдырып кетті. Елінің батасын алды, халқы үшін барын салды. Эрнита өмірінің мәнін теңдік үшін күресте, адамзатқа қызмет ету жолында көрді. Басқаша Эрнита өмірін елестете алмады. Мақсатқа жету жолында отбасынан да, баласынан да бас тартудан тайынбады. Ұлпан да, Эрнита да әйел бақытын сезіне алмады. Олар басқа бір күдіретті сезінді. Өздерін қоғамға, еліне, адамзатқа пайдалы сезінді. Ұлпан мен Эрнитаның басты ұқсастығы – әйел жанының мықтылығы мен төзімділігінде еді. Ұлпан бейнесі – қазақ қыз-келіншектеріне үлгі боларлық, мақтанарлық бейне. Ғ.Мүсірепов қазақ әйелінің жақсы қасиеттерін бар қырынан асқан шеберлікпен суреттейді. Драйзер әйелдер бейнесі арқылы өз заманының толғататын мәселесін көтерген, әйелдер тағдырында елдің алдыңғы қатарда дамуы мен экономикалық жағдайдың басымды роль атқаратынын жазған. Бұл мәселе модернизацияны, яғни жаңартуды басынан кешірген елдердегі әйелдер үшін де маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Драйзер Т. Собр.соч.М. – Л.,ГИХЛ.1933,т.13, «Галерея женщин», С. 5– 23.
2. Мүсірепов Ғ. «Ұлпан»: Роман. – Алматы: Ан.Арыс, 2009. – 296 б.
3. Шәріпқызы М. Ұлпан тәрбиелік мәні зор кейіпкер. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі туралы. // АТ. – 2003. № 6. – С. 11-13.
4. Dreiser T “Short stories”. Moscow, 1980. – 672 б.
5. Анисимов И. Мастера культуры. М., «Художественная литература». 1997, 11 с.

Салқынбай А.Б.

филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
E-mail: asalkbek@gmail.com

Бурабаева Ж.Б.

2 курс магистранты
«6M020500 – Филология» мамандығы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
E-mail: burabaeva.zhuldyz@gmail.com

ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ҚАРИЯ» КОНЦЕПТІСІ

Түйін. Мақалада Жүмекен Нәжімеденов қолданысындағы тілдік бірліктер қарастырылады. Сонымен қатар, оның тілтаным мұрасындағы шығармашылық талғамына, стильдік ерекшеліктеріне назар аударылады. Ақын поэзиясындағы ұғымдар концептілік және семантикалық тұрғыдан талданды.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, концепт, мән, мағына, ұғым, адресат.

Резюме. В статье рассматриваются языковые единицы, используемые Жумекеном Нәжімеденовым. Кроме того, внимание обращается на творческий вкус и стиль наследия. Понятия в поэзии поэта были рассмотрены концептически и семантически.

Ключевые слова: языковая личность, концепт, суть, смысл, концепт, адресат.

Summary. The article discusses the language units used by Zhumeken Najmedenov. In addition, attention is drawn to the creative taste and style of the heritage. The concepts of using the poet were conceptually and semantically analyzed.

Key words: linguistic personality, language-mental space, media, media texts, addressee.

Кіріспе.

«Концепт дегеніміз – адамның білімі мен тәжірибесін бейнелейтін ақпараттық құрылымның және біздің санамыздағы менталдық психикалық ресурстардың бірліктерін түсіндіру үшін қолданылатын термин; адам жадының, менталдық лексиконның, мидағы концептуалды жүйе мен тілдің, сондай-ақ адам психикасында таңбаланып-бейнеленген бүкіл ғалам бейнесінің шұғыл түрде жұмсалатын, әрекет ететін мазмұндық бірлігі» [1, 58].

Концепт пен ұғымның арасында аса бір айтарлықтай айырмашылық жоқ. Концепт ұғымдар мен түсініктердің, символдардың жиынтығы. Ұғым ғалам туралы ғылыми білімдерге сүйенеді, олар логикалық қатынастар жүйесінде орнығады. Қазақ тіл білімінде ғалымдар ұғымды лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық тұрғыдан қарастырып, зерттеп келеді. Тіл біліміне ең алғаш «ұғым» терминін енгізген Ахмет Байтұрсынов. Ол «Тіл – құрал» еңбегінің «Сөз талғау» тарауында «ұғымға» мынадай түсінік береді: «ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек» [2, 237]. А. Байтұрсынов ізімен К. Аханов, Ғ. Қалиев, Қ. Жұбанов, Б. Қалиев, Б. Сағындықұлылар ұғымды теориялық тұрғыдан қарастырды. К. Аханов ұғымды логикалық категория деп танып, «ұғым тілдегі сөздердің негізінде туады да, солар арқылы өмір сүреді» [3, 23] деген ғылыми тұжырым жасайды. Б. Құлиев сөзден ұғымның басты белгісі ретінде оның «комбинациясы мен акустикалық бейнесін (образдылығын)» [4, 43] көрсетеді. Б. Сағындықұлы ұғымның санада қалыптасуының төрт формасын (түйсік, қабылдау, бейнелеу немесе елестету, ойлау) көрсетеді де, ұғымға мынадай анықтама береді: «заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы және мәнді белгілері туралы ой ұғым деп аталады» [5, 35].

Ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, логикадағы немесе мәнмәтіндегі ұғымның мағыналық ұлғаюы, қоғамдағы тіл қолданушыларының бейнелі, көркем, мәнді етіп сөйлеуі секілді құбылыстар тіл біліміне «концепт» терминінің енуіне септігін тигізді. «Концепт» және «ұғым» терминдері адам санасы мен ойлау жүйесінің әр түрлі қырларын сипаттайды. Ұғым – ақиқат болмыстың белгілі бір логикалық формада бейнеленуінің аса маңызды түрлерінің бірі. Ал концепт сананың түсініктер, образдар, ұғымдар сияқты бірліктерін қамтиды. Олар біріге отырып концептуалды жүйені немесе ғаламның концептуалды моделін құрайды.

Негізгі бөлім.

Қазақта кәрілікке байланысты ақсақал, шал, қарт, қария, кәрі кісі деген ұғымдар бар. Олар өзара синонимдес ұғымдар болғанымен, лебізде әртүрлі мақсатта қолданылады. Мәселен, ақсақал жүрген

жерде шал, шалмен қария қатар қолданылмайды. Десек те олар бір концептілік өріс құрайды. Ортақ уәжділік – күш кету, қажу, қартаю. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде кәрілікке «адам ағзасы мен психикасының дамып жетілуінің соңғы шағы» деген анықтама береді. Біз қарастырып отырған концепт – кез келген этноста қалыптасқан, дерексіз, әмбебап, күллі адамзатқа ортақ күрделі процесс. Жоғарыда келтірілген ұғымдардың әрқайсысының өн бойында ұлттың әдебі, ділі, мәдениеті жатыр.

Жүмекен Нәжімеденов қарттардың өміріне терең үңіліп, психологиясын жан-жақты зерттеп, олар жайында бұрын-соңды айтылмаған күрделі ой қозғайды. Автордың осы тақырып төңірегінде «Мұздыбай қарт», «Ештеңе айтпайтын қарт», «Қақпа алдындағы қарт», «Бәйтеректер», «Шал Қобылан» сынды бірнеше шығармалары бар. Жүмекеннің қарттарын сөйлету арқылы қариялардың концептуалды бейнесін құрастырдық.

Бірақ сол бір жабық қақпа алдында
ақ бас қара шал отырды бір күні,
қасы түгіл ақ секілді кірпігі
немесе:

Жұмбақ бөтен – шешсе көңіл жай таппақ:

Әппақ мұрттар не дейді екен – байқап бақ.

Өлең жолдарындағы ақ бас, ақ кірпік пен қас, әппақ мұрт қарт концептісінің шеткері аймақтарында жатыр. Автор осы өлеңімен-ақ қариялардың концептуалдық жүйесін жасайды: *ақ бас қара шал – қарт – кәрі кісі – шал қасқа – кәрі адам – қария – кәрі өке*. Бұл тіркестер лексемалық мағынаға ие, демек ядроның өзегі. «Шал» деп біз өзімізден жасы егде адамдарға айта алмаймыз. Әдетте үлкендердің (ата-әжелеріміздің) бір-біріне, құрдастарына, тұстаастарына қойылған лақап аты (Май шал) немесе әзіл-қалжыңы (қисық шал, қыңыр шал) ретінде естіп жатамыз. Сәби кезімізден қиялымызды тербеген «Ерте, ерте, ертеде кемпір мен шал болыпты» деп басталатын ертегідегі «шал» «кемпірсіз» мәнсіз секілді.

Шалдың этимологиясына үңілсек, «чал» – түркінің төл сөзі. Бастапқы мағынасы – сұр, ақ (шашқа қатысты) деген мағынаны білдіреді. Жүмекеннің «Қақпа алдындағы қартына» «шал» деп болжам жасалуын былай түсіндіреміз: ақ бас, ақ қас, ақ кірпік, ақ мұрт концепт-1, «мұртында бәлесі бар шал» концепт-2 құрайды. Ақ түс қазақтың танымында тазалықтың, адалдықтың, қадір мен қасиеттің символы. «Ақ түс» өлеңінде ақын «қиянаттан, тепкіден аман шыққан ардың түсі» деп адамгершіліктің биік статусы – ар мәселесін қозғайды. Базарынан қайтып келе жатқан тұста салиқалы ғұмыр кешу – пенде атаулысы үшін маңызды сынақ. «Мұртында бәлесі бар қарт» тіркесі ұлттық дүниетаныммен сабақтасып жатыр. «Күлсең, кәріге күл» демекші, ел арасында қариялардың мұрты, сақалы жөнінде әзіл әңгімелер, мысқыл сөздер жүріп жатады. Б. Момышұлы қарияларды үшке бөліп қарастырады да, шалға мынадай пікір білдіреді: «отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қарт – шал». Батыр бабаның бұл сөзі қарттың «мұртындағы бөлеге» тұздық болып тұр емес?

Қарт алдыңғы ұғымға қарағанда лексемасы тұрақталған, мазмұны күрделі, аясы кең ұғым. Қартаюдың әдемі бір үлгісі секілді. Ода жайлылық, жайсаңдылық, сабырлылық, ойлылық басым. Ақсақал, қария, кәрі кісі, ата секілді ұғымдарды оның өн бойынан таба аламыз. Олардың аражігі ғұмырында атқарған игі істеріне, жеткен жетістіктеріне, ерліктеріне қарай бағаланып, ажыратылады. Автордың «қақпа алдындағы қарт», «Ештеңе айтпайтын қарт», «Мұздыбай қарт» деп атауының сыры – оларды тым асқақтатпай, тым құлдыратпай өзі сүйетін «қоңыр» қалпында беруі. Жүмекен тілі «Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең», «Қарты бар елдің қазынасы бар» секілді ұлттың танымы мен тәрбиесінен сыр шертетін аталы сөздермен сабақтасып жатыр. «Кәрі кісі кіді – деген дақпырт бар». Физиологиялық-психологиялық тұрғыдан «кәрі» ұғымын біз «жас» ұғымына антоним ретінде қолданамыз. Бұл тұста кәрі кісіге рең беріп тұрған – «кіді» сөзі. Кіді деп сәл нәрседен секем алғыш, кілт етпе, қыңыр адамды айтады.

шал қасқа

қадыры артық кісі бопты жолдасқа.

«Қасқа» көңіл күйді білдіретін одағай мәндес сөз. Батыс өңірлерде таңырқау, аяу мақсатында қолданылады. Айтылуында интонациясының өзі әсерлі. «Шал қасқа» тіркесі автор тарапынан да, оқырман тарапынан да таңырқаудан гөрі аяушылық сезім тудырып тұр. Шалдың қасқа күйі – «адамы аз елде», көк қақпа алдында ел-жұрттан амандық сұрағаны. Ал бүкіл ауыл сыйлаған ақсақалдың «шал» деңгейінде сипатталуына «адамы аз ел» – қала халқы себепкер.

Ж. Нәжімеденовтің «Мұздыбай қарты» «Қақпа алдындағы қартпен» үндес. Шығармада шал, қарт, қария тіркестері кездеседі. Сонымен қатар қарт сөзін басқа ұғымдармен алмастырған метафоралар да бар: қара емен, қара бурыл, тұз тағысы, қарт қыран, қара ағаш, қара ат, т.б. Бұл ұғымдар ұлттық концептіні құрайды. Ақын «Мұздыбай қартында» барлық ой тамшыларын «қара еменге» қаратып айтады. Мәселен, қара еменнің басына мұздақ тұруы – оның қартаюының, Мұздыбай қарттың мұзға қарап жөткіргені – «қарттықтың» өз аулына келіп тұрақтағанын көрсетеді. Жылдар бойы топырағына тамырымен терең бойлаған қарт қара емен – Мұздыбай қарияның тағдыры. Демек өлеңге негізгі тірек сөз – қара емен. Емен – қайсарлықтың, қайраттың, төзімнің символы. «Қара» сөзі еменге күшейткіш мән үстеуші. Қара емен қазақ халқы үшін киелі. «Қара емен» тіркесі берік, иілмейтін, мықты, өжет адамдарға қаратып айтылады. Шығармада Мұздыбай қарт пен қара емен параллель сипатталады.

Қара бурыл емен тұр қар-қабақта қасқайып,
қайсарлығы – қайраты,
таға алмайсың басқа айып.
Мұздыбайға айып жоқ – қартайғаны ғана сол,
қаза көріп жақында ортайғаны ғана сол.

Бұл өлең жолдарында қаза көрген қарт пен қар-қабақта қасқайған қара еменнің қайсарлығы сипатталып тұр. Өлеңде «қара бурыл» сөзімен төрт түрлі тіркес кездеседі: қара бурыл емен (Қара бурыл емен тұр қар-қабақта қасқайып), қара бурыл мұрт (қара бурыл мұрты, әне, малмандай мұз, малмандай), қара бурыл ат (қыста мінер қара аты – қара бурыл болды ол да), қара бурыл шаш (қара бурыл шаш қалды ауылдағы тарақта). Қара бурыл түстің атауын білдіретін сөз. Ортақ уәжділік қара бурыл – ақшыл түс – қартаю (концепт-1). Емен, ат, мұрт, шаш деген ұғымдарда қартаюға тән қаттылық, қайсарлық бар (концепт-2).

«Тұз тағысы – қарт қыран – тауық болды қонақтап». Бұл ұғымдар Мұздыбай қартты алмастыратын метафоралар. Алдыңғы екеуі ауыл күйін сипаттаса, соңғысы қала жайынан хабар береді. Тұз тағысы арқылы автордың айтпақ ойы жылқышы қарттың көк жайлауда арқаны кеңге төсеп, қолдағы малын баптап, емін-еркін күн кешуі. Қарт қыран – тағдырдың тарау-тарау жолдарында қадау-қадау ізін қалдырған, қарттық келсе-дағы оны санамен, абыроймен билей білген қарттың өжеттілігі. Тауық халі – төрт қабырға, бір есікке тірелген Мұздыбайдың қаладағы тірлігі.

Қара еменнің шілікше иілуі,
о-дағы қайсарлықтың, қайраттың қартайғаны болады.

Шығарма басында қара емен басындағы мұздақ пен қарттың мұртындағы мұз қатар қойылып сипатталады да, кейінгі шумақтарда мағына ұлғаяды. Қара еменнің шілікше иілуі – жалғыз қарттың ғана емес, қайсарлықтың, қайраттың қартаюы. Шілік – биіктігі 1 метрге дейін жететін, шыбық тәрізді жіңішке бұтақты өсімдік. Шілікше иілу тіркесі арқылы автор қарттың физиологиялық тұрғыдан бөлек моральдық шаршауын, бойдағы күш-қайраттың жіңішкеріп барып үзілуге шақ қалпын сөз етіп тұр.

Шыбығынан өссе егер – топырақтың бәрі асыл,
Қарт ағашты орнынан қозғап көрші құрайды.

Қазақ халқы ұл-қызы орныққан, немере, шөбере сүйген, үлкен бір отбасын мәуелі ағашқа теңеп жатады. Оның басында сол үйдің қазынасы – қариясы тұрады. Қарттардың орны түтіні маздап, оты өшпеген, мандай тері сіңген қасиетті ордада. Жүмекен өлеңінің мәні тамыр таралған жерден бір уыс топырақ бұйырса екен деген қарттардың ізгі тілегінде жатыр.

«Ештеңе айтпайтын қарт» шығармасында автор қарттық концептісін қоңырқай шал, көсеу шал деген тіркестермен толықтырады. Бұл екі тіркес те ұлттық концептіні құрайды. Өлеңде қоңыр сөзімен бір-бірін қайталамайтын 11 тіркес кездеседі: қоңыр құман, қоңыр шал, қоңыр ішек, қоңыр момын, қоңыр-ала бұлт, қоңыр самал, қоңыр домбыра, қоңыр үйрек, қоңыр үй, қоңыр бұлт, қоңыр шанақ. Жүмекеннің «қоңырында» қазақ деген ұғым бар: қазақтың үні, қазақтың даласы, қазақтың табиғаты, қазақтың қарты, қазақтың мінезі, қазақтың тірлігі. Екінші қырынан алып қарасақ, «қоңыр» сөзінде қарттыққа тән бояу бар. Адам өмірінің күз мезгілі секілді, бірқалыпты, баяу, күңгірт, қарт ғұмыр. Қоңырқай шал – қазақтың қариясы. Алайда жазушы қоңырқай шалды біз ойлағаннан кері, көсеу-шал күйінде сипаттайды. Оның болмысын ашатын өлеңдегі тілдік бірліктер немесе автор тарапынан кейіпкерге мінездеме: «езіне ырза қатынша жіп иірген бір ұршық», «қоңыр құман тәрізді күлде қалған баяғы», «қоңыр үйрек құсайды шабақ ілген шайқала», «ез басынан басқаға көңілі жоқ күй тілер бүгінгі күйкілер», «пиғылы арам кісі». Ақынның бұл ойын төмендегі жолдар түсіндіріп береді:

Білем, қариялардың қалды азайып бү түрі:

«алласы» бар аузында,
түсіп қалған «шүкірі» –
көсеу-шал деп түйесің
жағатын тек күйесін,
түсіне алмай сөздерін,
тек мінезін сүйесің.

«Көсеу-шал» қаламгердің сөз қолданудағы шеберлігін танытатын тіркес. Көсеу – отты көсегенде, жылуды одан әрі күшейту үшін пайдаланатын тұрмыстық зат. Көсеуді оттан шығарғанда ұшында күйе қалады. Көсеу-шал тіркесінің уәжділігі сол күйемен байланысты. Біреуге күйе жағу, пәтуасыз сөзге салыну жасы келген қарияға жарасымды іс пе? Қарияның ісі анау екен деп, ақын оған күйе жақпайды. Тек мінезіне іштей сүйсініп, жасын ғана сыйлайды. Қарияларға деген алаңдаушылық ақынның ұлтты жоғалтып алу қорқынышынан туса керек.

Жүмекеннің әр шығармасында философия бар. Оның философиясы ұлттық идеямен астасып жатады. Кеткенге күйе жағып, бүгіннен ірілік іздеу ізгі қасиет емес. «Алдыңғы арба қайда барса, соңғы арба сонда барады». Жүрегі тірілерден ірілер туса игі! Үлкеннен кісілік дарып, ол ірілікпен үйлескен уақта Жүмекен бұлай жырламас еді. Сол кезде қазақ Жүмекенше елдікті аңсамас еді...

Ж. Нәжімеденовтің «Бәйтеректер» балладасындағы бәйтерек, ата ұғымдары қария концептісін одан әрі кеңейте түседі:

Жел жақтағы бәйтерегі құлаған
шыбық құсап майсаң қағып мен қалдым.

Бәйтерек – қария. Ұлттық концепт. Ол өмір ағашы, қазақтың арғы-бергі тарихында киелі мағынаға ие ұғым. Этимологиясына үңілетін болсақ, ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі, үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Яғни екі сөздің бірігуі арқылы «зәулім ағаш» деген мағынаға ие. Бәйтерек жер асты, жер үсті, көкті байланыстыратын алтын дінгек. Сол секілді қария да өмірдің үш кезеңін артқа тастап, балалығы аспандап, жастығы қайрап, қарттығы қайтқан шақта кемелдікке жеткен ұлы кемеңгер. Бәйтерек жазушының сөз қолданысына қарай әртүрлі мәнде қолданылады: тірек, сүйініш; мықтылық, ірілік; ұлы тұлға, т.б. Бұл шығармада бәйтерек жас шыбыққа қорғаныш, тірек, алып тұлға мағынасында жұмсалып тұр. Қазақтың сөз қолданысында әке – бәйтерек, ана – алып бәйтерек, үш бәйтерек деген ұғымдар жиі айтылады. Қазақ бәйтерек бейнесінде өз сүрлеуінде ізгі із қалдырған, кемелдікке жеткен, көреген, елдікті көздеп, ерлік еткен бтырлар мен даналарды ғана көрген. Оларды халық сый тұтып, қадірлеп, қастерлеген. Жүмекеннің бұл жыры арқылы айтар ойы халқымыздың «ата – бәйтерек, бала – жапырақ» деген аталы сөзіне саяды. Бәйтерек тілде өзгеше мағынаға ие болып, мынадай концептуалды бейне жасады: қария – бәйтерек – ата.

Қай заманда да атауда болмасын, ұранда болмасын қазақ аузынан «ата» сөзі түспеген. Ертеде ата деп ел басқарған, ерлік істерімен көзге түскен, әулиелік қасиеті бар адамдарды атаған. Эволюциялық дамудың нәтижесінде ата туыстық қатынасты білдіретін жаңа мәнге ие болды. Ата – ауылдың сыйлы қариясы, әулеттің басшысы, ақылшысы, ұрпақты ұлы көшке жетелер көшбасшы.

Қорытынды. Қазақтың әр сөзі терең толғаныстан туған. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады». Адамзаттың сөз алдында именуі содан. Халықтың байырғы тілін қолдану бар да, оны түсініп, өз идеясымен толықтырып, қайта жеткізу бөлек бір әлем. Жүмекен өзіндік «менін» сөйлеткен ақын. Автор шығармаларын концептілік жүйеде қарастыруымыздың өз мәні бар. Оның поэзия, прозасы болмасын тіл білімінде ұғым бойынша талданып келеді. Ұғымда ұлттық сипат басым. Ал ақын тілі әлемдік бейнеде көрініс бере алады. Жүмекен ұлттық идеяны басшылыққа ала отырып, әлемдік проблемаларды көтере білген. Ж. Нәжімеденовтің қариялар топтамасына арналған шығармаларын зерттей келе, ғаламның ұлттық тілдік бейнесін құрастырдық.

Ж. Нәжімеденовтің қай шығармасы болмасын ұлттық идеяны көтереді. Қариялар тақырыбын өзекті мәселе етіп алуымыздың себебі осында. Ақын қоңырқай шал, қара бурыл, қара емен, тұз тағысы, қарт қыран, бәйтерек тіркестері арқылы ұлттық танымды кеңейтті. Жүмекен «қазақ» деген сөзді айтуға тыйым салынған заманда «Менің Қазақстаным» деді. Елдікті аңсаған жұртқа қазақ дәстүрінің, тарихының, мәдениетінің, тілінің жоғалмасы үшін барын салды [6, 43]. Ол ұлылықты ұлылардан, қариялардан, Махамбеттен, Қорқыттан, Бауыржаннан, Асан қайғыдан іздеді. Міне, Жүмекен поэзиясындағы философиялық мән қайда жатыр?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ниятова Ш. Махамбеттің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2007 – 58 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Алматы: Сардар баспа үйі, 2009 ж., 237 б.
3. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1962 ж., 23 б.
4. Қалиев Б. Қазақ тілі: Фонетика. Лексика. Грамматика. Алматы: Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің баспасы, 1999 ж., 43 б.
5. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі: Лексика. Алматы: Санат, 1994 ж., 35 б.
6. Сабирова Г. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу: филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2010 ж.

Ғылыми жетекші: Темірболат А.Б.
ф.ғ.д., профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
e-mail: aluatem2015@gmail.com

Сейтенова А.Е.
2 курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
e-mail: aigolek_85.k@mail.ru

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ АЙЛЫ ПЕЙЗАЖ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛИЗМ

Түйін. Мақалада Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы көркем психологизм қарастырылған. Автобиографиялық сипаттағы «Ай мен Айша» романының баяндау жүйесіндегі стильдік ерекшеліктер, пейзаж табиғаты нақты мысалдар негізінде талданды. Талдау нәтижелері бойынша романдағы психологиялық параллелизм ретінде қамтылған пейзаждық суреттемелердің, соның ішінде лунарлық пейзаждың өзіндік ерекшеліктері ашылды. Кейіпкердің рухани әлемін бейнелеудегі Ай бейнесінің әрқилы мазмұндық-идеялық аспектіде суреттелу жағдайлары айқындалды. Ай мен Айша бейнелерінің өзара сабақтастығы (параллель) нақты мысалдар негізінде пайымдалып, сол арқылы романның лейтмотиві ашылды.

Тірек сөздер: психологизм, параллелизм, пейзаж, лунарлық пейзаж, роман.

Резюме. В статье повествуется художественный психологизм в романе Шерхана Муртазы «Луна и Айша». Стилистические особенности в повествовательной системе автобиографического романа «Луна и Айша» были проанализированы на основе конкретных примеров пейзажной природы. В результате анализа особенности пейзажной живописи, в том числе лунного пейзажа, были раскрыты как психологический параллелизм в романе. При описании духовного мира героя выяснилось, что картина Луны была иной в содержательно-идеологическом аспекте. Взаимосвязь Луны и образ Айши (параллельно) основана на конкретных примерах и раскрыта новизна романа.

Ключевые слова: психологизм, параллелизм, пейзаж, лунный пейзаж, роман.

Summary. The article focuses on an artistic psychologism in Sherkhan Murtaza's novel "The Moon and Aisha". The stylistic features in the narrative system of the autobiographical novel "The Moon and Aisha" were analyzed on a base of specific examples of landscape nature. Because of the analysis, the features of landscape painting, including the lunar landscape, were revealed as psychological parallelism in the novel. It turned out that the picture of the Moon was different in its content-ideological aspect when describing the hero's spiritual world. The relationship of the Moon and the image of Aisha (in parallel) is based on specific examples and the novelty of the novel is revealed.

Key words: psychologism, parallelism, landscape, lunar landscape, novel.

«Ай мен Айша» романы – жазушы Шерхан Мұртазаның балалық шағы жайлы автобиографиялық сипаттағы туындысы. Шығарма бас кейіпкер Барсханның сәби күнгі естеліктерінен басталады. Кейіпкер-баяндаушы саналы өмірінің бастау-бұлақтарынан әке туралы есте қалған өмір өрнектерін іздейді. Осылайша, Барсханның бес жасында тағдыр талқысымен әкесінен көз жазып қалуы, небары жиырма сегіз жастағы Айшаның үш баламен қорғансыз күн кешуі есейген Барсханның жад күнделіктері мен бала Барсханның сезімдері арқылы қиюласа суреттеледі.

Жалпы Ай мен Күн түрлі халықтардың мифтері мен ертегілерінде жанұялық байланысты кейіптейтін образдар ретінде бейнеленеді. Мысалы, ежелгі мысыр мифіндегі Ай құдай Тефтон мен оның Күн сіңлісі Шу – егіздер-тұғын. Рим мифтеріне сәйкес Ай – Күн Құдайы Гелиостың қарындасы болса, үндіеуропа және балтық жағалауы елдерінің мифтерінде Ай-жігіттің Күн-қызға махаббаты, олардың отбасылық одағы суреттеледі. Қазақ ертегілерінде де осы соңғы мифтік мотив іздері сақталған. Роман атауынан көрінгендей, шығармада Ай бейнесінің символикалық мәні зор. Ең алдымен, Ай – көне ертегілік мотивке сәйкес, жарынан (Күннен) ажыраған ғашық бейбақ. Осы мотивтік сарын негізінде «халық жауының» әйелі атанған Айшаның жалғыздығы, маңдайына бұйыртқан ауыр тағдыры, сонымен бірге сүйген жары Мұртазаға деген сағынышы бейнеледі. Демек, Ай мен Айша – өзара тағдырлас әрі мұндас. Халық жауының отбасы атанған жандардың туған елдің ортасында отырып, жалғызсырауы бір ауыз сөзбен түйінделеді: «Терезеден Ай сығалайды. Бұл күнде Айдан басқа «халің қалай?» дейтұғын бір жан жоқ» [1, 38-б.].

Көркем әдебиеттегі психологиялық параллелизм құбылысының түп-тамыры фольклорлық мұрада жатқаны белгілі. Фольклорлық егіздеу формалары жазба әдебиетке көшкенде әр қаламгердің дара көркемдік-эстетикалық, стильдік ізденістері негізінде түрлене түсті. Осылайша кейіпкердің рухани әлемін терең әрі жан-жақты суреттеу мақсатында табиғат және жан құбылыстарының диалектикалық сабақтастығын не қарама-қайшылығын көркем сипаттаудың өзінше поэтикалық түрлері ажыратыла бастады. А.Н.Веселовскийдің еңбектерінен қос мүшелі, формалды, көп мүшелі, бір мүшелі (немесе жалаң мүшелі), қайшылықты психологиялық егіздеу формалары бар екені белгілі [2]. Болмыс пен та-ным иесінің (баяндаушының) арасындағы қандай да бір сабақтастықтың көркем мәтін құрылымындағы көріністері, шын мәнінде, адам мен табиғаттың диалектикалық ажырамас бірлігін айғақтайды.

Ай мен Айша – егіз ұғым. Сондықтан да Ай жалғыздық символы екені анық. Мұны роман желісіндегі Айдың өз алдына дербес образдық сипат алуынан айқын аңғаруға болады. Реалды әлем аясында белсенді персонаж деңгейінде көрініс таппағанмен, Ай тікелей кейіпкер-баяндаушының әлемді субъективті сезінуі, қоршаған дүниені қабылдауы тұрғысында динамикалы кейіпте бедер тауып отырады.

Жоғалған ешкісі ешкісі табылып, Айшаның ашқұрсақ балаларға уыз пісіріп беріп отырған сәті – қиындықтың артынан жеткен өзінше бір бақытты шақ. Осындай идиллиялық мезетте де отбасының қуанышын бөлісетін жалғыз Ай:

«Терезеден жартыкеш Ай сығалайды. Бізді көріп жаны жай тапқандай, бұлтқа кіріп кетті» [1, 30-б.]. Сонда бұл отбасының алыстан бақылап, тілеуін тілеген, мұңы мен қуанышын бөліскен шын жанашыр, айнымас, алдамас, жазғырмас жақыны – Ай ғана. Шешесі ертелі-кеш колхоз жұмысында жүргенде ауру інісі Батырханға дұрыс қарамағаны үшін айшадан таяқ жеген Барсхан: «Суға салып қойып сабағанда безірейіп жыламап едім, енді жартыкеш Айға қарап отырып, аңырадым-ай кеп. Айдан басқа мұң шағатын кімім бар?

Жан ашитын Қамқа – мешел. Арашалап, Айшаға ұрсатын Мұртаза... о да жоқ. Айдың менсіз де қасіреті көп шығар. Мұңаяды. Тіл қатпайды» [1, 21-б.], – дейді. Мұңына ортақтасып, «мұңайғанмен», Айдың бұған жауап қатпауын өзінше долбарлаған бала оны өзінен де қасіретті болар деп ойға батады. Айға деген аяныш сезімі қылаң береді. Жер бетіндегі Адамзат баласының қайғы-қасіретін көзімен күнде көріп, оған араша бола алмаған Айдың да шарасыз екенін мойындау бар. Жалпы «психологиялық егіздеу көне заманның синкретті өнерінде біртіндеп дами бастаған» [3, 72-б.].

Шығарманың бір ерекшелігі композициялық құрылымында бір-бірін үстімелеп, драматизмге негізделген өзекті ойды үдетіп отыратын қат-қабат шарықтаулар бар. Солардың бірі – атадан қалған асыл мұра алты қанат ақ үйдің керегесін отын қылып жағар алдындағы қайғылы эпизод. Жұмыс арасында жинаған азын-аулақ отыны қыс ортасына жетпей таусылғанда, амалсыздан асыл мұраға қол созып, екіұдайы күй кешетін Айшаның рухани жан күйзелісі трагизм шегінде асқақ суреттеледі. Қара шаңыраққа баскөз болып қала тұра, атаның мұрасын аман сақтап қала алмағаны үшін күйінген Айша одан да «Сирағымды жағайын!» деп өзіне қол жұмсамақ болады. Аналарынан айырылып қалудан қорыққан үш баланың шырқырап балтаның үстіне жата қалуы, олардың үстіне Айша құлап, отбасының ұлардай шулап қалуы аса әсерлі суреттелген. Ақыры «бастан құлақ садақа» етіп, алты қанат киіз үйдің екі керегесін жаңқалап, жан сақтайды. Күтімсіздіктен жүдеу тартқан Мұртаза үйіндегі осы жағдайдан кейінгі Айдың кескіні ерекше: «Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді» [1, 102-б.]. Сырттағы боранның басылуы мен үй ішіндегі оқиғаның аяқталуы өзара сәйкес. Олай болса, үй ішіндегі Айша мен аспандағы айдың да халдері ортақ. Айдың «ауру көздей» көрінуінің себебін осы психологиялық параллель тұрғысынан пайымдаған жөн.

Ай – тірегінен айырылған, жазықсыз жапа шеккен отбасының жалғыз панасы, қамқоршысы, қиналғанда арыз айтар Қүдірет күш бейнесі. Барсхан үшін адамзат қоғамындағы ең жоғарғы бедел иесі – анасы Айша болса, Айшаның жалғыз мойындайтын құдіреті – Ай:

«...Аспанға қарады. Қораланған Ай мұңайып тұр екен. Аспанда Ай мұңайса, жерде жыбырлаған біз пақырға не шара? Бір Құдай өзі жар болсын. Тасбеттің қаһарынан сақтасын.

...Дәл қазір өз басымда үрей жоқ, жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан адам уайымсыз болады екен. Ал Айша қорқады. Қайта-қайта Айға қарайды» [1, 32-б.]. Жоғарыда Айша мен Барсханның аш ешкілерге колхоз маясынан екі қап шөп ұрлап келе жатқан сәтінен үзінді келтірілген. Түн жамылып келе жатқан екеудің бірі – «жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан» бала Барсхан, екіншісі – Айға қарап қаймыққан анасы. Шарасыздықтан ұрлыққа барған бала ббригадир Тасбеттен сақтанса, Айша Айдан (Құдайдан) қорқады. Бірақ амалы таусылған.

Романда Айға тәу етіп, табыну, одан қорқу, тілек тілеп, бата жасау ырым-жоралғылары мен наным-сенімдері негізінде көне Тәңіршілдік сенімінен қалған діни көзқарастар бой көтереді; сол арқылы Айдың Тәңірі кейпінде танылуына көз жеткіземіз:

«Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

– О, Жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды. Мен лезде есейіп шыға келдім. Енді мені қорғайтын әкенің жоқ екенін сұңғылалықпен сезіп қойған сияқты едім. Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы дәмін татқандай болдым. Қорбыып қараңғы түн жан-жақтан қаптап келе жатты. Айша мені жетім қалған үйге жетектеп кіргізді. 1937-жыл жалмауыз жыл еді. Қанатына қырау қатқан жас балапан мен едім» [1, 14-б].

Мұртазаны «халық жауы» деген жалған жаламен ұстап әкеткен түн осылай суреттеледі. Бес жасар Барсхан санасында анасы Айшаның зарлы үнінен «толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей» көрінеді де, артынша бұлт ішіне сүңгіп кетеді.

Пейзаждық суреттеменің өзі драматизмге толы. Араға жылдар салып, кейіпкер-баяндаушы жадында қайта жаңғырған қайғылы өмір көрінісі мейлінше жинақталған, толымды эпизод деңгейіне жеткізілген. Айшаның арызына құлақ аспаған Айдың бұлт ішіне сүңгіп кетуінен өмір қаталдығын, әділетсіздігін тұңғыш пайымдаған бала «жетімдіктің алғашқы дәмін татқандай болады». Өзін қанатына қырау қатқан жас балапанға теңеген автор алдағы күндердің ауырлығынан, жетімдік пен жесірліктің азабынан хабар беріп өтеді.

Жетім балаларының аузын аққа жеткіземін деген үмітпен баққан жалғыз ешкі аяқ астынан жоғалып кеткенде де шарасыз ана жартыкеш Айға мұңын шағады:

«-А, Құдай! Шиеттей үш жетімге шынымен рахымың түспеді ме? Не жазып еді олар саған?! – деп кемсендеді.

Ай тіл қатпады. Айдың ілмуген әлсіз сәулесінен Айшаның көзінен аққан жас жылт-жылт ете қалды [1, 26-б.].

Бір жағынан, реалды түнгі кеңістікті фон ретінде суреттеу үшін, екіншіден, тағдырдың қаталдығын (Ай тіл қатпады) жеткізу үшін қолданылған Ай бейнесі жан-жақты көркемдік функция атқарып тұр. Айшаның Айға зарын төккенінен жағдайдың қаншалықты ауыр екенін түйсінген Барсхан: «Сонда барып, кара ешкінің қайғысы ақыр замандай ауыр екенін сезіп, жүрегім суылдап қоя берді», – деп түйеді.

Бұдан кейінгі қиын шақтарда да (Айшаның басына түскен қайғы-қасірет пен колхоздың ауыр жұмысынан қан қысымы жоғарылап, сырқаттанып қалуы; екі уыс бидай алғаны үшін Барсханның қамбаға қамалуы және т.б.) Барсхан шешесінен көргенін жасап, Айға жалбарына тілек тілейді. Үнсіз Айдың жарылқап-жарылқамайтынына көзі жітпесе де, үмітін үзбейді. Себебі көркем мәтінде пайымдалған философиялық танымға сәйкес жалғандағы жалғыз тұғырлы, айнымас серік – Ай ғана.

Қорғансыз үйдің қысқы ұзақ кештердегі көңіл жібітер алданышы – Айшаның қызықты ертегі-киссалары мен өткен өмір жайлы сағыныш пен мұңға толы естеліктері. Осы өзара ұқсас эпизодтардағы Айдың болмыс-бітімі де, әрекет-қылықтары да әрқилы. Бақытты шақ жайлы мамыражай әңгіме айтылған түні Ай да сүйкімді. Мұндай кездері Айшаның не Барсханның ащы зарынан үнсіз айналып, бұлтқа тығылатын Ай айшаның ертегілерін қызыға тыңдап, аялдап қалатын тәрізді: «Терезеден Ай қиғаштап, алакөбең сәулесі әлі түсіп тұр» [1, 47-б.]. Кейіпкер-баяндаушының психологиялық көңіл-күйі аясында бұл жайт қуанышты сәтті соза түсу, физикалық уақытты тоқтату интенциясымен сабақтас болуы ықтимал.

Айша өзінің жастық шағын, Мұртазамен бақытты кезін еске алып, сол күндердің оралмайтындығы туралы терең ой-сезімге берілгендегі табиғат құбылысы өзгеше: «Ай сәулесі көрінбей кетті. Үй төбесіндегі қамыс ызыңдады. Тағы да жел көтерілсе керек. Тағы да боран болатын шығар. Бораны таусылмайтын неғылған жер. Әлде, Айшаны қамыстың ызыңымен жұбатқысы келген періштелер, әлде аруақтар...» [1, 35-б.]. Айшаның жан әлеміндегі сезім толқыны мен сыртқы әлемдегі күн райы арасындағы байланысты кейіпкер-баяндаушы өзінше жориды. Айдың көзден таса болып, жасырынып қалғандығы жай ауа райының өзгергендігінен емес, табиғаттың Айша қайғы-қасіретімен үндес сарынға салып, жұбату айтқысы келгендігінен деген пайым, психологиялық егіздеу ұмтылысы бар. Қамыстың әлдеқандай магиялық ызыңды әуенімен Айшаның жан жарасын емдемек болатын періштелер, аруақтар жайлы қиялмен ұштасқан болжаулар отбасының жеке әлемін ғарыштық кеңістікке дейін кеңейтіп

жібереді. Ал Мұртазаның туған інісі – «бозым жігіт» Әмірекұлдың қайғылы өлімі туралы әңгімеден кейін: «Тау жаққа қараған жалғыз терезеден Ай сығалайды: «Ұйықта, бала, әлі көрер көресің алда» дегендей болады...» [1, 56-б.]. Сөйтіп, үнсіз Айға алғаш тіл біткендей болып, бала кейіпкер өзінің қиял әлемінде Аймен сырласады.

Жалпы шығармадағы Ай бейнесі кейіпкер баланың жанына жақын, құрмет тұтқан адамдарына ғана қатысты суреттеледі (мысалы, Барсханның түсінде ауыр дерттен бақилық болған нағашы әпкесі Зибаның Айды өткеншек етіп тебуі). Баяндау жүйесінде екпінді мәнге ие болмаса да, жақсылық нышаны ретінде жолай тілге тиек болатын Ай суреттемелері де баршылық. Мысалы, ауылға аз күндік демалысқа келген Бауыржан Момышұлын майдан даласына қайта шығарып салғандағы Ай кескіні батырдың сапарының сәтті боларынан хабар береді: «Аттылар батысқа кетті. Алдарынан қияқтанған Ай көрінді» [1, 66-б.].

Айдың символдық мәндегі қолданысын «Алақандағы ай таңба» атты тараудан да көруге болады. Салбидің иті қауып алғанда Барсханның жаралы қолын байлап жатып Әбіш ақсақал: «Иттің қапқанынан Құдай сақтар, балам. Адамның қапқанынан сақтасын. Әкеңді адамдар қапты ғой...» дейді. Мұртазадай рахметінің талай жақсылығын көзі көрген Әбіш ақсақалдың осы бір ауыз сөзі мен Салбидің итінен қалған алақандағы ай таңба – күштінің әлсізге жасар зорлығы, әділетсіздік белгісі ретінде Барсханның есінде өмір бойына сақталып қалады. Бірі – санада қалған ащы шындық сөздері, бірі – алақандағы азу тістің іздері.

Романның өн бойынан Ай мен Айшаның рухани жақындығын айқындайтын көптеген лунарлық пейзаж суреттемелерін табуға болады. Жалпы күндізгі пейзаж суреткерлік психологияда оптимистік сарынмен байланысты болса, айлы пейзаж көп жағдайда шығарманың баяндау жүйесіне элегиялық леп дарытады. Романдағы пейзаждық суреттемелердің бірінде Ай – реалды ғарыш кеңістігі, енді бір тұста – Айшаның ғажайып әңгімелерімен тыңдаған сырлас құрбы. Ал, сайып келгенде, айлы пейзаж өзге тылсым әлеммен байланысты мегзейтін, мистикалық сипаты басым болғандықтан да, суреткер тарапынан басымдыққа ие. Осылайша, Ай – жетім-жесір отбасының панасы, қамқоршысы, желеп-жебеушісі, яғни көктегі құдірет иесі. Қалай дегенмен, осы туындыда түркілік философиялық таным бойынша Айдың қасиет-құдіретінің мейлінше терең зерделенгендігі айқын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Т.5. Ай мен Айша. Роман. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 456 б.
2. Веселовский А.Н. Психологический параллелизм и его формы в отражении поэтического стиля // teoriya-literaturyi-istoriya/veselovskiy-psihologicheskii-parallelizm-ego-17035.html
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 556 б.

Щербовских И.Г., Сералиева Н.Ж., Есимкулов Б.Н.

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
irina67_irina67@mail.ru

²педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

³филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ., Қазақстан

Ф.И.ТЮТЧЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ШЕК МОТИВИ МОТИВ ГРАНИЦЫ В ЛИРИКЕ Ф.И.ТЮТЧЕВА

Түйін: Мақала Ф.И.Тютчевтің поэзия әлеміндегі уәждік шегін зерделеуге арналған. Авторлар әртүрлі құбылыстар және табиғаттың дүлей күштері мен адам жанының арасындағы өзіндік ерекшеліктерді көрсететін қайталанатын бейнелерді талдаған. Ақын әлемінің екіжақтылығы және тұрмыс жайлы пікірін айқындайтын және «қосарлы тұңғыш» бейнесін тереңдететін аққу, терезе, жабын, шек образдарына ерекше назар аударылған.

Түйінді сөздер: бинарлық, мотив, образ, кескін, шекара.

Щербовских И.Г., Сералиева Н.Ж., Есимкулов Б.Н.

¹канд.филол.наук, и.о.ассоциированного профессора (доцента),
irina67_irina67@mail.ru

²канд.пед.наук, ассоциированный профессор (доцент),

³канд.филол.наук, и.о.ассоциированного профессора (доцента),
Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова,
г. Талдықорган, Казахстан

МОТИВ ГРАНИЦЫ В ЛИРИКЕ Ф.И.ТЮТЧЕВА

Резюме: Статья посвящена изучению мотива границы в художественном мире поэзии Ф.И.Тютчева. Авторы анализируют повторяющиеся образы, выполняющие функцию своеобразной грани между явлениями, стихиями, состояниями природы или человеческой души. Особое внимание уделено образам лебедя, окна, покрова, порога, акцентирующим мысль поэта о двойственности мира и бытия и углубляющим образ «двойной бездны».

Ключевые слова: бинарность, мотив, образ, отражение, граница.

Chsherbovskikh I.G., Seralieva N.Zh., Esimkulov B.N.,

¹candidate of philological Sciences, acting associate Professor,
irina67_irina67@mail.ru

² candidate of pedagogical Sciences, associate Professor,

³ candidate of philological Sciences, acting associate Professor,
ZhSU named after I.Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

THE PRINCIPLE OF BINARITY IN THE SEMANTICS OF THE IMAGES OF THE LYRICS OF F.I.TYUTCHEV

Abstract: the article is devoted to the study of the motive of the border in the world of images of F.I.Tyutchev's poetry. The authors analyze repetitive images that perform the function of a kind of boundary between phenomena, elements, states of nature or the human soul. Special attention is paid to the images of the swan, the window, the cover, the threshold, emphasizing the poet's idea of the duality of the world and existence and deepening the image of the "double abyss".

Key words: binary, motive, image, reflection, border.

Изучение образного мира поэта даёт возможность понять основы его мировоззрения и особенности воплощения философско-поэтических идей в тексте художественного произведения.

По словам В.В.Савельевой, «процесс прочтения, интерпретации и анализа художественного текста состоит во многом в обнаружении внешних и внутренних причинно-следственных связей, определяющих образный строй текста» [4, 1996, с.56].

Выявление повторяющихся образов и ключевых мотивов в лирике Ф.И.Тютчева и анализ их взаимосвязей способствует постижению созданного на поэтических страницах бинарно устроенного миропорядка, в котором властвуют «две беспредельности».

Для поэтической мысли Ф.И.Тютчева характерно восприятие мира в его двойственности, постоянное сопоставление двух начал, двух образов, двух точек зрения. Поэт всюду различал «две силы», «две беспредельности»: мрак и свет, хаос и космос, добро и зло, время и вечность, близнецы – других два близнеца. В стихотворениях Ф.И.Тютчева число «два» обретает символическое значение, нередко открывая стихотворение или являясь составной частью его заглавия: «Два единства», «Два голоса», «Два демона ему служили...», «Два разнородные стремленья...», «Двум друзьям», «Двум сестрам», «Две силы есть – две роковые силы...». Не менее символично сочетание слова «два» с эпитетом «роковой» – одним из наиболее значительных и распространённых в тютчевской лирике. Слово «два» напоминает о раздвоении человека, мира, бытия. Поэт говорит о роковом поединке *двух* сердец, пытается умом и сердцем обнять «два проявления стихии одной», его душа – «жилица *двух* миров», сердце же оказывается на пороге «*двойного* бытия». В поэтическом мире Тютчева царят «две роковые силы», грозящие «*двойным* горем». Человек соединяет в себе «два разнородных стремленья», ему суждено жить «в страшном *раздвоенье*». Поэт изобразил две бездны – внутри человека и вокруг него. Эти особенности поэтического мировоззрения Ф.И.Тютчева во многом определили своеобразие его поэтики, в первую очередь, воплотившись в образной семантике произведений.

Мир, созданный в поэзии Ф.И.Тютчева, незримой гранью делится надвое на самых различных уровнях и в самых разных плоскостях – *в пространстве, во времени*. Актуализации темы двойственности мироздания способствует целый ряд повторяющихся образов, ключевую роль среди которых играет образ зеркала. Этот образ особенно притягателен ещё и потому, что слово «зеркало» используется поэтом крайне редко, и в большинстве случаев изображения двойной бездны, двойного бытия оно не названо (его функции выполняют, например, водная гладь или ледяная поверхность). Но, не произнося слово «зеркало», не фиксируя материальную, словесную оболочку таинственного образа, обладающего удивительной способностью, проникая вглубь, постигать иное, отражённое бытие предмета, поэт создаёт выразительный поэтический образ, удваивающий изображаемое пространство, рисуящий второе бытие поэтического явления.

Анализ показывает, что образ, наиболее часто предстающий под пером Ф.И.Тютчева в своем «двойном бытии», это небо (рассветное, закатное или полночное), чью безбрежность поглотила бесконечность водной стихии. И здесь естественно возникает вопрос о той *черте*, которая отделяет одну от другой две бездны. Поэтому интересно проанализировать мотив границы, играющий важную роль в создании образа «двойного бытия», «двойной бездны».

Ф.И. Тютчев уделяет немалое внимание проблеме **границы** между явлениями, стихиями, состояниями природы или человеческой души. Довольно часто границей между двумя стихиями выступает **поверхность воды**: «Фей вилися хоробы // Под водой и по водам» [5, 1987, с. 126].

По равнине вод лазурной

Шли мы верною стезёй,

(.....)

С неба звёзды нам светили,

Снизу искрилась волна . [5, 1987, с. 126].

Заглавный стих определяет ту границу, по которой скользит чёлн – это лазурная равнина вод между звёздным небом и отражением света звёзд в волне («звёзды *светили*» – «*искрилась* волна»). Заключительная рифма объединяет созвучием слова, представляющие «верх» и «низ», «небо» и «воду» («луной – волной») – то, что отражается, и то, что может выполнять функции зеркала.

Образ челна, легко скользящего по водной глади, – сквозной в тютчевской лирике. Унося вдаль «два призрака», две «блаженные тени», «*меж зыбью и звездой* // Он скользит как бы во сне...» [5, 1987, с. 165].

Повторяется у Ф.И.Тютчева и *образ лебедя*, изображённого между двойной бездной. В стихотворении «Байрон» поэт создает красочный образ «двойной зари», со всех сторон осеняющей лебедя, плывущего в предвечерний час по зеркальной поверхности воды. Он легко скользит по той недоступной взору грани, которая отделяет одну от другой две стихии: зарево заката в небе и – его отражение в румяной волне:

Не лебедем ты создан был судьбою,
Купающим в волне румяной крыла,
Когда закат пылает над потоком
И он плывёт, любуясь сам собою,
Между двойной зарёю. [5 1987, с. 95].

Водная поверхность стала той зеркальной гладью, которая отразила не только закатное небо, но и саму птицу, окружённую «двойной зарёю» и любующуюся своим отражением.

В том же 1829 году в стихотворении «Сны» поэт изображает «пылающую бездну», окружающую человека со всех сторон – это горящее звёздной славой небо, отражённое в водной глубине:

Небесный свод, горящий славой звездной,
Таинственно глядит из глубины, –
И мы плывём, **пылающею бездной**
Со всех сторон окружены. [5, 1987, с. 82]

Спустя десять лет образ неба, таинственно глядящего из глубины водной стихии, получит, наконец, в стихотворении «Лебедь» более адекватное, более ёмкое и глубоко символичное обозначение – «**двойная бездна**»:

Но нет завиднее удела,

О лебедь чистый, твоего –
И чистой, как ты сам, одело
Тебя стихией божество.

Она, **между двойною бездной**,
Лелеет твой всезрящий сон –
И **полной славой тверди звездной**
Ты отовсюду окружён. [5, 1987, с. 144]

Между «двойной бездной» застыл погружённый во «всезрящий сон» лебедь. Со всех сторон его обступает безбрежность ночного неба, отражённая в водной глади: бездна в вышине и бездна в глубине. Зеркало воды удваивает бесконечность небесной стихии, глядящей одновременно с высоты небес и из глубины. Интересно проследить развитие образа: «**пылающая бездна**» («Сны») → «**двойная заря**» («Байрон») → «**двойная бездна**» («Лебедь»).

Подобрав в стихотворении «Лебедь» нужное определение, поэт не будет далее называть «двойную бездну», но к её *изображению* он вернется не раз. Не говоря непосредственно о двойной бездне, поэт словно намекает на её существование целой системой отражений, созданной на страницах его произведений.

Создавая второе, «отражённое», бытие своих образов, Ф.И.Тютчев чаще всего использует в качестве зеркала водную гладь. В воде отражаются золотые кровли («Тихо в озере струится...»), «радужные горы // В лазурные глядятся озера» («На возвратном пути»), но наиболее часто в зеркало воды глядит небо – как дневное, залитое солнцем, так и ночное, усеянное звёздами или посеребренное луной.

В одном из поздних стихотворений («Утихла биза... Легче дышит...») поэт вновь возвращается к излюбленным образам *челна* и *лебедя* и объединяет два образа, скрепляя стихи анафорой и синтаксическим параллелизмом:

... Легче дышит
Лазурный сонм женевских вод –
И *лодка* вновь по ним плывёт,
И снова *лебедь* их колышет. [5, 1987, с. 213]

Следует обратить внимание на проницаемость установленной поэтом границы. Порой не сразу ясно, о какой из стихий идёт речь – воздушной или водной. Ф.И.Тютчев так часто отражает небо в воде, что постепенно начинает о небе говорить как об «опрокинутом» в него море: «В *бездонном небе* звёздный сонм горит» («Как сладко дремлет сад темно-зелёный...»), «Деревья радостно трепещут, // *Купаясь в небе* голубом» («Сияет солнце, воды блещут...»), «звезда // *Уж тонет в небе* голубом» («Я знал её ещё тогда...»), орёл «*во глубь небес нырял*» («Байрон»). Создаётся впечатление, что небо – это отражение морской глубины. Интересно выражение, с помощью которого создаётся образ орла в стихотворении «Лебедь»: «*во глубь небес нырял*» – погружался стремительно в небо, будто бросался в воду. Небо уподоблено воде и в стихотворении «Сны»: «небесный свод *глядит из глубины*».

Одним из сквозных в тютчевской лирике является *образ окна*, также выступающий в роли известной границы, отделяющей один мир от другого. Но эту границу нельзя назвать непроницаемой: «Но сквозь воздушный завес окон // Недолго лился мрак ночной»; «Дымно–легко, мглисто–лилейно // Вдруг что–то порхнуло в окно» («Вчера, в мечтах обворожённых...»); «С лазуревых высот // Вдруг воздух благоговонный // В окно на нас пахнёт» («В часы, когда бывает...»); «Наступит ночь – и в чистое стекло // Волнёт елей душистый и янтарный» («В толпе людей, в нескромном шуме дня...»). В распахнутое окно веет дыхание полдневного зноя. Но даже затворённое окно не может выступать преградой для взора (причём, с обеих сторон): «Украдкою в мое окно // Глядело бледное светило» («Ещё шумел веёлый день...»); «Фонтан журчал. Недвижимо и стройно // Соседний кипарис глядел в окно» («Итальянская villa») – или для слуха: «Весна в окно стучится» («Зима недаром злится...»). Тем не менее, несмотря на призрачность преграды, окно всё же остается гранью между двумя сферами: «Как ни дышит полдень знойный // В растворённое окно», он не в силах развеять сладкий сумрак и разогнать тени.

Не раз в произведениях Ф.И.Тютчева встречается *образ покрова* (или родственных ему *завесы, пелены* и т.п.). В первую очередь он связан с темой Дня и Ночи, их взаимодействия в мировом бытии: трижды упоминается в стихотворении «День и ночь» («покров златотканый», «блистательный покров», «ткань благодатная покрова») и дважды – в стихотворении «Святая ночь на небосклон взошла...» («золотой покров она свила, // Покров, накинутый над бездной»). Эти стихотворения написаны с разрывом примерно в десять лет, но дают дню совершенно идентичную характеристику (а следовательно – и противостоящей ему ночи). В то же время, покров и завеса служат у Ф.И.Тютчева и для обозначения ночи: «На мир дневной спустилася завеса»; «О ночь, ночь, где твои покровы». Но, выступая в одном и том же обличье, день и ночь выполняют разные функции: день – покров, оберегающий людей от бездны; ночь – покров, спасающий от жгучих лучей дня.

Помимо стихотворений, объединённых темой дня и ночи, образ покрова встречается еще несколько раз – как защита морякам от стихии в ночное ненастье: «господь милосердный, будь бедным покров!» («Всё бешеной буря, всё злее и злей...») или как пелена, скрывающая от смертного взора грядущее: «Как! Прах земной объять небесное посмеет? // Дерзнёт ли разорвать таинственный покров?» («Послание Горация к меценату»); «стоим мы слепо пред Судьбою, // Не нам сорвать с неё покров» («На новый 1855 год»).

В числе повторяющихся – *образ порога*, тоже имеющий для Ф.И.Тютчева немаловажное значение. Не случайно поэт называет его «заветным»: «Та злая жизнь, с её мятежным жаром, // Через порог заветный перешла» («Итальянская villa»). В стихотворении «Я лютеран люблю богослуженье...» он назван дважды – точнее, дважды звучит стих, включающий в себя это слово: «Ещё она не перешла порогу». Весьма выразительна функция повтора в тексте стихотворения. А.Е.Кулумбетова рассматривает экспрессивную лексику и приём повтора «как свидетельство экспрессионистского метода» [2, 2015, с.150]. Дважды повторяющаяся конструкция «Ещё ... но...» усиливает впечатление пограничности: в этом стихотворении Вера изображена на пороге – ещё не переступив через него, она уже покинула прежний предел.

На «пороге» изображён человек в стихотворении «Наш век» (хотя прямо здесь порог не назван): два стремления раздирают его душу – жажда веры и безверие. Именно поэтому он скорбно застыл перед дверью: не просит отворить её – но и не уходит прочь.

Не плоть, а дух растлился в наши дни,
И человек отчаянно тоскует...
Он к свету рвётся из ночной тени
И, свет обретши, ропщет и бунтует.

Безверием палим и иссушён,
Невыносимое он днесь выносит...
И сознаёт свою погибель он,
И жаждет веры... но о ней не просит.

Не скажет век, с молитвой и слезой,
Как ни скорбит перед замкнутой дверью:
«Впусти меня! – Я верю, боже мой!
Приди на помощь моему неверью!..» [5, с.179]

На пороге «как бы двойного бытия» бьётся в тревоге и «вещая душа» поэта – «жилица двух миров»:

О вещая душа моя,
О сердце, полное тревоги, –
О, как ты бьёшься на пороге
Как бы двойного бытия!..

Так ты – жилица двух миров,
Твой день – болезненный и страстный,
Твой сон – пророчески-неясный,
Как откровение духов.

Пускай страдальческую грудь
Волнуют страсти роковые –
Душа готова, как Мария,
К ногам Христа навек прильнуть. [5, с.192]

Следует обратить внимание на выделенность слова «порог», выдвинутого в конец стиха и вовлечённого в рифменные отношения. Весьма символично сочетание рифмующихся слов: *тревоги – на пороге*. Двойственность бытия, пограничность состояния лишают душевного покоя и гармонии, переполняют смутной тревогой.

В человеческой душе могут уживаться подчас совершенно противоположные движения:

Пускай страдальческую грудь
Волнуют страсти роковые –
Душа готова, как Мария,
К ногам Христа навек прильнуть. [5, с.192]

В человеке борются два начала – «страсти роковые» и жажда умиротворения, и как при этом важно тире на границе двустий, на границе «двух разнородных стремлений», раздирающих человеческую душу. Смысловая завершенность и самостоятельность двустий в приведённой выше строфе подчеркнута и звуковой окраской: твердые сочетания с «р» в первом двустии после тире смягчаются (**стр – гр – стр – р – р' – р' – пр'**), что соответствует и содержанию двустий. Выделенные цепочки звуков служат музыкально-звуковому выражению двух образно-смысловых рядов: первый связан с «ночным» миром человеческой души – с миром бушующих страстей, второй – с миром «дневным»: стремлением души очиститься от роковых стихий, стряхнуть с себя гнёт противоречий и приобщиться к светлому миру блаженства и гармонии.

В докторской диссертации, посвящённой исследованию метафизики бессмертия в русской романтической лирике, Г.В.Косяков справедливо отмечает: «В тютчевском образе души диалектически сопрягаются не только космос и хаос, но и конечное с бесконечным. Душа в поэтическом мире Тютчева живёт в состоянии онтологического порога, в рамках «двойного бытия». Душа в лирике Тютчева подвластна самым разнообразным чувствам и состояниям, возникающим благодаря воздействию чувственной сферы, сердца: боли, смущению, недоумению, горечи, тоске» [1, 2007, с.34].

Ф.И.Тютчев нередко изображает человека в некоем *пограничном состоянии*: он вдруг оказывается у заветного порога. В таком состоянии, промежуточном между сном и явью, на границе реального мира и мира грёз и видений изображён герой стихотворения «Графине Е.П.Ростопчиной». Переключка настойчиво повторяемых слов «как», «какой–то», «как бы» усиливает впечатление неопределённости, неоднозначности, зыбкости состояния, овладевшего человеком:

Как под сугробом снежным лени,
Как околдованный зимой,
Каким–то сном усопшей тени
 Я спал, зарытый, но живой!
 И вот, я чувю, надо мною,
 Не наяву и не во сне,
Как бы повеяло весною,
Как бы запело о весне... [5, с.192]

На сайте www.kinopoisk.ru аннотация к фильму звучит так: «Нуржан и Салима мечтают о внуках. Их сын Бауржан хочет жениться по любви, а его избранница Айжана сосватана другому, она не хочет расстраивать отца. И все это ровным счетом ни к чему бы не привело, если бы тете Куляш не нужна была шуба. Новые знакомства, нелепые ситуации, дорожные приключения, на что только не готовы пойти наши герои ради большой и красивой...шубы» [4]. Начало аннотации интригующе и понятно для зрителя, который выбирает себе сеанс в кинотеатре. Есть конфликт: «Бауржан хочет жениться по любви, но его избранница сосватана другому». Продолжение полно сумбура и логически не связано между собой: «...Она не хочет расстраивать отца...» Почему? Потому что отец сосватал ее другому. Но нет, отец, как раз, таки наоборот хочет, чтобы Айжан вышла замуж за Бауржана. «...И все это ровным счетом ни к чему бы не привело, если бы тете Куляш не нужна была шуба...» Кто такая тетя Куляш и при чем здесь шуба? Далее перечисление множества общих понятий. И в фильме происходит все то же самое. Главный герой, 30-летний, Бауржан, работает учителем английского языка в школе. Он живет с родителями в селе. Его мама Салима очень хочет, чтобы сын женился и обманным путем вынуждает отправиться в Алматы в гости к старому лучшему другу отца Бауржана, для того чтобы познакомиться с его дочерью. Бауржан, думая, что мать больна, соглашается исполнить ее просьбу. Вот завязка основного действия сюжета. Почему главный герой не женат до сих пор, об этом ничего не говорится. И мотивация матери женить скорей сына тоже. Но что мы знаем о главном герое? Режиссер создает портрет Бауржана с помощью дополнительных персонажей – односельчан, которые в своих эпизодах говорят о нем. И мнения всегда разные. Например, сцена, когда два старика, играющих в шахматы, видят пробегающего мимо Бауржана в розовом халате и розовых тапочках. Один уверяет, что Бауржан странный, и подозревает его в гомосексуализме, ведь он так и не женился, другой наоборот его защищает. Или когда участковый и обычный житель спорят о том, привезет он девушку из города или нет. Складывается ощущение, что Бауржан должен бы быть чудачком, иначе не понятно, почему он до сих пор не женат. Но возможно так и есть. Вот только прогадали в подборе актера на главную роль, либо художник по костюмам и режиссер недостаточно проработали визуальный образ персонажа. Берик Айтжанов слишком привлекателен внешне на роль чудака, ему не веришь. А его действия, которые должны были нам поведать о его странностях, выглядели не органично. Вспомнить образ Пьер Решара, в любых его фильмах. Когда актер подобран очень точно и действия его персонажа еще больше раскрывают сущность героя.

В ходе истории то и дело постоянно возникают новые герои, которых никак в дальнейшем не развивают. Зрителей не готовят к новым поворотным пунктам, а ставят в тупик. Например, неожиданно в конце появляется мальчик по имени Серик, которому срочно нужна операция, а денег на нее нет. Внезапно появляется художник, который жертвует гонорар от проданной им картины. Вместо того, чтобы вести линию больного мальчика, конкурса красоты либо конфликта между Талгатом и Бауржаном, которого в фильме не было, от самого начала и до конца, развивая и используя одних и тех же персонажей, сюжет фильма наполнен множеством разных историй, которые то и дело вытесняют друг друга, не давая развиваться и достичь своего апогея. Главные герои не живут в одной сюжетной линии, а тут же перетекают из одной в другую. Мотивации персонажей очень наивны. В качестве невест Бауржану было предложено четыре девушки, ни с одной отношения не длились больше одного-двух эпизодов. Отсутствует логика в повествовании. Например, когда мама Бауржана притворяется больной, тетя Куляш, подруга семьи, соседка и целительница, говорит о том, что мама устала от хозяйства и ей нужна помощница – келинка. Позже в городе Бауржан и Айжан заходят в Технодом, чтобы купить подарки сестренкам Бауржана. После об этих сестренках ни разу в фильме не упоминается, и если у него есть сестренки, то почему они не помогают матери. Мизансцены в интерьерных сценах плоские и сериальные. Эстетика кадра проглядывается лишь в городских пейзажах. Алматы был снят изумительно, так же как и сцена у Чарынского каньона. Музыка легендарной группы Дос-Мукасан придает картине ностальгический шарм того времени. Нельзя не отметить появление в фильме баннера с изображением Шакена Айманова, кажется, что создатели картины отдают дань этому великому режиссеру. Режиссер постоянно визуализировал мысли разных персонажей. Это было сделано для юмористического эффекта, но напоминало скорее телевизионное скейтч-шоу. Главные герои Бауржан и Айжан ничем больше не занимались, кроме как ездили по разным девушкам. И это походило бы на жанр «роуд муви», но только цель такого жанра – это обретение персонажем себя. А внутренних конфликтов не было ни у одного персонажа. Один из плюсов в содержании фильма, это то, что новому поколению рассказали о

казахской традиции под названием «бел куда». А итог всей истории, что молодые люди все-таки влюбились друг в друга и поженились, и казахская традиция и поверье имеют свойства осуществляться.

Анализ фильма «Невеста для брата»:



Рисунок 2.

На все том же сайте www.kinopoisk.ru аннотация к фильму выглядит таким образом: «Батырбек, провалившись на вступительных экзаменах в институт, возвращается домой, в родной аул. Его младший брат, Аян, решает помочь Батырбеку начать самостоятельную жизнь – построить новый дом и подыскать невесту...» [5]. Сюжет абсолютно ясен и логичен, конфликт имеется. И драматургия сценария проработана тщательно. Персонажи наполнены жизнью и обаянием. Главный герой, 17-летний Батырбек проваливает вступительные экзамены из-за драки, вступившись за парня, которого даже не знает. Фильм сразу же начинается с конфликта отца и сына. Отец Батырбека ругает сына, говоря, что не позволит ему бездельничать, ставит себя в пример, что в его годы уже работал, женился на лучшей девушке аула. Отец уезжает в горы на пастбища со словами «найди себе работу здесь». Младший брат Батырбека расспрашивает о том, что произошло. Батырбек рассказывает свои обстоятельства и решает начать новую жизнь, найти работу, построить дом и жениться на лучшей девушке аула до приезда отца, чтобы доказать ему, что он не бездельник и способен на многое. В одной сцене есть предыстория, которая оживляет персонажей. Появляется цель всего сюжета. В этой же сцене ярко показан конфликт поколений. Зритель понимает, что Батырбек своенравный, решительный, амбициозный молодой человек. Он дает указания младшему брату Аяну написать письмо Раушан – лучшей девушке аула, о его намерениях жениться. Младший брат бежит исполнять просьбу, но его с толку сбивает друг, который нелестно отзывается о Раушан, ссылаясь на ее чрезмерную строгость. В следующей сцене нам показывают Раушан, и зрителю ее увидеть уже интересно. Он заинтригован. Аян убеждается сам в строгости Раушан. Друг Аяна Сапар увлеченно предлагает другие варианты, но этих девушек не оказывается дома. То есть не влияющих на сюжет персонажей не показывают, не уделяют им экранного времени. Сапара зовет мама и он уходит. Аян остается один и случайно слышит разговор Батимы и ее матери. Разговор звучит так: «Батима, опять читаешь. И в кого ты такая родилась?» – «Мне приснился сон, где я летаю, летаю, а приземлиться не могу». Батима – девушка со странностями и зритель в это верит, ведь визуальный образ ее говорит об этом. Она в круглых очках и в небрежно надетом на голову платке. Также ее образ подкрепляет этот самый диалог, где она рассеянно рассказывает о своем сне. Очарованный девушкой, Аян посылает ей письмо Батырбека. Аян во время игры в футбол рассказывает Сапару о том, что отдал письмо Батиме. Сапар удивляется и нарекает Батиму «пугалом». Во время этого диалога утверждение друга подкрепляется визуально – в кадре неуклюжей походкой проходит Батима и снова в очках и небрежном платке на голове. Аян задумывается, но Сапар предлагает посылать ей письма с испытаниями, с которыми она, как он считает, не справится, но Батима, влюбленная в Батырбека, делает, все, что указано в письме, и так как эти письма пишут два мальчика, то испытания имеют нотку детской наивности, такие, как научиться кататься на велосипеде как девушка или запустить в небо бумажного змея. А в то время Батырбек думает, что женится на Раушан. У персонажа Аяна возникает внутренний конфликт, ведь он так и не признался брату, что отправляет письма Батиме, а не Раушан. Аян сам влюбляется в Батиму. В

сюжете всего две невесты. Одна о которой знает Аян, другая – о которой думает Батырбек. И сюжетные линии взаимоотношений персонажей развиваются и приводят к раскрытию правды. Аян признается Батырбеку, что посылал письма Батиме вместо Раушан. Братья ссорятся из-за этого. Аян признается и Батиме, что писал все письма. Батима удивляется этому и умиляется. Аян рассказал Батырбеку, что ради него делала Батима и Батырбек расплывается в улыбке. Самоуверенный молодой человек идет к влюбленной в него девушке и делает ей предложение, но она отказывает ему и молодые люди ссорятся. И дети помогают им помириться. В финале они, конечно же, женятся. Возвращается отец, а Батырбек доказал отцу, что смог стать настоящим мужчиной: найти работу, построить дом и жениться. Мизансцены убедительны и жизненны.

У героев, помимо их сквозной цели, есть и свои дела: Батырбек работает комбайнером, Аян с Сапаром, то играют в футбол, то ловят рыбу. Поселок живет своей жизнью, проводятся собрания, вечером дискотеки. Вся эта насыщенная событиями и развитием история разворачивается в 64 минутах. В диалогах слышатся мудрые мысли из уст стариков и детей. Картина на первом плане о женитьбе брата, но на самом деле все глубже, о взаимоотношениях, о человеческой жизни.

В советской казахстанской комедии неожиданных новых эпизодов и персонажей в истории не появляется, каждое действие подготавливает зрителей к дальнейшему развитию. Например, художник, который рисует портрет Батимы, имеет несколько сцен и его цели и присутствие в драматургии имеет свое значение. А в комедии 2016-го года все персонажи появляются неожиданно без представлений. В фильме «Невеста для брата» сюжетные линии имеют свою цель и логическое завершение. Персонажи в отличие от современной казахстанской комедии наполнены содержанием и характером. История рассказана линейно и последовательно с логическим завершением, чего нельзя сказать о сюжете фильма «16 девушек». Также хочется заметить, что в советском кино информация выдается насыщенно и не делится на несколько сцен, в 64 минутах рассказаны все сюжетные линии с развитием и логическим завершением, тогда как в 97 минутах нет ни развития, ни раскрытия никакой из линий от начала до конца. Также хочется отметить такой тонкий момент, что в современном кино имеется обращенность к традициям казахского народа, об этом упоминалось выше. А в советском – поиска современности. Батима задается вопросом, а современная ли она девушка? Аян рассуждает о том, что стихи уже пишут другие, не как раньше. Нельзя не отметить музыкальное оформление фильма. Каждая мелодия имела свою тему и использовалась как представление персонажа. Когда появлялась в кадре Батима, звучала одна мелодия, которая погружала в состояние и внутренний мир героини. Это был безупречный режиссерский прием. Фильм «Невеста для брата» актуален и сейчас. Только отображая ценности, которые не умирают со временем, можно привести к долгой жизни кинопроизведения.

Тема свадьбы и женитьбы, как никогда популярна сейчас. В Казахстане высоко ценятся и почитаются родственные связи, а где как не на свадьбе можно собрать всех родственников. А поиск любви, второй половинки всегда безоговорочно притягивает зрителей. Свадьба – это всегда весело, поэтому выбирают для такого сюжета жанр – комедия, романтическая комедия, семейная комедия.

Проделав сравнительный анализ двух казахстанских картин со схожим сюжетом, жанром и студией производства, возникает такой вывод: драматургия в жанровом советском кино оказалось более глубокой. Мизансценирование более жизненным. Подбор актеров и работа над созданием образов более точным. Отсюда следует, что, несмотря на схожесть сюжета, современное казахстанское жанровое кино уступает советскому в мастерстве написания сценария, режиссуре. И перед созданием очередной картины современным кинематографистам следует обращаться к классике отечественных фильмов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Почему Скорзесе считает, что кино умирает [Электрон.ресурс]. – 2016 -URL: <https://www.ivu.ru/titr/everything/scorsese-film-is-dead>: (дата обращения: 24.04.2019).
2. Казахское кино: высокие амбиции и низкий профессионализм. Г.Абикеева. [Электрон.ресурс] – 2018 – URL: <https://camonitor.kz/30440-kazahskoe-kino-vysokie-ambicii-i-nizkiy-professionalizm.html> (дата обращения: 23.01.2018).
3. Ленин и кино [Электрон.ресурс] URL :<http://istoriya-kino.ru/kinematograf/item/f00/s01/e0001668/index.shtml> (дата обращения: 24.04.2019).
4. Фильм «16 девушек» [Электрон.ресурс] – 2016 – URL: <https://www.kinopoisk.ru/film/16-devush-ek-2016-915850/> (дата обращения: 20.04.2019).
5. фильм «Невеста для брата» [Электрон.ресурс] – 2003 – URL: <https://www.kinopoisk.ru/film/503167/> (дата обращения: 20.04.2019).

Қайранов Е.Б.

PhD, доцент

Т. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА

Алматы қ., er.kb.oner@mail.ru

Абдрешов Қ.Б.

2-курс магистранты

6M041500-«Мүсін» мамандығы

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА

Алматы қ., a.kuka93@mail.ru

Жунисбаев М.С.

Профессоры

Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА

Malik.sultan57@mail.ru

Жұбанова Г.

өнер магистрі

Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының

ғылыми қызметкері,

Алматы қ., gulnuz.zhubanova@mail.ru

ЕСКЕН СЕРГЕБАЕВТЫҢ МОНУМЕНТАЛДЫ МҮСІН ӨНЕРІНДЕГІ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Түйін: Мақалада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е. А. Сергебаевтың шығармашылығында негізгі орын алған монументалды мүсіндері зерттеледі. Тәуелсіздік кезеңде отандық мүсін өнерінің кәсіби тұрғыда қарқынды дамуына елеулі үлес қосқан белгілі мүсіншінің монументалды туындылары бойынша көркемдік сипаттама жүргізіледі. Талантты автордың қола мен граниттік ескерткіштеріндегі бір біріне ұқсамайтын түрлі қырлардағы тарихи образдар талданып ерекшелігі қарастырылады.

Резюме: В статье исследуются монументальные скульптуры, занявшие основное место в творчестве заслуженного деятеля Казахстана Е. А. Сергебаева. Проводится художественная характеристика по монументальным произведениям известного скульптора, внесший заметный вклад в бурное профессиональное развитие отечественной скульптуры периода независимости. Рассматриваются и анализируются особенности исторических образов неповторимых вариаций в бронзовых и гранитных памятниках талантливого автора.

Summary: The article examines monumental sculptures that have taken the main place in the work of the Honored Worker of Kazakhstan E. A. Sergebaev. The artistic characteristics of the monumental works of the famous sculptor, who made a significant contribution to the rapid professional development of the national sculpture of the independence period, are held. The features of historical images of unique variations in the bronze and granite monuments of a talented author are reviewed and analyzed.

Қоғам өмірінде монументалды, парктік және станоктік мүсін өнерінің алар орны ерекше. Әсіресе, монументалды ескерткіштер ұлттық мәдениеттің құндылықтарын жұртшылыққа көрсетіп, насихаттайтын рөлі аса маңызды келеді. Себебі, монументалды мүсін өнерінің кез-келген жанрындағы туындылар мемлекеттің идеологиясын жүзеге асырудағы басты ерекшеліктер болып табылады. Тарихтан мәлім, Қазақстанның монументалды мүсін өнері кеңес кезеңінің бейнелеу өнерін дамытуда айрықша орын алды. Қазақстанда кәсіби мүсін өнері мектебінің негізін қалыптастырған Қазақстанның халық суретші Хакімжан Наурызбаев болды. Қазіргі кезде осы мектептің дамуына атсалысып, шәкірттер тәрбиелеп, үздік кадрлар дайындауда зор үлес қосып келе жатқан аға буын мүсіншілерінің бірегейі ол – Ескен Сергебаев.

Сergebaev Ескен Аманжолұлы (1940 ж. т., Алматы қ.) – И.Е. Репин атындағы СПбМАКМСИ түлегі (Санкт-Петербург қ., РФ), ҚР СО мүшесі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің кавалері, ҚР Көркемсурет академиясының академигі,

ҚР ЖАК профессоры. Орта кәсіби білімді Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде ұстазы Х.Е. Наурызбаевтан алса, жоғары кәсіби білімді Ресейдегі Ленинград қаласында И.Е. Репин атындағы мемлекеттік академиялық институтында В.П. Пинчук, М.К. Аникушин секілді кеңестік белгілі мүсіншілерден алып шеберлігін шыңдады.

Е. Сергебаевтың еңбектері Қазақстан пластикасындағы ұлттық қаһармандар бейнелері мен адами терең мінездерді жасауға қомақты үлес қосты. Шебердің мүсіндері қалаларымызға көрік берумен қатар ол қалалардың рухын, тарихын және даңқы өшпес ұлы тұлғалардың символы боларлықтай нағыз бейнелерге айналды. Қазақ кәсіби мүсін өнері мектебін дамытудағы базасы бұл батыс өнерінің ықпалымен, ішкі рухани ұлттық дүниетанымдықпен ұштастырған мәдени құндылықтар. Оның шығармашылығындағы негізгі туындылары қазақ халқының ұлы тарихи тұлғаларына арналған. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылы жолдаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы – «II. Тарихи сананы жаңғырту» тарауының «2. Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында аталып көрсетілген – бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет, – деп қойылған мақсаттарға сәйкес Е. Сергебаевтың монументалды мүсіндеріндегі көркемдік сипатын аша отырып насихаттау өзекті деп санаймыз. Сол арқылы да ұлттың әйгілі тарихи тұлғаларын тек отандастар ғана емес, шетелдік туристер де білетін болады деп сенеміз.

Е. Сергебаевтың шығармашылық өмір жолына сын-пікір айтып, жеке көзқарасын озық пікір деп бай-байлап жүргендерде баршылық. Бұлда болса белгілі мүсіншінің өнерінің шет қалмай ықпал етуі деп түсінеміз. Әрине, Абай атамыз «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, тартымды көркем шығарма көрермендерге ой салады. Уақыттың өзі таразы. Жақсы туынды жарқырап ел есінде қалары мәңгілік. Е. Сергебаевтың өзіндік қолтаңбасында реалистік биік рух, нәзік сезімдер баршылық. Шығармашылық ізденіс сәттері күрделі өмір құбылыстарынан тұратын мүсінші кейіпкерлердің мыңдаған эскиз жобасының макеттерін жасау арқылы өз ойын ұштап келеді. Өшпес мұра болар ескерткіштік мүсіндердің өмірге келуі оңай шаруа емес. Ол нағыз шынайы шебердің қолынан келер іс демекпіз. Сондықтан мүсінші Е. Сергебаевтың М.Ауэзов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры алдындағы ұлы тұлға М. Әуезовты сомдауы монументалды мүсін өнеріндегі ерекше жаңалық болды. Өзіндік ой салатын образдық тұлға пластикалық құрылымы нәзік, жарасымды форма мен мазмұндық мәні бар ескерткіш театр көрермен қауыммен қауышып келеді [1, 2].

Қазақстан монументалды мүсін өнерін ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде жан-жақты талқылап көрсеткен. Соның ішінде, монументалды мүсін өнерінің кеңістіктегі орны мен композициялық шешімін айқындау барысында жетекші өнертанушыларымыздың бірі Р. Ерғалиеваның «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» [5, 184-185 бб.], «Основные тенденции развития монументальной скульптуры Казахстана периода независимости» [6, 106-107 бб.] тақырыбындағы ғылыми жұмыстары басты көрсеткіш болды. Жоғарыда айтылған, еліміздің алдыңғы қатарлы үздік өнертанушысы Р. Ерғалиева өзінің ғылыми еңбегінде Қазақстан монументалды мүсін өнерін зерттей келе былай деп тұжырымдайды: «Қазақ мүсін өнерінің аға буын өкілдері Х. Наурызбаев, Б. Түлеков пен кейінгі ізбасар мүсіншілер Т. Досмағамбетов, Е. Сергебаев шығармашылығы орыс академиялық мектебінің ағымындағы ұлттық сана мен символикалық бейнелілікке ұмтылуымен ерекшеленеді. Е. Сергебаевтың шығармалары ресейлік пластикалық дәстүрлердің шынайы принциптері арқылы ішкі ұлттық сәйкестіліктің көрінісі болып табылады. Мүсінші шығармашылығындағы кейіпкерлердің мінезіне тән қасиет: өмір мен өлім, жақсылық пен зұлымдық құбылыстарын драмалы ұғыммен шешілуінде. Ұлттық мәдениет пен адамзат тарихындағы елеулі бейнелерге негізделген, ұрпақтар сабақтастығына тұлға ретінде мысалы, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті классигіне арналған М. Әуезовтің ескерткішін ұсынған. Елдің мұң-мұқтажын қаламына арқау еткен жазушыны күрделі драмаға толы композициялық шешіммен біртұтас үйлестіреді. Суреткер отырған сұлбаны үлкен ауқымда сомдау арқылы, монументке жазушы шығармашылық әлемінің ұлылығы мен шарықтау шыңын жеткізді».

Әсіресе, халық қаһарманы композитор Н. Тілендиевті мүсіндеуде композитор бойында жинақталған күйлердің музыкалық атмосферасын ашуға тырысады. Жалпы, Е. Сергебаевтың еңбектерінде шындыққа қатынасын көрсететін өнердің құдіретті күші сезіліп тұр. Оның жасырын сыры еңбекқорлығында, қазіргі заманауи жастарға үлгі ретінде!

Қоғамның рухани тәжірибесін образ түрінде бейнелейтін Ескен Сергебаевтың туындылары замандастарды тәрбиелеп, ұрпақтарға өміршең болмысты қалыптастырады. Е. Сергебаевтың

шығармашылығының зерттеу барысында Қазақстан монументалды мүсін өнеріндегі рельефтік және барельефтік туындылардың көркемдік негізін зерделеуде кезеңдік мерзімді басылымдардағы мақалаларға да сүйене отырып қарастырдық.

Қазақстандағы дәстүрлі монументалды мүсін өнері өте ертеден келе жатқан өнер болғаныменде, кәсіби мүсін жас өнер түріне жатқызылады. Монументалды мүсін өнерінің тарихи деректері, оның бастауы мен алғышарттары өнертанушы Г.Ш. Елеукуенованың «Очерки истории средневековой скульптуры Казахстана» [8] еңбегінде айқындалған. Монументалды мүсін өнерінің тарихына шолу жасау, оның мәнінің тереңдігімен бүгінгі мүсін өнеріндегі байланыстарын ашуда көп септігін тигізді. Сонымен қатар, Р. Ерғалиева, Х. Труспекова, Д. Шарипова және т.б. авторлар бірлескен «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері» және «Қазақстан өнерінің жүз жауһары» деп аталатын еңбектері Қазақстанның XX ғасырдағы бейнелеу өнерінің ерекшеліктері ашып көрсетеді.

Е. Сергебаев жасаған туындыларында өзіндік пластикалық ерекшеліктер арқылы ұлттық тақырыптарды көтеріп, тарихи тұлғаларды ұлықтады, сөйтіп Қазақстанның монументалды мүсін өнерінің даму тарихында айрықша үлес қосты. Бүгінгі таңдағы тарихты жырлау мақсатында туындаған туындыларында қазақ халқының барлық дерлік өткен тағдыры суреттелген «Исатай Махамбет», «Әлия» ескерткіштерінің рельефті көріністері мүсіншінің шеберлігінің еншісінде екенін белгілеп кету керек.

2003 жылы Атырау қаласындағы «Исатай және Махамбет» монументалды кешеніне Е. Сергебаевтың қоладан жасаған 12 метрлік барельефтік жұмысы халықтың азаттық жолындағы көтерілісінің тарихи кезеңдерін мәнерлеп мүсін өнерінің тілімен жеткізгендей. Атырау қаласындағы «Исатай – Махамбет» монументінің мүсінші Б.Абишевпен бірлескен авторы болды. Ескерткіш қос атты болып келіп, жалпы құрылымы барельефпен көмкерілген. Барельефте – басты бейнелердің жартысы бергі жоспарға жартысынан шығыңқы келіп орындалады. Мұндағы Махамбет пен Исатай батырлардың өмірлері сипатталып, жалпы халықтық рухты көтеру мүсінші Е.А. Сергебаевқа тиесілі еді. Бұл қос фигуралы ескерткіштерге көздік мөлшермен дәлдегенде қалыптылықты ұстап тұруға дес береді. Рельефтік көрініс 12 x 4 метрлік ұзындықты қамтып, жалпы кезеңдік ерекшелік пен рухты көрсетуге үлес қосуда. Қазақстан монументалды мүсін өнеріндегі бірқатар барельефтік және горельефтік туындылары Е. Сергебаевтың авторлық еңбектері болып келеді.

Е. Сергебаев Қазақстан мүсіншілер арасында өзіндік тың еңбектерімен жарқын көрінетін мүсінші деп айта аламыз. Қазақстанның көптеген облыстарының көрнекті орындарында ұлы тұлғалар мен тарихи оқиғалардан сыр шертетін шығармалары қойылған [6, 115-117 бб.]. Е. Сергебаевтың монументалды – ескерткіштер жасауы XX ғасырдағы кеңестік кезеңнен бастау алған шығармашылығында қазақ бейнелеу өнерінің нағыз алтын қорынан ойып аларлықтай орны бар туындылары кездеседі. Мүсіншінің қолтаңбасынан шыққан портреттік мүсіндерінде мазмұны терең ашылған, себебі, кейіпкерінің ішкі жан-дүниесінен психологиялық мәнін терең жеткізу ең басты ұстанымы болып келеді [3, 4]. Мүсіншімен жүздесу кезінде байқағанымыз – үнемі тарихи тұлғаларды ойлап, солар туралы деректер жинап, Ресейдің жоғары көркемсуреттік оқу орнынан алған шеберлігін ұштастыруды көздеп жүретіндігі. Сондай-ақ, өз шәкірттерінен де талап пен еңбекті қатаң сақтай отырып, қазақ мүсін өнерінің дамуына өз үлесін барынша аямайтындығын басты мақсаты деп біледі.

Сонымен қатар, Е. Сергебаевтың монументалды ескерткіштеріндегі тарихи батыр тұлғаларды сомдаудағы көрнекті туындыларының бірі – Әбілқайыр ханға арналған. 2000 жылы Ақтөбе қаласының басты алаңында қазақтың кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның монументтік ескерткіші бой көтерді. Ескерткіш қаланың тұрғындары мен қонақтарының серуендеп демалатын көрікті жерлерінің біріне айналды. Монумент өзі – мүсін, тұғырдан тұратын күрделі архитектуралық композиция. Ескерткішке көтерілетін баспалдақтар қызыл гранит тастарымен безендірілген. Тік төрт бұрышты тұғыртасы мен іргетасының сырты гранитпен жабыстыру арқылы қапталған. Қоладан құйылған салтатты ханның бейнесін мүсінші композициялық шешімінде, дәстүрлі киім шапаны мен қылыш арқылы хан образын ашады. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 12,3 метр, мүсіннің биіктігі – 2,8 метр. Бұл туынды көркемдік тәжірибеде қабылданған батырлар бейнесін өңдеудің классикалық шешімдерімен сәтті қабысады.

Қорытындылай келе, мүсінші Е. Сергебаевтың шығармашылығын бірнеше тақырыптық бөлімге бөлуге болады. Олар:

– монументалды мүсін арқылы берілген тарихи образдар: «М. Әуезов» ескерткіші (Алматы, 1980 ж., сурет №1), «Н. Тлендиев» (Алматы обл., Жамбыл ауд., сурет №2) «Махамбет пен Исатай»

кешеніндегі рельеф (Атырау қ., сурет №3), «Әбілқайыр хан» (Ақтөбе қ., сурет №4), «Әл-Фараби» ескерткіші (Алматы қ., сурет №5), «Ансамбль Досмұқасан» ескерткіші (Павлодар қ., сурет №6), «Ә. Молдағұлова» ескерткішіндегі рельеф (Ақтөбе қ., сурет №7), «Абай» ескерткіші (Көкшетау қ., сурет №8), «С. Аманжолов» ескерткіші (Өскемен қ., сурет №9), Т. Жүргенов (Алматы қ., сурет №10), «А. Токпанов» ескерткіші, сурет №11) және т.б.;

– ғылым мен өнер қайраткерлерінің портреттік бейнелері (М.Әуезов, С.Торайғыров, С.Аманжолов, А.Құнанбаев, А.Жұбанов және т.б.);

– өзіндік еркін, яғни, суретшінің жан дүниесіне жақын тақырыптар бойынша берілген шағын портреттік туындылар [4].

Мүсінші Е. Сергебаевтің шығармашылығынан туындаған жұмыстардың бірқатары Алматы, Өскемен, Павлодар, Көкшетау, Атырау, Ақтөбе, Шымкент қалаларында орналасқан. Шығармалар қаланың көрнекті жерлері мен мәдениет, білім ошақтарының жанына қойылған. Соның бірі – Өскемен қаласындағы қазақтың филология ғылымының негізіне өз үлесін қосқан С. Аманжоловтың құрметіне жасалған ескерткіш. Ескерткіш С. Аманжолов атындағы оқу орнының көрнекті орнына қойылған. Қоладан құйылған ескерткіш төрт қырлы гранит тұғырыда, негізгі форманы қалыптасқан заңдылықпен шешкен. С. Аманжолов монументалды мүсінінде шебер кейіпкерінің көркем тұлғасына тән табиғи мінезін ұстайды. Парасатты ғалымның сұлбасын орындықта отырған қалпында, оң қолына қаламсап, сол қолын шағын кеңсе үстелінің үстінде, жинаулы кітаптарға қойғызған. Ғалымның айқастыра қойған аяқтары бүкіл тұлғаның негізгі нүктесін, тепе-теңдікте ұстап тұр.

Тұлғаларға қойылған портреттер галереясындағы М. Әуезов, С. Торайғыров, С. Аманжолов, А. Құнанбаев, А. Жұбанов әр алуан қалыптағы қозғалысты, әсіресе тік тұрған қалыпты шебер беру, мүсін заңдылықтарын нақты шешу мүсінші Е. Сергебаевқа ғана тән қасиет. Сондай-ақ, автордың ескерткіштерінен үнемі сол тұлғалардың қызметіне байланысты құралдарын бейнелейтіні, табиғи болмысы мен кейіпкердің жан дүниесіндегі толғанысты негізге алатыны көрінеді. Мысалы, жазушы-ақын тұлғаларына кітап ұстатып сомдаса, С. Торайғыровты шығармашыл кейіпінде ағаш жаныда тың толғаныс үстіндегі сәтін бейнелеген. Дегенмен, әрбір еңбектің қиын ізденістермен келетіні белгілі. Осы ретте, Е. Сергебаевтың шығармашылығының әр қырлылығы ерекшелік ынталандырады. Монументалды немесе станоктік мүсіндерінде суретшінің еркін шеше алатын қасиеті байқалады. Жалпы, мүсін өнерінде қолтаңбалары нақты тақырыпта сомдаумен қатар материалды тың сезінуі – оның өзіндік ерекше мәнері бүгінгі кездегі, яғни заманауи өнерінің жаңашыл мәнеріне қосқан үлесі – еркіндік пен батылдық. Сондықтан да, суретшінің әрбір туындысының өзіндік ерекше дараланатыны да осында. Мүсінші Е. Сергебаевтың туындыларында адамдардың жан дүниесіндегі ішкі сезімі, пішінді еркін пайдалану әдісімен өз шығармашылық ойларын мәнді жеткізе білді. Мүсіншінің туындыларындағы формалар кеңістікте қарапайым да ұқыпты көрініп – көрермен назарына тереңдікті сезінуге мүмкіндік туғызады. Тақырыбы да, мазмұны да кең дүниелер мүсінші шеберлігін одан әрмен көркейте білетіндігінде.




Сурет № 1,
М. Әуезовтің ескерткіші, Алматы қ.



Сурет № 2,
Н. Тлендиев ескерткіші,
Алматы обл., Жамбыл ауд.



Сурет № 3, «Исатай және Махамбет» кешеніндегі барельеф, Атырау қ.




Сурет № 4, «Әбілқайыр хан» ескерткіші, Ақтөбе қ.



Сурет № 5, «Әл-Фараби» ескерткіші, Алматы қ.



Сурет № 6, «Ансамбль Досмұқасан» ескерткіші, Павлодар қ.



Сурет № 7, «Ә. Молдағұлова» ескерткішіндегі рельеф, Ақтөбе қ.



Сурет № 8, «Абай» ескерткіші, Көкшетау қ.



Сурет № 9, «С. Аманжолов» ескерткіші, Өскемен қ.



Сурет № 10,
«Т. Жүргенов» ескерткіші,
Алматы қ.



Сурет № 11,
«А. Тоқпанов» ескерткіші, Алматы қ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Очерки истории изобразительного искусства Казахстана. Алма-Ата, «Наука» КазССР, 1977. 224 с.;
2. Мәңгілік мүсін / құраст.: Шәмшәгул Меңдиярова – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2018. – 224 б.;
3. Изобразительное искусство Казахстана. Период независимости. – Алматы: «Арда», 2009. – 334 стр.;
4. Барманкулова Б. История искусств Казахстана. В 3-х т. – Алматы: «Өнер», 2011. Том 3.: Живопись. Графика. Скульптура. – 192 стр.;
5. Ерғалиева Р. А. Становление образа героя в казахской скульптуре сквозь призму традиционных критериев // Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002 – 183 с.;
6. Основные тенденции развития монументальной скульптуры Казахстана периода независимости // Изобразительное искусство Казахстана. Период независимости. – Алматы: «Арда», 2009. – 344 стр.;
7. 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2009. – 264 с.;
8. Елеукенова Г. Ш. Очерки истории средневековой скульптуры Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999.

Қайранов Е.Б.

PhD, доцент

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА

Алматы қ., er.kb.oner@mail.ru

Кенджакулова А.Б.

PhD докторант

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының

ғылыми қызметкері, өнертанушы

Алматы қ-сы, ainura8883@mail.ru

ЕРАЛЫ ОСПАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР

Аннотация: Автор қарастырып отырған мақаласында суретші Ералы Оспановтың шығармашылығына тоқталған. Суретшінің заманауи қазақ графикасының дамуына қосқан үлесі, негізгі ұстанымы мен жанры айқындалған. Мақалада суретші шығармашылығын қарастырып, жұмыстарына жеке тоқталған.

Кілт сөздер: фольклор, батырлар-жыры, ғашықтық жыр, график-суретші, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, фольклорлық мотивтер.

Аннотация: Автор в рассматриваемой статье остановился на творчестве художника Ералы Оспанова. Определены вклад художника в развитие современной казахской графики, основные принципы и жанры. В статье рассматривается творчество художника и направления стиля.

Ключевые слова: фольклор, герои, поэзия, график, обычаи, традиции, фольклорные мотивы.

Summary: The Author in the article dwelled on the work of the artist erala Ospanov. The contribution of the artist to the development of modern Kazakh graphics, the basic principles and genres. The article deals with the artist's work and style trends.

Keywords: folklore, heroes, poetry, graphic, customs, traditions, folklore motifs.

Фольклор – қазақтың ежелден, өзі жаралғаннан бергі оның өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің бөлінбес бөлігі, өмірлік серігі, ғасырлар бойғы арман-қиялының іске асқанының айқын көрінісі, сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туындаған халық даналығы, саз өнері, көне дүниетанымы, елзертесі [1, 35 б.]. Қазақ фольклоры – халықтық мәдениеттің рухани бастаулары. Көптеген ғалым-философ зерттеушілердің қай-қайсысы да түркі-қазақ халқының дәстүрлі көшпелі тіршілігінде фольклордың айрықша рөлі болғанын, халық даналығындағы өзіндік ой кешу үрдістерінің ұлттық таным мен әлеуметтік-рухани тағдырына ерекше ықпал еткенін, қуаттылығын терең ұғына келе, іргелі зерттеулер жүргізді. Қазақ бейнелеу өнеріндегі фольклор да бүгінгі күнде өзінің шыңында, мәртебесін жоғалтпаған күйі жалғасын тауып келеді. Бейнелеу өнерінің бастауы болып танылған графикадағы фольклорды тану, оған зерделі көзқараспен қарау арқылы, талай-талай кесек туындылардың дүниеге келуімен байланыстыра аламыз. Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» II тарауының «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» 5 пунктінде: «Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды. Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шекара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз» деп жазылған [2].

Бүгінгі қазақ бейнелеу өнері, оның ішінде графика саласында елеулі еңбектерімен танымал болған суретші-график Ералы Оспанов. Бұрынғы көшпенді қазақ халқының тыныс-тіршілігі, атадан балаға мирас болып қалған ауыз әдебиетінің жауһарлары, жан-жануарлар бейнесіне бай сақ өнері мен көне түркілердің мелшиіп тұрған балбал тастары суретшінің ізденуіне шабыт беріп, өзін-өзін тануда, кәсіби қырларын айқындауына зор ықпалын тигізген. Жалпы фольклордың інжу-маржандарын, яғни, батырлар жыры, ғашықтық дастандар, ертегілер мен аңыз-әңгімелер, айтыс, жоқтау өлеңдеріндегі кейіпкерлердің көркем бейнесін ашу мақсатында, жақынырақ байланыстыру үшін көне қазақ өнеріне

бет бұрып, тарихын зерттеген. Өткен ғасырлардың мұрасына жүгіну эпостық тақырыпта, халық тарихымен жұмыс істейтін кез келген суретші үшін басты міндеттердің бірі болып қалыптасқанын байқау қиын емес.

Суретші өзінің естеліктерінің бірінде оны көшпенділердің ежелгі өмірі, тарихи жорықтар, Сақтардың, Шыңғыс ханның жорықтары туралы жазылған жазбалардың қатты қызықтырғанын айтқан. Бала кезінен туындаған осы қызығушылығы оны қылқалам ұстап, сол естеліктерді жанды бейнеге айналдыруға себепші болды. Өзі сусындап өскен қазақ әдебиетінің, оның ішінде ауыз әдебиетінің кейіпкерлері суретшінің шығармашылық қоржынын қоспағанда болмайды.

Ералы Оспанов ауыз әдебиетінің бай мұрасын, жырлары мен дастандарын қағаз бетіне «Дала хандықтары», «Дала әуендері», «Дала жырлары», «Түркінің күні тұтылған», «Қазақ халқының мифтік кейіпкерлері», «Қазақ батырлары», «Қазақтың сал-серілері», «Шын ғашық», «Көкпар», «Қорқыт ата» топтамаларында өте жоғарғы деңгейде көрсете алды.

Мысалы, «Дала әуендері» топтамасында қазақтардың күнделікті күйбің тіршілігін сипаттайтын жұмыстар ұсынылған. Сол күйбің тіршілігін жасау арқылы олар өздерінің дәстүрді нық ұстайтын, салтқа берік халық болғандығын аңғара аламыз. Топтамада орын алған әрбір өнер туындысы шағын әңгіме іспетті, мағынасы жағынан бір-бірімен тығыз көркем байланыс тапқан суреттерге қарай отырып, көркем фильм көргендей әсерде қаласыз.

«Атасының баласы» (*сурет № 1*) жұмысы. Қазақ отбасына тұңғыш немере дүниеге келгенде «атасының баласы» деген, оның себебі тұңғыш бала әрбір отбасының ұрпағын жалғастырушы, ата-әжесінің «занды» баласы. Бір қызығы, ата баласының құқығы әкесімен тепе-тең дәрежеде. Бұл дәстүрдің негізгі идеясы ұл баланы жастайынан үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарауға үйрету, тәрбие беру, болып табылады. Атасы мен әжесінен тәрбие алған балаақылды да инабатты болмақ.

Суретші бұл туындысын дөңгелек форманың ішінде бейнелеген. Алдыңғы фонда атасы мен немересі, атасының кең құшағында қолына қамшы ұстаған бала бейнеленген. Қолына қамшыны ұстатуы да бекер емес, қазақ қамшысының артқарар ролі зор. Баланың қолындағы қамшысы ел тізгінін ұстайтын азамат болсын, осы үйдің болашақ қожайыны, ұрпағын жалғастырушы деген ұғымды береді. Қазақтың салт-дәстүрінде қамшыны ұстау мен қолданудың өзіндік ережелері, тәртібі бар және оның тәрбиелік мәні де жоғары. Негізі оң қолға екі бүктеп ұстау керек. Қамшы өрімін салбыратып ұстау – әдепсіздіктің белгісі болып саналған. Бұл туынды да суретші сол ережені қатаң сақтаған.

Ақсақалдың ою-өрнектермен көмкерілген шапаны мен басындағы қалпағынан ауылдың сыйлы қариясы екендігін байқау қиынға соқпайды. Атасының мейіріммен қараған көздері баласының болашағын ойлап алаңдау мен немере сүйеу бақытын сезінген күйде отырған әсерін береді.

Артқы фонда отырған баланың ата-анасы, анасының қолында қозы, әкесінің қолында қаршыға құсы бейнеленген. Суретші анасының қолына қозы малын ұстатуы – қазақ халқының тоқшылығын, дархандығын сипаттап тұр, ал әкесінің қолында жыртқыш құс тұқымдасына жататын қаршыға ұстаған. Бұдан біз әкесінің баласына қорған болатынына сенімді көзқарасы мен құсбегілік дәстүрімен айналысатыны көрініп тұр. Құсбегілік қазақ халқына ежелден кең дәріптелген өнер түрі.

«Қайран-ай» (*сурет № 2*) картинасы осы суреттің жалғасы іспеттес. Ағаш атпен шауып жүрген алаңсыз балалар атасының жанында алаңсыз ойнауға болатынына кәміл сенеді, олардың бал-бұл жанған бақытты жүзі осындай ойға жетелеп тұр. Бұл – болашаққа сенім.

Бұл топтамаға «Қайран-ай», «Сырласу», «Көрікыз», «Сығалау», «Талас», «Арман-ай», «Зұлымдық», «Мерген», «Қапыда» жұмыстары да енген.

«Сырласу» (*сурет №3*) картинасына қарап отырып, жеңгесі мен қайынының, жеңгесі мен қайын сіңлісінің арасындағы қыл өтпейтін достықты байқай аламыз. Нағыз алаңсыз, бақытты шақты дәл сипаттай алған ұтымды туындылардың бірегейі десек те болады.

«Ел жақсылары» (*сурет №4*) графикасында бейнеленген ел ақсақалдарының кезекті кеңесі, олардың ел қамын ойлап алаңдауы – елдің жаугершілік заманды талай ғасыр бастан кешкенінмен, мұқалмауы, орнынан қайта тұрып, қай соғысқа да тайсалмай тұра алатындығының көрінісі.

«Ерлер» топтамасы – қазақ халқының ер азаматтары сан ғасырлар бойы елі, жері үшін жанын шүберекке түйіп, қолына найза алып, ел мен ер намысын қорғап, жауға қарсы төтеп берді. Әрине, халық арасынан көптеген ер есімдері танылды. Бұл есімдер біздің жадымызда бүгінгі күнге дейін сақталып келеді, дегенмен, бұл батырлардың көлеңкесінде есімі ел арасына танылмай кеткен батырларымыз да бар. Есімі ауыл арасында ғана қалған сол батырларымыздың суретші қиялынан туындаған образы шы-

найы суреттелген, олар – «Еңіреген ер», «Есіл ер», «Асыл ер», «Ер аманаты» жұмыстары. Бұл топтамаларда батырлардың ерлік әрекеттері ғана емес, майдан даласында қасындағы жауынгерлерден айрылуы, батырдың да қайғыра алар нәзік жүрегі, елі үшін жанқияр айқастарда аман қалу бақыты – суретшінің қиялын ұштап, шеберлігін шыңдаған туындылары. Батырдың тыныш кезде өз баласына садақ тартып үйретуі суреттелген шеңбердің шынайылығы ел болашағына алаңдау мен сенімді қатар көрсете алып тұр.

Ералы Оспанов топтамаға енген суреттерді әдеттегідей үлкен тәрбиелік мағынаға ие, тақырыбы жағынан ауқымды жұмыстарды шеңберге сыйдыра білген. Шеңбердің екі жағында көне түркілер дәуірінде жиі кездесетін тастан қашалған адам бейнесіндегі балбал тастарынан үлгі етіп алынған еркек және әйел ғұрыптастары сомдалған.

Балбал тастар қаза болған батырдың құрметіне, қоштасу ғұрпы ретінде орнатылған. Бұл мелшиіп тұрған тастар қаза тапқан адаммен оның жақындастыратын ескерткіш: «Зерттеулерге қарағанда, Балбалдар қаза болған батырдың өз бейнесін көрсетпейді. Мұндай тас бағаналар қаза болған ардақты батырмен қоштасу рәсімін, оған ас беру салтанатына елдердің таксономиялық орналасу жүйесі бойынша арнайы келіп қатысқан және бір-бірден Балбал тас әкеліп қойған түрлі рулық топтар мен жекелеген адамдардың құрметін көрсететін семантикалық өрісі кең символдар болып табылады» [3].

Суретшінің «Қазақ батырлары» топтамасында аттары аңызға айналып кеткен Алпамыс батыр (*сурет №5*), Ер Тарғын бейнелері де эпостық жырларда суреттелген оқиғаларды қаз-қалпында көз алдына келтіріп тұрғандай. Олардың алып денесі, қолдарындағы қалқаны, иығындағы қолшоқпары, сұсты көзқарасы кез келген жаудың сағын сындыра алады.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің айтуында «Халқымыздың баға жетпес руханияты – эпостық жырлар. Онда халықтың тарихында болған елеулі оқиғалар мен ғасырлар бойы қалыптасқан идеалдары, рухани құндылықтары мен эстетика-этикалық, моральдық ұстанымдары көркем түрде жинақталып, көне танымнан көркемдікке дейінгі дүниетаным, ұстаным түсініктері көрініс табады» [4, 33 б.]. Жасынан эпостық жырлармен сусындап өскен суретші батырдың зор денесін бейнелеу арқылы нағыз батырдың қандай болу керектігін таныта білген. Олардың қиян-кескі ұрыстарын суреттеген картинадағы батырлардың бес қаруының сәйкестігі, байрақты мықты ұстап, атойлата кіріскен, найзазысымен қарсыласқан жауды түйреп салуға дайын қаһарманның алапат күш иесі екенін де тану қиын емес. Батыр десе батыр екен деп, ауыз толтырып айтуға тұрарлық бейнелер. Соғыстың басталғанының хабаршысы болған «Жаушы» да қабағы түнеріп, жаман хабарды естіртіп, елді батырлыққа шақырып тұрған қайсар бейне.

Бұл топтамада алапат соғыстың зардабын ел тартқаны «Талас» картинасында нақты суреттелген. Батыры жорықта жүрген елдің жесіріне таласып, алауыз болғандардың бейнесі тарихтың ащы беттерін бір шолып өтіпті. «Барымта» тақырыбындағы туынды да жерге, малға таластың бір көрінісі. «Ғашықтар» картинасында бейнеленген батырдың өз сүйгенімен қауышуы да әдемі бір көрініспен үйлесімділік тауып тұр. Ғашықтардың қасындағы ерттеулі ат та, батырдың үсітндегі сауыты мен қолына қыстырып алған қамшысы да әлі де екеуінің көңіліндегі алаңдаушылықты байқатады.

Қазақ халқында эпостық жырлармен қатар аңыз әңгімелер кейіпкерлері де мақтана айтар жан-дар. Олардың арасында тапқырлығымен, ханға айтар ақылымен, халыққа тісі батқан шонжарларды алдау арқылы жағып жүрген, аңқаулығы мен адалдығының арқасында өз орнын тапқан кейіпкерлер саны жетіп артылады. Мұндай аңыз кейіпкерлерінің әрекеттерін жасынан тыңдап, құлағына сіңісті болып қалған суретші Ералы Оспанов өз графикасында осы кейіпкерлерге де орын тапқан.

Қазақ графикасында ұлттық нақышты молынан қолданып, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін айғақтайтын көркем туындыларды ұсыну арқылы қазақ фольклорын шетелдерге жеке көрмесін өткізіп, насихаттап жүрген суретшінің мақсаты орындалғандай. Оның ішінде, Қытайдағы қазақ фольклорының бейнесі әлем фольклорының деңгейінде қарастырылуда. Бұған мысал ретінде «Арнайы басылымға кіріспе: Қытай мен ішкі Азияның эпосы» тақырыбындағы Найлз Д.Джонның еңбегіндегі мына пікірін толық негізге аламыз: «Kazakh folklore and motifs are rich and diverse. It includes almost all kinds of motifs: myths, tales, legends, stories, songs, riddles, proverbs, etc. Among them epic takes special place. It has several internal genre varieties and forms. They are archaic epic, classic heroic epic, romantic (love) epic, historical epic and dastan epic with its varieties (heroic, love, adventure, religious, social-everyday life, tale)» [5; 253-269] дейді ол өз зерттеуінде. Бұл пікірді қазақшаға аударар болсақ: «Қазақ фольклорының мотивтері бай келеді, мұнда мифтер, ертегілер, аңыз әңгімелер, жұмбақтар, әндер мен мақалдар және т.б. жанр түрлері кеңінен қамтылған. Әсіресе, мұнда эпостың орны ерекше екенін айту керек. Эпостың ішкі жанрлық түрлері мен формалары да сан алуан архаикалық (көне)

эпос, классикалық – қаһармандық эпос, романдық(ғашықтық) эпосы, тарихи эпос және оның түрлері (ерлік, махаббат, шытырман, діни, әлеуметтік-тұрмыстық өмір мен ертегілер) эпосы болып бөлінеді» деп жазған (Ауд. К.А.).

Қобызын аңырата тартып, көріпкелдігімен, даналығымен есте қалған Қорқыт бабаның суретші салған бейнесі өз аңызына қоса баурап әкетеді. Қобыздың үніне еліткен адамзат баласымен қатар, ұшқан құс, жүгірген аң да дала әуенінің құдіретінен өзіне таныс үн естігісі келгендей. Өлім мен өмірдің арпалысы, күштінің әлсізге әлімжеттігі, аспандағы қара бұлттың да өз әлінше мықтылығын көрсетуінің арқасында аспандағы ай қараңғылығын орнатуы – бәрі осы бейнелеуде орнықты, әсем көрініс тауыпты. Қобызын сарнатқан Қорқыт, әуелеген үн бір үрей туғызардай алаңдаушылықты аңғартады.

Есімін еске алғанда еріксіз езу тартқызар Алдар Көсе де суретші қылқаламының арқасында өз бейнесін тапқан. Шық бермес Шығайбайды алдап, Бізбикесін қолға түсіріп, өзіне жар еткен Алдар Көсенің есебі түгел. Суреттелген кейіпкерлердің киім кию үлгісіне қараңыз: қазақи шапан мен бөрік, кимешек пен бүрмелі көйлек, тіпті, Алдардың үстіндегі жамау шапан да өз келістілігімен көркемделіп тұр. Мұнда ешқандай майлы бояу, түрлі түс те қажет емес!

Картинада осы көрініс ұтымды орын алған. Алдар Көседен өз әрекеттерін қанша жасырғысы келсе де, олардың ішкі есебі бәрібір алдағанын суретші тартымды «сыза» білген. Міне, қылқалам мен графиканың құдіреті! Фольклорға жан бітіре білген суретшінің құдіреті! Суретші шеберлігін суретші көрмесі өткен Садовыйдағы антикварлық орталықтың директоры Карина Король Ералы Оспановтың жұмыстарында кәсібилік пен шеберлік байқалатынын мойындады: «Мен, өкінішке орай, осы ұлы қазақстандық суретшінің шығармашылығын алғаш рет көрдім. Мұнда мен керемет өнер туындысын байқадым. Оспанов – үлкен кәсіби маман, жақсы ұстаздан білім алғанын көрсете білді. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тандап қана қоймай мұның барлығын зерттеп сақтап, дамытып, көрермендерге ұсынғаныңыз қуантады», – деп өз әсерлерімен бөлісті Король [6]. Ертедегі өмір мен қазіргі заман арасында сабақтастықты жалғастыруға дәнекер болып жүрген осындай суретшілеріміздің қай туындысын алсақ та, ұлттық мақтаныш сезімді оятар, көпке үлгі болар құндылық екендігін басқа елге танытпас бұрын, өзіміз мойындауымыз керек сияқты. Өйткені, болашаққа апарар неміз бар дегенде, бірінші, әрине, мәдени-рухани байлықты түгендеріміз сөзсіз.

ORDA INVEST корпорациясының қолдауымен белгілі қазақстандық суретші Ералы Оспанұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты альбомы 2015 жылы жарыққа шыққан. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабы – Ералы Оспанұлының екінші кеңейтілген басылымы. Автор өз еңбектерінде ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін біліп қана қоймай, оларды қағаз бетінде көруге мүмкіндік береді. Ералы Оспанов бір сөзінде: «Мен бастапқыда біздің әдет-ғұрпымыз тек бізге, қазақстандықтарға ғана емес, сондай-ақ олар туралы бүкіл әлемде білуі керек деген мақсат қойдым. Кітапқа ата-бабаларымыздың балалық шағымен, үйленуімен және күнделікті өмірімен байланысты салт-дәстүрлерін жинадым» деп түсіндірген [7].

Сөз соңында, фольклорға жаңа рең беріп, халық шығармашылығының жырмен, әнмен, ел мен жердің рухымен тығыз байланысты екендігін көрсетіп жүрген Ералы Оспанов сынды суретшілердің туындыларын алыс-жақын шетелге, тіпті өзімізге де ұлттық құндылықтың көрінісі ретінде, кәдесый ретінде ұсына алсақ деген ой туындап отыр. Ұлттық бренд дегенді алыстан іздемей-ақ, осындай туындылардан таба білсек, рухани құндылығымыздың жаңаруы мен жаңғыруы болмай ма?!



1-сурет. Ералы Оспанов. Атасының баласы.



2-сурет. Ералы Оспанов. Қайран-ай.



3-сурет. Ералы Оспанов. Сырласу.



4-сурет. Ералы Оспанов. Ел жақсылары.



5-сурет. Ералы Оспанов. Алпамыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Академик Сейіт Қасқабасов және қазақ фольклористикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2015. – 384 б.
2. Н. Назарбаев. Ұлы Даланың жеті қыры. <https://khabar.kz/kz/zekti/item/108727-elbasy-ma-alasy>
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, II том.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959. – 364 б.
5. Niles, John D. «Introduction to the Special issue: living epics of China and inner Asia» Journal of American Folklore 129.513 (2016) P. 253-269.
6. Необычайная книга презентована в Астане <https://krisha.kz/content/articles/2015/neobychaynaya-kniga-prezentovana-v-astane>
7. Выставка картин казахстанского художника проходит в Москве https://bnews.kz/ru/news/vistavka_kartin_kazahstanskogo_hudozhnika_prohodit_v_moskve

Krasnopol'skaya Y.V.

2st year MA student

6M040600 – Directing

T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts

Almaty, Kazakhstan

Nogerbek B.B.

Phd in Art studies

Associate professor

